

Форма № 10

КОНТРОЛЬНЫЙ ЛИСТОК
СРОКОВ ВОЗВРАТА

	Книга должна быть возвращена не позднее указанного здесь срока
Количество предыдущих выдач	

6.04-232 (1)
8.04-233 (1)
8.10.11 489 (9)
06.12.17 - 3552 (8)

М.СЕРГАЛИЕВ

Фабит
МУСРЕПОВ
*жане
мілоденешті*

Зерттеу

“КҮЛТЕРІН”
АСТАНА 2003

*Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің
бағдарламасымен шыгарылды.*

Серғалиев Мырзатай

С 37 **Рабит Мұсрепов және тіл мәдениеті.** Зерттеу. –
Астана: 2003. – 112 бет.
ISBN 9965-9204-8-6

37463

Кітап үш бөлімнен тұрады.

Біріншісінде академик – жазушы F. Mұсреповтің ана тіліміздің мәдениетіне қатысты әр кезде айтылған ойлары талданады.


Зерттеушінің F. Mұсрепов шыгармаларының ерекшеліктеріне көзқарасы екінші бөлімді құрайды.

Үшінші бөлімде кітап авторы тың мәселені сөз етеді. Дәлірек айтқанда, F. Mұсреповтің шешендік өнерін зерттеу ісіне бастама жасалып отыр.

Монография Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің жанашыларына арналады. Бұл еңбекті орта, жоғары оқу орындарында дәріс беру процесінде пайдалануга болады.

С 4602000000
00(05) – 03 06-03

ББК 81. 2 Каз



АЛФЫ СӨЗ

Қазақ, көңес әдебиетінің көрнекті оқілі F.Мұсрепов сөз қолдану даралығы жағынан кімге де болса жақсы таныс, таныс қана емес, былайры қалың қауымды, оқырмандарды айтпағанда, әдебиет жапкүйерлері мен қолына қalam үстап, көркем туынды жазушыларға да ондаған жылдар бойы үлкен онеге болып келді. F.Мұсреповтің көркемдік мектебінен отпеген кейшігі буын өкілдері кемде-кем. Оның прозасынан, драмалық, шығармаларынан үзінді оқыған артистер немесе көркем өнерпаздар жазушының сұлу сөздеріне, адам міnezі мен қылығын дәл бейнелсітін сөз орамдарына өздеріде сүйсіп, өзгелерді де тандаңдырып отырады. Демек, соз қадірін жете түсінетін майталманиң романдары мен повестерінде, әңгімелері пен публицистикасында келер үрпақты риза етіп, қоңылдерінен шығар жайлар аз емес. Солай болғандықтан жазушының шагын прозасы мен сатиralық шығармаларындағы, баяндамалары мен мақалаларындағы сөз саптау ерекшелігін арнайы сөз етудің қажеттігі өзінен-өзі түсінікті. Бұл салада А.Жұмагұлованың, А.Исмагұлованың ізденістері бар. Солай бола тұра, бұл бағыттағы зерттеулер әліде болса жүйеленіп, толықтырыла түсері анық. Жазушы қаламынан туған қайталаамалар, кейіпкер тілі, сатиralық тіл т.б. туралы әр жылдары жазылған мақалалар бұл кітаптың негізін құрайды.

Екінші жағынан, F.Мұсреповтің мыңдаған оқырмандарға остетикалық, тәрбие беруді міндет тұтқаң көркем шығарма жазумен шектелмегені рас. Мұнымен қатар, әйгілі соз шебері жазушылық, өнердің қыр-сырларына, сөзді орнымен пайдалана білуге, тілдің рухани қуатына, әсіресе, тіл мәдениетіне тікелей қатысты жайларды үлкенді-кішілі бас қосуларда, мерзімді және әдеби баспасоз беттерінде жи қозғап жүрді. Ол ойлар да көшпілікті слең еткізіп отырды. Кітаптың екінші бөлімі осы мәселеге ариналады. F.Мұсреповтің қазақ, тілшің қоғамдагы орны, оның тазалығы, басқа тілдермен қарым-қатынасы жайындағы ұсыныстары мен тұжырымдары әркімді қызықтыратын сөзсіз.

Тұған әдебиетіміздің зор тұлғалары М.Әүезовтің, С.Мұқановтың, F.Мұстафиннің т.б. жазушылардың соз қолдануындағы жалпы үқсастықтары мен өзіндік өзгешеліктерін дәл танып, дәлелдеп айтатын сырлары копшілікке салмақты ой саларына дау болмаса керек.

«Ана тілін тек өгей ұлдар гана менсінбейді, өгей ұлдары гана аяққа басады» дейтін қатаң сыны мен талабы бар үлкен философиялық ұғымды көпшіліктің алдына ұсынып, оны айнымас басшылыққа алып жүретін Рабециң тіл туралы толғаныстары көп ретте ойдан шығып отырады. Алайда, жазушы және публицист F.Мұсреповтің ұсыныстарының барлығы ешбір өзгеріссіз қабылдануға тиіс деген ұғым тумасқа керек. Кей тұстарда жазушының болжамдары күдік тудыратын немесе қарсы пікір айтқызатындаі ойлар болып келеді. Айталақ, О.Бокеев шыгармаларындағы қазақ әдеби тіліне жатпайтын сөздердің көркем шыгарма тіліне кірістірлемеүін қалайды. Әлемдік көркем әдебиет тілінің тарихына сүйенсек, бейнелепетін ортага байланысты, сол ортада тіршілік ететін адамдардың сөйлеу дағдысына байланысты алғашында тосындау корінетін тіл ерекшеліктерінің көркем шыгармада қолданылуының әлдебір өрескедлігі байқалмаса керек. Сол сияқты, F.Мұсрепов *солтустік* деудің орнына *солтустық* деп, *оңтустік* деудің орныца *оңтустық* деп айтып-жазуды ұсынады. Бұл кейбір галымдардың *жиырмасынышы* дегенді *жиырманшы*, *маган*, *саған*, *оган* тұлғалы сөздерді *менге*, *сепге*, *олга* деп өзгертуді қалаган болжамдарын еске салады. Шындыққа жүгінsek, сөздердің тарихи жағынан қалыптасқаны, бүкіл халықтық тілде әдетке айналғаны әдеби тіл нормасы деп есептеледі. Соңдықтан *солтустік*, *оңтустік*, *маган*, *саған*, *оган* сөздерінің осы тұлғада тұрақты қолданыста жүргеніп мойындауымыз керек.

Бұл аталғандар - F.Мұсрепов ой-түйішдеріндегі бірер жайлар гана. Әділдікке келсек, қазақ әдеби тілінің дамып, аяғынан тік тұрып, баюына F.Мұсрепов сияқты ұлы жазушының жан-жақты еңбегінің барынша салмақты және салихалы әсер еткеніне оның ой-пікірлерін оқыған адамның қай-қайсысының да козі анық, жетеді.

Қазіргі қазақ зиялдық қауымының зерттеулерінде шешендей өнер мәселесі кенже қалып келе жатыр. F. Мұсреповтің соз қолдану тұргысынан бұған да көңіл бөлінді.

М.Серғалиев,
академик

F. МҰСРЕПОВ ТІЛ ТУРАЛЫ

I

Аса көрнекті қазақ, кеңес жазушысы Фабит Мұсреповтің сөз саптау өнегесі жастар түгіл, тәселіп қалды деген қalamгерлерге үлгі болуда. Соңдықтан әйгілі сөз зергерінің ана тіліне, оның әр ауан бояуына ерекше назар салып, үңіле білуі кездейсоқ, жай емес. Демек, өз шығармашылығының өн бойында әр сөзге жете мән беріп, өң беріп, орнымен жұмсаудың үлгісін көрсетіп жүрген оның басқаларға айтары мол.

Тілге қатысты еңбектерінде F. Мұсрепов - ана тіліміздің тазалығы, сымбаттылығы, мәдениетінің жоғары болуы жолында күрескен үлкен жанашыр жазушы.

Көркем шығарманың бітім-болмысын айтып, таза сын-теориялық жайларды негізгі арқау етіп сөйлесе де, көпке кеңінен танымал, әр кезде жазылған туындыларға қатысты немесе жас автордың жаңа дүниесіне байланысты пікір қосса да, жазушы тіл мәдениетіне соқпай отырмайды. Ал жалпы әдеби тіл мен көркем әдебиет тіліне, терминология мәселесіне орай жазған еңбектерінің жөні бір басқа. Осының бәрінде де қalamгер ілгеріде аталған принциптерінен ауытқып көрген емес. «Сөз сөзге жарығын да түсіріп тұрады. Біріне-бірі жарығын түсіріп тұратын сөздерден құралған сөйлем айтайын деген ойынды оқушыға дәл жеткізеді.

...Біріне-бірі көлеңкесін түсіріп тұратын сөздер өз мағынасын дәл баспай, екі оқтты болып ауытқып шығады» [1, 441] дейтін, бүгінде афоризмге айналған сөздер F. Мұсрепов қalamынан туған. Сол сияқты, «Жазба сөз

бір өңкей әскер легі де емес, қой-сиыры аралас шұбаган көште те емес, теңіз толқыны да емес, жайнап тұрган бақша да емес, өмірге түгел ортақ ой-сезімді дәлірек те толығырақ, бере алатын тіл байлығы» [2, 441] деп, тары да әсерлі ой тастайды да, оған қойылар талапты айқын білдіреді: «Бұл байлықты қалай болса солай пайдалану - болашақ үшін үлкен қиянат» [3, 441]. Олай болса, сез қадірін жете билетін жазушы аса жауапты міндет жүктеп отыр. өзінің де, өзгелердің де сез қолдану мүмкіндіктерін ақыл таразысына салғанда, ондағы сәтті тұстар мен жарамсыз жайларды осы тұрғыдан бағалайды. Ең бастысы - әділдік деген өлшемді берік ұстанады. Оның көрінісі әсіресе кемшиліктерді сез еткенде, шығарманың құнды жағын атап көрсетумен бірге, көніліне қонбаған жайларды, жетпей жатқан жағдаяттарды батыл да ашық атауынан аңғарылады. Мәселен, Мұхтар Әуезов сияқты ұлы жазушының «Абай жолында» «қазақ тілінің өнделуіне, әр сез өзінің дәл мағынасын тап басу жағына, сонымен бірге көркем айттылуына өте үлкен еңбек сініргенін», «басынан аяғына дейін бір мұдірмейтін әрі ойлы, әрі көркем тілінің құйылып отыратынын», автордың қазақ тілін байыту мақсатында тек қана қазақ сөйлемінің ізімен кete бермейтінін, сөйтіп, көп ізденгенін, жаңалықтың молдығын F.Мұсрепов барынша қисынды сез етеді. «Кейбір ойларын орысша сөйлем құру жолымен де жазғанын» баса көрсетеді де, мұның әбден дұрыс екендігін" «ешбір тіл өз шеңберінде ғана өсе алмайды; екінші, тілдің өсуі ойдың өсуімен байланысты» деп дәлелдейді [4, 171].

Ұлы эпопеядары осындай табысқа зор қуанышын жасырмайтын F.Мұсрепов құдікті жайларды қаға беріс қалдырмайды. Айталақ, «Аласа, тақыр, бірақ тығыз бетегемен жайнаған», «Қызыл, сары, көкшіл түстермен құлпырып жайнайды», «Осы сез бүгін де Қодарды ызамен қайнатты», «өзге отырғандардың барлығы сездің салмағы мен түйінін өз арқаларынан сезгендей боп...»,

«Осының бәрі өз ортасын бойымен басып жыға беруге себеп болатын» тәрізді сөйлемдердің М. Әуезов стилінде кездесуіне қынжылғандай болады. Оның себебін «орысша ойлап, қазақша жазғандақтан туған аударма тілдің әсері» дей келіп: «Осы ойларлы қазақша сөйлем құрылышымен айтудың түк қындығы жоқ» [5, 171-172] деп көрсетеді. Белгілі сөз шеберінің аңғарғыштығы мен байқағыштығы, мысалдың дәлдігі күмән тудырмайды. Ендеше, мұндай ескертпе ақ, ниеттен, ұлы шығарманың бұдан да беделді, мінсіз болуын қалаудан туып отырғаны айғақ. Сондықтан да F. Мұсрепов: «Осылары болмаса, Мұхтардың тілі, тілінің көркемдігі, мағыналылығы туралы: «Цицеронға еш нәрсе қосуға болмайды, Демосфеннен еш нәрсені алып тастауға болмайды» дейтін Европага түгел белгілі мәтеді айтар едім» [6, 172] деп жазады. Шындығында, таза тілдік түргыдан келгенде, алғашында тосындау көрінетін құбылыстар М. Әуезовтің синтаксисінде көзге түседі. Тегінде, мұндай әр түрлілікке ұлы жазушының саналы түрде барғаны да түсінікті.

Сондай-ақ Сәбит Мұқановтың «Сырдария» романының әлеуметтік-саяси идеяға құрылғанын, жүгінің салмақты екенін айта отырып: «Романның тілінде де сырдаңдық бар. «Өйтті!», «бүйтті» деген құрғақ, баяндаулар көп те, тартымды, бедерлі картиналар аз» [7, 337] дегенді барынша батыл айтады.

Құнды шығармалардың қатарына әділ қосқан «Шығанақ» романынан мынадай диалог келтіреді:

«Жанбота таранып, қаранып тұрып-тұрып, суга қойып кетті. Амантай атып түсіп, бар киімін сыптырып алды.

- Өй, әдепсіз! - деді Жанбота көре салып.
- Сен әдепсіз! - деп, Амантай киімді басып алды.
- Мен неге әдепсізбін?
- Е, менің көзімше неге жалаңаштанасың?
- Қашан сенің көзіңше? Жаңа келдің гой жалақтап.
- Жоқ, мен манадан бері қөріп жатқанмын.

- Көзің тойса, киімді бер.
- Қөнілім әлі тойған жоқ. Шық бері!
- Сен көрген етімді шабақ жесе болмай ма?
- Ендеше, отыр солай, - деді де, Амантай киімді қолтықтап жүре берді.

- Тоқта, тоқта! - деді Жанбота шыдай алмай.

Амантай қайта оралды:

- Не айтасың?
- Сен қазақтың ескі салтын істедің. Лайық па осы бойыңа?
- Өзгесін білмеймін, қазақтың осынысы ұнайды маған.
- Мәдениеттен безіп пе ең?
- Малталап езер уақытым жоқ...
- Махаббат - нәзік нәрсе, домбайыңа көне бере ме?
- Жоқ, махаббат-берік нәрсе. Балталасаң да, сынбайды. Кейбіреулер өндемін деп мойнын қылдай, сирағын шидей қылады да, сынып кетсе, ойбай сап отыра қалады. Менің махаббатым дөрекілеу болар, бірақ сынуга жоқ. Өмірге жетеді.

- Эй, тентек, рас па осы сезің! - деді Жанбота" [8, 335-336].

Осындаған жайларды кейбіреулер таза әдеби мәселенің аясында қарастыруы мүмкін. Шындығында, қыз бер жігіттің арасындағы көзге түртіп түрган дөрекілік олардың тіл қатысынан танылады. Бір қисынсыздығы - бұл кейіпкерлер жағымсыз пландағы адамдар болса, оның жөні бір басқа. Олай болса, жастарға үлгі етер жағымдылар санатындағы кейіпкерлер екенін де ұмытпауымыз керек. Солай болғандықтан да F.Мұсреповтің сөздері ауырлау сезілгенімен, орынды ыза екенін үгінасыз: «Ғабиденнің «мойны қылдай, аяры шидей» махаббатқа қарсы қояр жуан мойын махаббаты жазушының сүйкімді образ жасау ниетімен алған жастарын сана-сезім жағынан дөкір етіп, анайылыққа қарай бұрып әкеткен. Суға түскен қыздың киімін ала қашу да, одан кейінгі «лирикалық» диалог та қоны қуаттайды. Бұл біздің адам өмірін балтамен жасау дәүрінен шықсақ та, оны менгерге алмағанымызды

көрсетеді» [9, 336]. Сөйтіп, кейіпкердің іс-әрекетінен, ой-толғамынан ғана емес, оның сөзді қалай қолдана білетіндігінен де бейнесі айқындала түседі. Былайша айтқанда, сырт келбеті, жүріс-тұрысы тартымды болғанына қарамастан, әлдебір оғаш немесе орынсыз сөздің кірістірлуі сол бейненің жағымсыз көрінуіне себепші болатын жағдайлары да кездеседі. F. Мұсреповтің атап көрсеткенідей, мұның өзі сол шығарма авторының ойдағыдай шыға бермейтіні де бар. Міне, түгелдей алғанда, берері мол романның қақаулығына назар аударғанда, F. Мұсреповтің осы мәселені алға тартып отырғаны сөзсіз.

Тағы бір арнайы еске салатын жай сол - біздің келтіріп отырған мысалдарымызға қарағанда, үлкен суреткердің өз әріптестерінің туындыларынан тек көлеңкесі көп тұстарды тере берген екен деген жаңылыс үғым тумаса керек. Сөз таңдаудағы табыстардың тасасында болса да, қайсыбір кемшіліктердің болмауын ниет еткендіктің белгісі деп үғынған жөн. Екінші жағынан, аталған аға жазушылардың аттарына айтылып жатқан ескертпелердің одан кейінгі толқындағы қalamгерлерге де әсері мол екенін дәлелдеп жату да артық болар еді. Сөйтіп, мұндағы ойлардың арнайы мақсаттан, ізгі ниеттен туып жатқандығын байқамасқа болмайды. Екінші сөзбен айтқанда, кемшіліктерді сынай отырып, тәжірбиелі сөз шебері жақсылықты үлгі тұтатыны білініп тұрады.

Прозалық шығармалардағы үлкенде- кішілі қақауларға кешірім жасамайтын F. Мұсрепов поэзиялық туындылардағы кем-кетіктерді дәл басып, орнымен аңғарады. Демек, прозаның аса көрнекті шебері өлеңдер мен поэмалардағы жетіспей жатқан жайларды сөз еткенде, кең тынысты әдебиетші екенін айқын танытады. Бұл тұста сөз болып отырған жазушының сыншылық дарыны мен ақындық сезімі қатар, жарыса көзге түсіп отыратын жайы бар. Соның өзінде осындағы екі үлкен қасиеттің қайсысын ілгері, қайсысын кейін қоюдың өзі қызынға соғады.

Қасым Аманжоловтың «Абдолла» поэмасынан мынадай үзінді келтіре отырып:

Зілзала боп жер мен аспан,
Соқты үйтқытып оқ бораны.
Қан, күл, боран, қара тастар
Тұткіледі кең даланы,
Жайды толқын орман шашын -
Жұлды талдап снарядтар.
Мәңгі жарын - көл жағасын
Тастап суға, сұңғіді жар!

"Бір ғана қысқа суреттеумен, соны теңеулермен соңша дәл, соңша әдемі берілген. Алыста отырып соғыстың өзін көргендей боласың" [10, 255] деп сүйсіне атап көрсетті. Сөз жоқ, сыншыны ақын сөздерінің айқындығы, әр сөзге жан бітіре, әсерлі қолданғаны, үйқастардың барынша шымыр, жатық келгені қуантып отыр. Дәлірек айтсақ, «сөздің сөзге жарығын түсіріп тұрғанының» мысалы әдебиет сүйер қауымның жиі аузына алар осы поэмада әсіресе айқын сезіледі: нәрлі көрініс бар, динамизм бар. Осының бәрін алғашқылардың бірі болып Ф.Мұсрепов жіті байқап, дәлеңдеді. Бұл аз десеңіз, "біздің әдебиетте әлі айтылмаған сөздер" [11, 255] ретінде Абдолланың монологын ерекше атайды:

"Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың.
Күллі әлемнің ашу-кегі,

Орна менің кеудеме кеп!
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да, жарыл, жүрек!

Шындығында да, қас дүшпанмен туған жердің қарыс жері үшін ашық, айқасқа түскен патриот азаматтың бейнесі осындай болса керек-ті. Қасымның сомдаған бұл бейнесі ауыз әдебиетіндегі батырлардың тұлғаларынан мүлдем өзгеше: жаңа заман, жаңа жағдай туғызған, жаңаша ситуацияға сай өмір сүріп, жер басып жүрген жігіттің қызын сәтте, сыналар шақта өзгелерді де ерлікке шақырған жарқын кейпін көреміз. Тегінде, дәуірге

сәйкес қаһарман болады да, сол қаһарманды бейнелеуге орайы келіп тұратын сөз саптау ерекшелігі болады деген осындаидан шығады.

"Ақын Қасым ақын жанының бар толғануын, кек күшін, сезім тереңдігін түгел бере алған" [12, 257] деп өте жоғары бағалаған шығарма туралы ""Поэманның құрылышында "адам өмірі соғыс құралын істеуге жұмсалып қор болды-ау" деген жерлерінде кемшіліктер жоқ, емес. Ол кемшілік тілінде де бар" [13, 257] деуі бұл туындыны талдаپ отырған адамның пікіріндегі әсте де қайшылық, емес. Тіпті сол кемшіліктеге қатысты: "Бірақ, мұның бәрі оңай кеширілетін, себепті солғындықтар" [14, 257] дегенде де, қайшылыққа үры - нып отырған жоқ. Ол - үлкен ақынның шығармасына талғампаз талап тұргысынан баға беру болып табылады.

Әбу Сәрсенбаевтың "Ақша бұлт" өлеңін де F.Мұсрепов таңдаулы шығармалардың қатарына қосады: "Бұл да елін сүйер адамның жан сөзі. Елін, жерін сағынған ақынның әрі ойлы, әрі кестелі толғауы. Бұрынғы поэзиямызда айтылмаған сөз, берілмеген теңеулер. "Ақша бұлт, Алатауда жарадың ба, кесте тігіп отырған қазақ, қызының жибегімісің жел ұшырып әкелген?" деген әрі жаңа, әрі мағыналы, әрі сағыныш күшін көрсетеді. Соғысқа түк қатынасы жоқ, болса да, дәл соғыс үнін береді. Бұл - өскен ақын айта алар сөз" [15, 258].

"Майданнан соққан жаңа леп" деген мақаласының атынан көрініп тұрганыңдай, автордың басты мақсаты - от-жалында жүрген ақындардың алғашқы шығармаларымен көпшілікті таныстыруды нысана ету болғанымен, сол таланттардың өлең, поэмаларындағы жаңалықты, сөз қолданудағы ерекшеліктерді баса көрсету назардан тыс қалмаған, тың теңеулер мен жаңа сөздерге барынша көніл аударғаны көрініп тұр. Демек, майданнан жазылған алғашқы жырлардың тақырып жағынан да, сөзді екшеп жұмсай білу жағынан да әдебиетіміздегі соны құбылыс болғандығын өзгелерден бұрын және әділ бағалап отыр.

Әсіресе, поэзияға қатысты пікірлерінде F. Мұсрепов тек қана сын айтумен шектелмейді. Ілгерідегі Қасым мен Әбу поэзиясындағы жетістіктерді айқын көре білгендігі сияқты, басқа жағдайларда үлгілі құбылысты сол үлгі ретінде дәлелдейді. Талғампаз әрі зерделі қаламгер классиктердің туындылары туралы қалам тербекенде, көбіне - көп шешіле түседі. Жазушының өте дәл атап көрсеткеніндей, жаңа мазмұн, жаңа түр жасау жолында "Абай жалғыз еді. Оның замандағы ақындары Абайға ат тізесін қоса алған жоқ. Орыстың реалистік поэзиясын Пушкин бастап, Лермонтов одан әрі тереңдетіп әкетсе, қазақ әдебиетінде Абайға әрі Пушкин, әрі Лермонтов болуға тура келді" [16, 204]. Одан әрі пікірін нақтылай түседі. "Абайда еліктеу жоқ, үндестік барын даусызы дәлелдейтін көп өлеңдер бар. Абайдың "Жазы", "Қысы", Пушкин, Некрасовта кездесетін "Жаз" бен "Қыстарға" үндес. Бірақ ол үндестік сезіну жағынан реалист ақындардың өз ойын өзінше дәл суреттей алуында. Одан әрі десек, біріне жала жапқан боламыз" [17, 205]. Мысал ретінде А.С. Пушкиннің "Ақыны" мен Абайдың "Ақынын" салыстырады:

"Пока не требует поэта
К священной жертве Аполлон,
В заботах суэтного мира,
Он малодушно погружен..
Но лишь божественный глагол
До слуха чуткого коснется
Душа поэта встрепенется
Как пробудившийся орел.."

Ұлы орыс ақыны мен ұлы қазақ ақынының үндестігі осындағы бір тақырыпқа жазылған өлеңдерінен айқын бой көрсетіп отырады. А.С. Пушкиннің әлгі аталған өлеңі мен Абайдың сол аттас өлеңінде бұл қасиет әсіресе айқын байқалады:

«Адамның кейбір кездері
Көнілде алаң басылса,
Тәнірінің берген өнері
Көк бұлттан ашылса,
Сылдыраар өңкей келісім
Тас бұлақтың сүйндай,
Кірлеген жүрек өз ішін,
Тұра алмас өсте жуынбай...»

«Мұндай екі ұлы ақынның бірінен-біріне аудықан бір аузың сөз жок, бірақ бірдей сөз бар» [18, 206] деуінің мәнісі көнілде жатқан әр алуан толғаныстарды нағыз поэзия тілімен жеріне жеткізе бергендеріне ризалық, сезімде жатса керек.

«Көп соққы көрген, адап ойын өз тұсына ұғындыра алмаған Абай Лермонтовпен өте қоян-қолтық келеді» [19, 206] дейді одан әрі жазушы. Абайдың «Жүргегім менің қырық жамау», «Серіз аяқ», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Қалың елім, қазағым, қайран жүртыйм», «Шім өлген, сыртым сау», «Көнілім қайтты» тәрізді өлеңдерінің М.Ю.Лермонтовтың «Қанжар», «Жартас», «Дүға», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жағрыз» өлеңдерінің әсерімен жазылғаны дау туғызбаса керек. Ондай ықпалдың дәлелі ретінде Абайдың осы өлеңдерді түгелге дерлік қазақ тіліне аударғанын айтса да болар. Сірә, қай қаламгер болса да өз жүргегінің лүпіліне жақын түрган шығармаларды басқа тілден өз ана тіліне аударатыны белгілі. Мұндай әсерден туатын үндестікті ұлы ақындардың замана ружын қатесіз таныған қуатты философиясынаң, екінші жағынан, әрі зілді, әрі нәзік лирикасынан ғана емес, сол сезімді ешбір күдіксіз жеткізіп түрган сөз құдіретін де пайдалана білгендіктерінен іздестірген жөн. Алғашқылары өз дәуірінде түсінікті болған (тіпті қазіргі заманың да оқырмандарына барынша ұғынықты болып түрган) XIX ғасырдағы орыс сезінің бар күш-қуатын сездірсе, Абай өлеңдері қазақ тіліндегі інжумаржандарды теру арқылы ұлттық бейнені тамаша жа-

саған. Былайша айтқанда, орыс поэзиясы данышпанда-рының рухани өнегесін орынды және аса шебер пайдалана отырып, қазактың ұлы ақыны қазақ сөздерімен, қазақ психологиясын толығынан аша алатын сөздермен үлттық поэзияның ұлгісін алдымызға тартады. F. Мұсреповтің «бірінен-біріне ауысқан бір сөз жок, бірақ бірдей сөз бар» деуі осыны аңғартады. Мұның аты - тілтен де еліктеу емес, мұның аты - озық ойлы ақындардан саналы түрде үйренудің нәтижесінде өз халқының поэзиясында батыл жаңалыққа бару деген сөз. Бұл күнде баршамызға түгелдей белгілі болса да, ұлы ақынның халықтық маңызын жете түсінген F.Мұсреповтің қырқыншы жылдардың басында түйіп айтқан сөзі қашанда мәнін еш жоймаса керек: «Абайдың ерекше ұлы еңбегі - орыс халқының ұлы мәдениетіне, ұлы ақындарына сүйене отырып, төменгі сатыда тұрган әдебиетін ең жоғарғы сатыда шыққан реалистік әдебиетке косуында, революциялық, ұлы адымында» [20, 207].

Абайдың өлең түрін іздеу жолындағы аса зор еңбегін F. Мұсрепов ете жоғары бағалайды. Оның бәрімізге мектеп қабырғасынан жақсы таныс болып кеткен:

«Бойы бұлрап,
Сөзі жылман,
Кімді көрсем, мен сонан
Бетті бастым,
Қатты састым,
Тұра қаштым жалма-жан...» -

деген жолдарын тілге тиек ете келіп: "Жексүрын адамды суреттеуде түйреп айтылған төрт-ақ, сөзден құралған бастапқы екі жол жетіп жатса, безіп кетуге берілген соңғы үш жолы қандай! Бір сөзін өзгертуге болмайтын, ауыстыруға болмайтын, ойынды әрі көркем, әрі дәл беретін түр осында болу керек» [21, 212] дейді.

Әлбетте, түрді мазмұннан бөліп қарауға болмайтынын ақындар да, ақындарды зерттеушілер де айтып жүр. Бұл принципті F. Мұсрепов те өлең үшін ең бір қажетті нәрсе

деп ұғады және өзгелерге де соны шегелеп айтады: «Абайдың жаңа түрлер табуын сөз қылғанда, бұл жалғыз түр мәселесі емес, мазмұн мен түрдің бірлігі, тутастығы екенін естен шығармауымыз керек. Біздің көп зерттеушілеріміз мұны әлі күнге ескермей келеді. Абай түрді түр үшін емес, айтайын деген ойын дәлірек, өтімді де ұтымды етіп айту үшін іздең, жасаған да тапқан» [22, 211]. «Көңіл қоя қарасақ,- деп жазады F. Мұсрепов,- Абай поэзиясының күшті жағы мазмұнына сай түр іздең шығармаларында. Абайдың:

«Ақыр заман жастары, Қосылмас ешбір бастары...»
болмаса:

«Сыналар, ей, жігіттер, келді кезін...» -

деп басталатын өлеңдері, басқа біреу жазса, түкке тұрмайды дей салатын нәрселер, ойға да қонбайды, есте де қалмайды. Ал мазмұнына түрі сай келген «Серіз аяқ», «Ем таба алмай», «Айттым сәлем, қаламқас» сияқты өлеңдерін жүрттың көбі жатқа біледі. Абайды құрметтейтін, өсken дәуірдің ақындары оның поэзиямызды жоғары сатыға көтеруге жәрдемі тиетін жаңа түрлерін дамытуға міндетті. Өйткені ол - жалғыз түр емес, Үлкен мағынасындағы поэзия мәселесі, кең шеңберлі көлемді мәселе, ұлы орыс поэзиясының өсken жолы» [23, 212]. Сөйтіп, F. Мұсрепов поэзиядағы түрге баса мән береді, оны аса зейін койып қарастыратын толғақты жайлардың қата-рына жаткызады. Сондықтан да әлгіндей үлкен міндет жүктейді. Міндет артумен қоса, кайсыбір ақындардың шығармаларында ұшырасып қалатыны ескеріліп, жал-пыға ортақ, кемшиліктің бетін ашады: «Біздің кейір ақындарымыз он бір буынды «қара өлеңді», кәріәжесінің санды жіліктегеніндей, үшке шашыратып шашып, жаңа түр орнына ұсынып жүр. Бірақ өзгені қойып, Маяковс-кийдің аудармасын оқығанында да, мұның бәрі оп-онай жиналып, «казақы» қара өлең болып шыға келеді. Ақынның түйреп айтайын деген ойын төлеусіз қалды-

рады. Мүмкін, Абай силлаботоникалық өлең түрін жасауды мақсат етіп қоймаған шығар, бірақ ол мазмұнға сайтүр керектігін терең сезінген». Сөйтіл, Абайдың туған әдебиетіміздегі тарихи орнын нақтылауға арналған мақаланың авторы көтеріңкі леппен, ұран тастау арқылы жадағай мақтауды әсте де мақсатына алмайды. Ұлы ақынның жаңалығын білгір маманның жан-жақты талдауы бар, демек, қазақ поэзиясының қырағы сақшысындай озық үлгі мен орынсыз жайларды бағдарлап, санағы ой елегінен еткізіп отыратын адамның салихалы пікірі бар. Сондай-ақ әлемдік бұрын-соңғы әдеби процестің жайы мен әдеби теорияның білімпазы айта алатын зерделі түйін бар. Осының қай-қайсысы да көркем әдебиет тілінің қолданылу қисындылығын салмақтай қарағанда, сенімді болып отырғаны шүбесіз.

Классик ақынның өнегелі тұстарын нақтылы мысалдармен дәлелдегені сияқты, Ф.Мұсрепов танымал немесе жас ақындардың сөз жұмысаудағы салақтықтарын да дәлме-дәл көрсетеді. Мәселен, С.Қасиманов өлеңіндегі «жол шешен», Е.Кенебаевтың өлең жолдарында кездесетін «күнді асайын» тәрізді тіркестердің көрінер көзге қораш екенін сынау - осының айғары. Көркем әдебиеттің тіліне арналған осы мақаласында [24, 442] F.Қайырбековтің, яғни оқырмандарына талайдан танымал болып калған ақынның да, «Қанаты сұық мұздай құс», «Жалт қараса айдынға, Асылып қалған бір білек», «Толтырып жасқа уысты, Сақалын жұлып шал қалған», «Тұншықсанқ теніз сұына, Ақ сүтімді еме бер» немесе «Махабbat атты құдірет Перште қылған соларды. Соғын тыяр құр жүрек. Өлмейтін жандар со мәңгі» деген жолдардағы сөздердің ақын ойын дәл бере алмай, қилюлары қашып тұрганын қатты сынға алады. Осылайша, бұғынгі күннің биік талабы түрғысынан қазіргі ақындардың шығармаларындағы кем-кетіктердің орын алу себептерін ашып, оларды болдырмадың жолдарын көрсетеді. F.Мұсреповтің бұл мақаласынан да автордың сөз эстетикасына қоятын талаптарын анық, көреміз, былайша айтқанда,

жазушы поэзиялық шығармаларды талдай отырып, тек үйқас қуалауды бірінші парыз деп есептемей, сол үйқастың қандай философиялық, этика-педагогикалық ұғымдардан туып жатқанына зер салудың қажет екенін ескертеді. Сөзбен сурет салу үстінде халыктық тілді еркін пайдаланумен бірге, ақын өз мүмкіндігінше сөзге жаңа мағына беруге тырысқанда немесе соны мағыналы сөзді қолданғанда, үлкен талғаммен қарағанын жөн көреді.

Осы мақаласында F.Мұсрепов белгілі, тіпті көрнекті тіл маманы мен әдебиет зерттеушісінің сөйлемдеріндегі олқылықтарды да сынға алады («Әдебиет тілі жайында» деген макаласын айтып отырмыз - М. С.). Қазақ сөзінің беделді жанашырының мұлтқисіз дәлелдеп отырғаныңдай, тіпті бейнелі ойлау арқылы көркем шығарма жазбай-ақ, ғылыми стиль ыңғайында еңбек жазғанда да, әр сөзді өз қызыметінде орынды жұмсағанның маңызы зор. Бір сөзді ретсіз бірнеше рет қайталаганнан немесе бір сөйлем шінінде сөздердің басы артық қолданылуынан ешбір автордың ұтары жок, керісінше, ойдың көмескі тіпті қате берілуі де мүмкін. Мақала авторы мәселенің осы жағына жете мән беруге шақырады.

F.Мұсреповтің көркем әдебиет тіліне қояр талабы - өте қатаң талап және барынша орынды талап. Шындыққа келгенде, мұндай талап ана тіліміздің мол мүмкіндігін ескеруден, тілдің тазалығын сақтаудан, тіл бұзарлыққа жол бермеуден туындастырылған талап екені әркімге аян болса керек. Міне, өмірдің өзі, бүгінгі мәдениеті жоғары қалың жүртшылықтың талғамы биігінен Оралхан Бекеевтің шығармаларында кездесетін «Сүп-сүр бұлт сықастыра...», «Ауыл жақты қарауылдай байырқалап...», «Мен бағанағы әйелім әзірлеген кеспені еске алдым. Оны жездем жолдаған қаздың етіне пісірген едік», «Жесір әйелдің мұндықты басы қалды..» сияқты түсініксіз сөздерден тұратын сөйлемдерді, сыншының өзі айтып отырғандай, біз де көңілден шыға қоймаған конструкциялар деп қабылдаймыз. Сондай-ақ Ілияс Есенберлиннің романдарындағы «Көтілдір дала да, көгілдір аспан

да...», «Егер әлем тоқты болса, бұл екеуі көкжал қасқыр едіғой», «Қараашыңың жаны аузына келіп, енді шығуға таяу еді» тәрізді сөйлемдерде «мен мұндалап» түрган сәтсіз теңеулер мен метафораларды да қабылдай алмаймыз.

Көркем әдебиет тілі туралы сөз болғанда, әдетте оны құрайтын екі компонентті ескермеске болмайды. Олардың бірі - авторлық, баяндаудағы тілі де, екіншісі - кейіпкер тілі. Шындыққа жүгінсек, кейіпкер тілі деп отырғанымыз да автордың шығармадағы оқигаларға араласып жүрген адамдардың ауыздарына салатын сөзі болып табылады. Демек, автор тілі дегеніңіз де, кейіпкер тілі дегеніңіз де жазушының қаламынан туатын, жазушының кабилеті мен таланттына байланысты қағаз бетіне түсетін сөздер екені мәлім. Шынайы шебер таланттың шығармасындағы кейіпкер тілі табиғилығымен көрініп отырса керек. Әсіреле прозалық шығармадағы қаһарманның сөздері түрмис жағдайында қарым-қатынасқа түсетін ауызекі сөйлеу тіліне біртабан жақын болғаны абзал. Айтқалы отырғанымыз: О.Бекеевтің шығармаларындағы F. Мұсрепов тізімге алған сөздер үшін, егер ол сөздер кейіпкерлердің ауыздарынан шығып жатса, кінәламасқа да болатын шыгар. Оралханның повестері мен әңгімелерінің кейіпкерлері, негізінен, Алтай қазақтары болса және олардың лексиконында «пошымы», «нәшіні», «албаты», «кейуана», «мұрлеу», «бебежік» т. б. сөздер болса, оларды шығармаға кірістіргенде, автордың мақсатын бейтаныс сөздерді қайткенде де тықпалау деп түсінбей, кейіпкерлердің міnez өзгешеліктерімен коса, тілдік даралығын да көрсету деп үғынған жөн емес пе? Мүмкін, көптің назарына түскеннен кейін ол сөздердің біразы қадеге асып та кетер. Ал авторлық, баяндаудағы тілдің жайы сәл басқаша. Ондайда кез келген сөзді қолдана берудін реті жоқ. Тегінде, нағыз әдеби тілдің мысалдары мен ұлгілерін қай шығарманың да авторлық, баяндау белімінен іздеуіміз керек. Әлгі сөздер автордың тілінде кездесіп жатса, кінәлы болары сөзсіз. Ондайда «Оралханның тілінде шұбарлық, түйіртпектері бар» [25, 91] деген пікірге қосыламыз.

Ауызекі сөйлеу элементтерінің көркем шығармаларда жиі ұшыраса беретіндігі үшін F.Мұсрепов жасаган ескертпелерді де ілгеріде айтылған принцип түрғысынан қуаттауға болады. Былайша айтқанда, «шекейін» мен «шекемдер», «жемесін бар, кемесең етті», «құсаптар» [26, 88] осындай тұлғаларды жиі пайдаланатын аудан адамдарының аузынан естіліп жатса, оның жайы басқа. Егерде осыларды және осы тәрізді өзге де сөздерді авторлық, баяндаудан кездестірсек, кінәның бір басы жазушыға тиері рас.

Көркем әдебиет тілімен коса, F.Мұсрепов жазу мен сөйлеуге байланысты тіл мәдениетінің де біраз мәселесін көтеріп жүр. Ойландырар ұсыныстар да айтады. Мәселен, «Амангелді, Қарагөз, Зілқара, Мендікожа сияқты адам аттарын Аманкелді, Қаракөз, Зілқара, Мендікожа демей-ақ, естілу түрпатында жазсақ, қалай болар еді» [27, 95] дейді. Бір қарағанда, соншалықты мән беретіндегі сөздер емес деуіміз де ғажап емес: орфография мен орфоэпияның өз зандалықтары бар. Бірақ күнделікті жазу практикасында дәл осы орайда талай қайшылықтың бары тағы күмән туғызбайды. Айталық, театр жарнамасында да, сахнадағы шымылдықта да, қолжазбада да Мұхтар Әуезовтің атақты драмасы «Қаракөз» емес, «Қарагөз» деп жазылып келе жатыр. Одан «Ботакөздің» қандай айырмашылығы болғаны? Сәбит Мұқановтың романы «Ботакөз» деп те, «Ботагөз» деп те шығып жүр. Осы есімдерді орыс оқырмандарына лайықтап жазса, «қ» мен «к» әріптері «г» әрпіне айналар еді, яғни айтылу ыңғайына бейімдер едік, ал қазак тілінде айтылу ыңғайына икемдегенниң қандай айыбы бар? Фабеңнің: «... маған к-ғ, к-ғ әріптерінің арасында недәүір әңгіме бар сияқты көрінеді» [28, 95] деген женіл әзілінде мән бар. Расында да, басқа реттерде кісі есімдері айтылу ыңғайымен жазылады да, дәл осы әріптерге келгенде, қарама-қайшы немесе қарама-қарсы пікірлер туындаиды. Мәселен, «Торыайғыров» демей (ақынның екі томдық жинағының бір жылы осындай

орфографиялык заңдылықты сақтай жазылған фамилиясымен шыққаны да бар), «Торайғыров» деп жазуға дағыландық. «Алдыңғар» емес, «Алдонғар» т. б. осы тәрізді сөздер дау туғызбайды десе де болады. Сондықтан F.Мұсрепов ұсынысы көнілге қонады.

«Қазақ тілі - бай тіл! Оралымды, ыргакты, теңеу-бейнелеулері ерте туған тіл. Пушкин, Лермонтов шығармаларын XIX ғасырда-ақ көп елдерден бүрын аударуға жараған тіл. Поэзияда Абай, Илияс сияқты, прозада Мұхтар сияқты алыптар туғызған тіл. Мен осындағы тілімізді таза ұстайық, деймін» деген F.Мұсрепов пікірінен ана тілімізге деген мақтанышы мен патриотизмі, ұстанған нысанасы барынша айқын аңғарылады. F.Мұсрепов классиктердің үлттық тіл мүмкіндіктерін пайдаданудағы өнегесін үлкен шабытпен сөз етсе де, қазіргі қalamдастарының кемшіліктерін ашу-ызамен, шеней сынға алса да, оның ана тіліне деген үлкен жүректі қамқоршы екені шүбәсyz. «Мен тілші емес, тілді пайдаланушымын» деп сырпайы ескерткенімен, көркем әдебиетті жасаушы, сөз жасаушы санаулы дарындардың бірі ретінде тілшілерді ойландыраптық, әдебиетшілерге ой саларлық бағалы да құнды талай пікірлерін ұсынады. Кейбір реттерде тілді зерттеуші ғалымдардың назарына ілігерлік проблемаларды алға тартады. Қысқасы, әйтілі көркем сөз шебері, өнегелі стилист Фабит Мұсреповтің тілге қатысты қай еңбегін алсаңыз да, оның әрбір жолы, әр сөзі ана тіліне деген шынайы жанашырылқытың үлгісі болып табылады.

1. Мұсрепов F. Әдебиет тілі жайында // Мұсрепов F. Суреткер парызы. Әдеби - сын сцбектері. Алматы: Жазушы. 1970.

2. Сонда.

3. Бұл да сонда.

4. Мұсрепов F. ""Абай"" романы туралы // Мұсрепов. Суреткер парызы. Әдеби - сын сцбектері. Алматы: Жазушы. 1970.

5. Сонда.
6. Бұл да сонда.
7. Мұсрепов F. Қазақ совет прозасы туралы // Мұсрепов F. Суреткер парызы...
 8. Сонда.
 9. Бұл да сонда.
 10. Мұсрепов F. Майданнан соққан жаңа леп // Мұсрепов F. Заман және әдебиет. Әдебиет туралы ойлар, толғаныстар. Алматы: Жазушы, 1982.
 11. Сонда.
 12. Бұл да сонда.
 13. Бұл да сонда.
 14. Бұл да сонда.
 15. Бұл да сонда.
 16. Мұсрепов F. Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны // Мұсрепов F. Суреткер парызы...
 17. Сонда.
 18. Бұл да сонда.
 19. Бұл да сонда.
 20. Бұл да сонда.
 21. Бұл да сонда.
 22. Бұл да сонда.
 23. Бұл да сонда.
 24. Мұсрепов F. Әдебиет тілі жайында...
 25. Мұсрепов F. Авгейдін ат қорасынан бастайық // Мұсрепов F. Заман және әдебиет...
 26. Сонда.
 27. Бұл да сонда.
 28. Бұл да сонда.

Тілге, ана тіліне тікелей қатысты жайларды Фабең, ұлы Фабит Мұсрепов, «мәңгіліктің мәңгілік мәселесі» дегі біледі. Түсінікті болу үшін жазушы толғанысын толығырақ көлтірейік: "Ана тілі дегеніміз - сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың, баяғысын да, бүгінгісін де, болшағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі" [1, 87]. Демек, бүгінгі таңда мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болып отырған, сондықтан да бүкіл еліміздің басты, жетекші, ортақ тіл міндетін атқарушы қазақ тілінің мәселелері ешқашанда назардан тыс қалмауға тиіс дегенді меңзеп отыр.

Көзге бірден шалынатыны - басқа мақалаларында Фабең, ойын салқын қанды интонациямен, сабырлы жеткізуши еді, ол мақалаларының атаулары да ұран тастаудан, сезімге тікелей берілуден алыстау болатын, дүрысы бізге солай көрінетін. Ал тілге байланысты пікірлері көп ретте ұлken пафосқа толы болып, көтеріңкі әуенде айтылып, қажетті жерінде қатты сын араласып, женіл әзіл-әжұа қабаттасып жүреді. Соған сай атаулары да "Ана тілін анамыздай ардақтайық!", "Асқындырып алмайық, достар!", "Авгейдің от қорасынан бастайық", "Талмай ізденіңіздер", "Очерк көркем шығармадай болсын" сияқты, оқырмандарды игі іске, керекті әрекетке жетелеп, етістіктің бүйрық райлы тұлғасына аяқталып отырады. Абайласаңыз, осының өзінен стилистикалық қызмет аңғарылып тұрады: тіл мәселесінің өзектілігін айқындау бар, белгілі бір кезең алға қойып отырған міндеттер мен мақсаттарды алға тарту бар және сол міндеттер мен мақсаттарды жүзеге асырудың жол-жобасы бар. Әлбетте, ол еңбектерінде көркем әдебиеттің жай-күйіне тоқталып, көп жылры тәжірибесінен туындағының ақыл - кеңесін ортаға салады. Сонымен бірге, тіл мәдениетіне көп көңіл бөлгені даусыз.

Ең алдымен, заңғар жазушы сол тілде сөйлеуші ұлкен-кішіге, кәрі-жасқа, сан алуан мамандықтың иелеріне тіл

қадірін санаға берік сіңіріп, жадында мәңгі үстап жүруі жөнінде аса зор жауапкершілік жүктейді. "Ана тілін тек өгей ұлдар ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады" [2, 87] дегенде шегелеп айтады. Ендеше, тілді сыйлау, құрметтеудің өзі оның /сол тілдің/ ана тілің болғандағынан деп түсіну керек. Олай болмағанда, ол тілді сүйе білмеген адам өгей ұл деп аталуға лайық. Шындығында, он екі мүшесі сау, аяқ-қолы аман, қалыпты ақыл-ойдың иесі болып табылатын азаматтың бұдан артық қандай парызы болуы мүмкін деп те ойлануға тұрарлық сияқты. Көрдіңіз бе, ұлы гуманист ана тіліне деген жауапкершілікті Ана алдындағы жауапкершілікпен қатар қойғаны аңғарылып тұр. Сөз сырын зерделеу өмірлік қабілеті мен тұрақты әдеттіне айналған жазушы қазақ тілінің ұтымды, пайдалы, өнегелі жақтарын мақтан етеді, бар дауыспен жар салғандай естіледі оның үні.

М. Әуезовтің "Абай" романын талқылауға арналып 1943 жылы Алматыда өткен жиналыстағы сөзінде романның "үш түрлі ұлken жағдайы бар кезінде туғанын" атап көрсетеді. Ол жағдайлар мыналар болатын: 1/ бұл кезде кеңес әдебиеті толық қалыптасып, әлемдік беделге ие болған; 2/ қазақтың бай ауыз әдебиетінің зор үлгілерін ескерудің қажеті туындағы; 3/ жазушы тек қазақ әдебиетімен шектеліп қалмау керектігін жақсы түсінді.

Осының екінші жағдайы туралы Фабең былай дейді: "Мұнда қазақтың ... ауыз әдебиетінің де әсері бар. Бірақ сол бір күйінде алына салған не бір мақал, не бір мәтел-нақылды "Абайдан" таба алмайсың. Мұнда халық шығармаларының, билер шешендігінің келісімді түрі болса, Мұхтар оған толымды мағына берген; мағыналы ойы болса, келісімді түр берген. Басқа көп жазушыда өз шығармасын ажарлау үшін халық аузындағы мақал-мәтелдерді сол түрпатымен ала салатын әдет болса, "Абайда" ескі үлгімен айтылған жаңа нақылдар, жаңа ойлар бар" [3, 165]. Сөйтіп, сөз қолданудағы осындаі

сонылықты, өзіндік ерекшелікті өзгелерге үлгі ретінде ұсынады. Сөз арасында айта кетейік, дәл осы ағалық, ақылдың бүгін де маңызын жоймаганы былай тұрсын, қаламгерлердің алдағы уақытта да жадынан қалмағаны аbzal болар еді.

Оның үстіне, тағы да осы романға қатысты: "Жазушының басынан-аяғына дейін бір мұдірмейтін әрі ойлы, әрі көркем тілі әрі алған тақырыбына лайық, әрі алған адамдарына лайық, ылғи ағылып отырады" [4, 164] - деп, аса бір ризашылықпен ағынан жарыла сөйлейді.

Сол сияқты, әдебиетке өзінен кейін келіп жатқан толқын өкілдерінің жақсылық жақтарын да аңғарымпаздықпен байқап отырады. "Ұлттық әдебиет-іміздің жас жасақтары, - дейді енді бірде, - жауыннан кейінгі жауқазындағы өсіп, қаулап келе жатыр. Олар сөз қадір-қасиетін нәзік танып, кең толғайды" [5, 63]. Бұдан талантты жастардың келешегіне деген сенімді байқау қиын емес.

Сөз орайында жазушы тілдің сөйлеу-сөйлесу, оқу-үйрену және жазу-сызу арқылы жүзеге асып жататынын айрықша атайды да, осылардың үшеуіне де көніл аудармауы қылмыс деп санайды. Сөз жок, мұны үлкен жүректі тіл жанашыры қатаң талабы мен сол талапты орындаитындарға айтылған үкімі деп қабылдауымызға болатын сияқты, яғни кімнің де болса ана тілі алдында қылмысқа бармауын қалайды. Осы ретте неден сақтану керектігін де еске салады. "Сөзді қалай болса солай пайдалана берсөн, сөздің жүзі мұқалып, үші қайрылады да, айтайын дегенің құлаққа қонбайды" [6, 88]. Әрқашандағыдай, мұнда да нактылы дерексіз, дәлелсіз ой қозғамайды.

"Ұлпан" романында төмендегідей шағын деталь бар. "Екі келіншек киініп болған соң, ойнақы бота екеуін қайта айналдыра бастады. Бота болындар, ойнайық дейтін сияқты. Сендер қашындар, мен қуайын дейтін сияқты. Әйтпесе, тұз беріндер" - "буһ" дейді. "Буһ" дегені түйе тілінде тұз деген сөз екенін біздің тіл

ғалымдары оңай-ақ дәлелдеп берер еді. Эттең, ол кезде ондай ғалымдар болмаған соң, Ұлпан мен Шынар түсіне де алмады. Тұзды ботаға түсінбей-ақ, бере берді".

Қадағаласаңыз, мұнда сарказмының элементі бар, өйткені, тіл мамандарының кейбіреулері жаңалықты "оңай" аша салады ғой, тіпті хайуанаттардың тілін де ажыратуы мүмкін. Әсіресе, сөздің этимологиясына, тарихына байланысты мұндай жайлардың кездесіп қалатыны жасырын сыр емес. Айталық, 70-жылдары кинофильмге пайдалануға арналып қолдан жазылған әріптегі ескі жазба нұсқалар деп талас тудыру сияқты құлқілі әңгімелер сол кездегі Одақ, көлеміне таралып кеткені мәлім. Әйгілі сатириктиң келтірілген мысалы ыңғайында да мәселенің осы қырын нысан етуі әден мүмкін. Қалай болғанда да, тіл мәселесіндегі жауапсыздықты сынап отырғаны жасқа да, жасамысқа да, оқығанға да, шала сауаттыға да түсінкті болса керек.

Жазушы сөз орайын келтіріп, көрнекті ғалымдармызыдың зерттеу еңбектеріндегі ақаулықтарды сынға алғанда, авторлардың ғылымынан алатын орындарына нұқсан келтірмейді. Мәселен, ""жалпақ жатқан жарық сөздер" тіркесін немесе ""кейіспен кейіп кетпей ме?"" тәрізді оралымды қолданған көрнекті тіл маманы F. Мұсабаевтың жазу стиліне риза еместігін білдіреді. Сол сияқты, профессор Б.Кенжебаевтың ""Сонымен Сұлтанмахмұттың лирикасы поэма сияқты ұзақ болып, поэмасы лирикалы болып, лирикасы мен поэмасының арасы жақын жатады. Яғни, Сұлтанмахмұттың өлеңдері әлеуметтік лирика болып, сондықтан да көлемді, ұзақ, болып келсе, поэмалары сюжетсіз болып, бірақ лирикалы болып, әлеуметтік лирика болып келеді"" деген пікірін келтіреді де, бір сөйлемнің ішінде болып сөзінің бес рет қайталанатындығын баса айтады. Соның өзі ой ықшамдығына, сөз ықшамдығына елеулі кедергі жасап тұрганын дәлелдейді. Сонымен, жазушы өзі қойып отырған талап тұрғысынан ғылыми жұмыс жазуда мол тәжірибе жинақтаған беделді ғалымдардың шығармаларындағы

кемшіліктерді нақтылы түрде атап көрсетеді. Ойға салып байқасаңыз, мұның екі жақты пайдасы барын көреміз: біріншіден, әрине, сын нысаны болып отырган еңбектердің авторларына қатаң ескерту жасалған да, келешекте мұндай үлкендердің көмекшіліктерді болдырымау қажеттігі үғынықты айттылады; екінші жағынан Ф.Мұсабаев, Б.Кенжебаев іспепті ғалымдар үстаздардың іні буындарына, олардың шәкірттеріне де орынды ескерту болып саналады.

1950 жылдардың бас кезінде "Социалистік Қазақстанның" бетінде профессор М.Балақаевтың "Көркем әдебиеттің тілі жайында" деген көлемді мақаласы басылды. Онда көрнекті тіл маманы сол кездегі әдеби шығармалардың бәріне ортақ жақсылықтарды қысқаша сипаттай келіп, жекелеген жазушылардың тіліне, әсіресе, Мұхтар Әуезовтің "Абай" романының тіліне тоқталады. Бұл шығармаға қатысты көпшіліктің ризашылықпен қабылдаған үтимді сөз оралымдарын көрсетумен бірге, автордың атына бірнеше сын айтқан болатын. 1954 жылдардың ақпанында сол газетте Мұқаңның "Көркем әдебиеттің тілі" деген жауап мақаласы шықты. Бір есептен, М.Әуезовтің жауап мақала жазу қажеттігі жоқ сијакты да көрінген, алайда ұлы жазушы өз атына айттыған сын-пікірлерді артықтау көріп және жалпы көркем шығарма тіліне тән теориялық және практикалық ойтүйіндерін ортаға салуды мақсат еткені үғынықты болып тұрады. Осыған қатысты F.Мұсрепов профессор М.Балақаевтың да, академик-жазушы М. Әуезовтің де елеулі маңызы бар мәселені көтеріп отырганына қуаныш білдіреді де, сол кезде қазақ тілі мамандарының назарларынан тысқарылау қалып келе жатқан жайттардың дер кезінде сөз болғанын шын көңілден қуаттайтыды. Сөйтіп, көрнекті тіл маманы мен ұлы жазушының жалпы теориялық мәселелерде өзара келісерлік тұжырымдар жасап отыратынын да көпшіліктің алдына тартады. Тек құптаумен шектеліп қалмай, Ғабең осы екі мақалага байланысты салмақты ескертуін де жасыра алмайды.

Атап айтқанда, профессор М.Балақаевтың пікірінде көркем шығарма тілінің өзіндік ерекшеліктеріне, автордың шығармашылық, сөз қолдану даралығына кең бойлай алмағандығын, сондыктан "Абай" сияқты ұлттық мәдениетіміздің мақтанышы болып табылатын барынша шебер жазылған, сонысымен әлемдік классика дәрежесіне жеткен романның "мен мұндалып тұрган" айырмашылықтарын атап бере алмағандығын көмістік деп біледі. Екінші жағынан, ұлы Мұқаңның осы мақаласынан мін табады. Ол мін өкірмандар мен әдебиетші жүртшылықтың сүйікті жазушысының ешбір ескертпені мойындаамағанынан, поэтикалық лексика мен поэтикалық синтаксис туралы жалпылама түсінік жасауынан, нақтылы мысалдармен дәлелденбеуінен көрінеді.

М.Әуезов шығармаларынан, әсіресе, "Абай" романынан түйедей жетістіктердің қасында, түймедей кемшін жайлардың болатынын байқауы, әлбетте, F.Мұсреповтің ешқандай да ұсақтығы емес, керісінше, қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыс болып отырған туындының еш мінсіз болуын қалаудан туған аппақ ниет екенін айқын аңғарамыз. Ол кемшіліктер мынада: "Құнанбай ылғи орағытып, тұспалдап сөйлейді, үтқыр сөйлейді, өзі айтып, өзі кесіп, басқаларды еріксіз мойындаатады" (романнан алған дәйексөз. - М.С.). "Бірак,- деп жазады Фабең, - Мұхтардың осы бағасына лайық сөздер, шешендік тұспалдар Құнанбай сөзінде сонша мол емес. Құнанбай сөздері көбінесе істер ісінің жабайы түрін ғана сипаттай алады. Сол сияқты, Фабең романдағы "Аласа, тақыр, бірақ тығыз бетегемен жайнаган", "Қызыл, сары, көкшіл тұстармен құлпырып жайнайды", "Осы сөз бүгін де Қодарды ызамен қайнатты", "өзге отырғандардың барлығы сөздің салмағы мен түйінін өз арқаларынан сезгендей бол...", "Осының бәрі, өз ортасын бойымен басып жыға беруге себеп болатын" тәріздес сөйлемдерді бірде лексикалық жағынан, енді бірде стилистикалық жағынан қате құрастырылған конструкциялар деп біледі [7, 171].

Ғабең Оралханнан пошымы, *нәшіні, албаты, кейуана, мұрлеу, бебежік, тоқайрау, самырсытып, көргейлеп, бейқарар, бейнақақ, мауырт, сіңіртік, паруай* сияқты сөздерді тізеді де, оларды "Алтай, Қытайдың қазақтарының ескеріп топастана бастаған тілдерінің әсерінен" пайда болған ба деген құдік келтіреді [8, 91]. Үңіле қарасаңыз, *пошым, кейуана, сөздері түр, бейшара ана* мағынасында көп жерде қолданылып жүргені белгілі, ал бейнеқақ, *бейқарар* сөздерін *нақақсыз, қарарсыз* сөздерінің орындарына жұмсауға болатын сияқты. Өзге сөздерді анықтау үшін тиісті этимологиялық, немесе диалектологиялық, сондай-ақ түсіндірме сөздік қажет болары рас. Ұлы жазушының қатаң талабы түрғысынан тілімізді таза ұстаудың қажеттігінің туындауы бесенеден белгілі, алайда кірме сөздер үшін авторларды кінәлай беру де әрдайым ұтымды бола бермейтінін шығарма шындығы көрсетіп жүр. Айталық, О.Бекейдің негізгі кейіпкерлері шығыс аймақтың адамдары болғаннан кейін, олардың сөздері де шығыс аймақтың сөздері болуға тиісті. Дегенмен, жазушының ескертпесінен қосылатын жер сол - айтальық, Оралханның түсініксіз сөздерді орайын тауып әдеби тілдегі баламасымен түсіндіріп отыруы керек еді.

Бұдан, әрине, F. Мұсрепов жаңа сөз атаулыға қарсы екен деген ой әсте де тумаса керек. Әділінде, қолданысымызға жарасымымен еніп жатқан сөздерді көшшілікпен бірге Ғабең де ризашылықпен қабылдайды. Сондықтан да: "Тіліміздің қорына бар сөздерге жаңа мағына беру жолындағы табыстарымызға мен Іслам Жарылғаповтың *көрермен, оқырман, аялдама* деп қосқандарын орынды да орнықты көремін. Мұхтар Мағауиннің *iрінді* суы да сондай, белгілі түсініктің мағынасын дәл береді" [9, 90] деп жазады. Ғабең бірден қолдаған бұл сөздерді кейбіреулердің оншалықты жақтыра қоймағанын ескерсек, ілгеріде тізімі берілген сөздердің де келекшекте әдеби тілімізден орын алуы мүмкін бе деген ой келеді.

"...шынымызды айтсақ, орфографиялық, емле занда-рын елемеушілік біздің арамызда көбірек кездеседі. Ол зандарды түгел білмейтіндеріміз де бар, дұрыс қолдана алмайтындарымыз да бар" [10, 53] деген ойын жазушы бұдан 40 жыл бұрын айтса да, дәл бүгін ескертіп отырғандай әсер береді, өйткені, жазу-сызудағы өрескел және саналы қателіктер әсіреле соңғы жылдары өте-мөте көп орын алада. Ең өкініштісі сол - қайсыбір жазғыштардың өз бетінше ереже шығарып, өз қалауынша жаза беретіндігі.

Әдетте "Талғам туралы таласпайды" деген сөз бар, бірақ, ол талғам киім, сән-салтанат, іссууларға қатысты болуы керек. Ал белгілі бір жүйеге түсken ұлт жазуын әркімнің талғамына салып, сауда жасаудың еш қисыны жок. Әліппе қашанда мемлекет немесе үкімет деңгейінде бекітіледі де, заңмен тұрақталады, сондықтан ол тәртіпті бұзу занды бұзу шараларымен қатар қаралуға тиіс. Олай болмағанда, қазақтардың бір бөлігі латын әліппесін пайдаланып, екінші бөлігі кирилицаны пайдаланып, тағы бір бөлігі араб әліпбін басшылықта алып, жаза бастаса, бұл тілді сыйламауышылтың ең бір бейшара түрі болар еді. Сол сияқты, баспасөз беттерінде немесе ғылыми басқосууларда ұсыныс-пікір білдіргенімен, тұрақты емлені бұзуга Ата Заң бойынша ешкімнің құқығы болмаса керек. Егер әр түрлі тұжырымдар мәдени қауымның, тиісті мамандардың салиқалы талқысынан кейін ғылыми-әдістемелік, методологиялық тұрғыдан тәртіпке келтіріліп, жалпы жүртшылықтың қолдануына ұсынылса, мұның жайы басқа. Солай болғандықтан әлдекімдердің өзінше теория жасап, сол ұстанымын бірден-бір дұрыс орфографиялық ереже деп қабылдаттыруға тырысуларын, сыпайы айтқанда, желөкпелік, мақтаншақтық, кеудемсоқтық деп атауға тұра келеді. Мұндай бұра тартушы авторлардың ана тіліне жаны ашығандағыны, оны дамытуға білімі мен қабілетін жұмсап жүргенін сезіну өте қыын. Бар болғаны - бар әдіс-айла-

ны пайдаланып, өзін көрсетіп қалуға тырысып бағады деп бағалау керек сияқты.

Ұлы Ғабит Мұсреповтің мына пікірі еріксіз еске қеліп тұр: "Ағаштың түбіне түскен құрт өрмелеп, жылжып басына шыға алады" [11, 71]. Бейнелі түрде болса да тілдің тазалығын сақтау туралы, ондағы арамшөптегендік аластау туралы бұдан артық айтудың өзі де оңайға түседе қоймас. Жазушы пікірі көптің ойын білдіргендіктен, тек қана бас шұлғыған жөн деп білеміз.

Түйінді де үлкен парасат иесі, әйгілі стилист Ғабеңнің сөздерімен тәмемдаудың қисыны келіп тұр. "Ана тілін аяқ асты етуден тыйылатын болайық!".

-
1. Мұсрепов F. Авгейдің ат қорасынан бастайық // Мұсрепов F. Заман және әдебиет. Әдебиет туралы ойлар, толғаныстар. Алматы: Жазушы, 1982.
 2. Соңда.
 3. Мұсрепов F. "Абай" романы туралы // Мұсрепов F. Суреткер парызы. Әдеби - сын сұбектері. Алматы: Жазушы, 1970.
 4. Соңда.
 5. Мұсрепов F. Талмай іздепіціздер! // Заман және әдебиет...
 6. Мұсрепов F. Авгейдің ат қорасынан бастайық...
 7. Мұсрепов F. "Абай" романы туралы...
 8. Мұсрепов F. Авгейдің ат қорасынан бастайық...
 9. Соңда.
 10. Мұсрепов F. Әдебиет тілі жайында // Мұсрепов F. Заман және әдебиет...
 11. Мұсрепов F. Асқындырып алмайық, достар! // Мұсрепов F. Заман және әдебиет...

III

Жазушы Фабит Мұсреповтің қойын дәптерінде қысқа да нұсқа әрі зор философиялық, мәнге ие қанатты сөзі бар: "Данышпандықты түсіне білген де данышпандық" [1, 21].

Кім-кімді де тебірентпей қоймайтын осы салихалы тұжырымды Фабенің өзіне бағыттап айтуга әбден тұрарлық. Көркем туындылары мен сында, публицистикасында ағынан жарыла жазып, сейлеудің өнегесін көрсетіп өткен сөз зергері жазушылар мен өнер адамдарының таланттын танып, даралығын айқындауда әрдайым әділ болғанын оны естіген мәдени қауымның барлығы да жақсы біледі.

Әзге жазушылар, артистер туралы пікірлерін былай қойғанда, Мұхтар Әуезов жайлы толғаныстарының Фабен шығармашылығындаған емес, қазақ әдебиеттануғынында жөні тіптен бөлек. Әуезовтануда, біздіңше, F. Мұсреповтің ой-пікірлері көшбасшылық, қызмет атқарады. Әдебиет ғалымдары мен жазушылардың осы елеулі жайды әлі күнге дейін тасада қалдырып жүргені өте өкінішті.

F. Мұсрепов - M. Әуезовті көркем сөз өнеріндегі алғашқы қадамынан жақсы көріп, сүйсінген адам. "1929 жылы Қызылордада біздің бір күн, бір түніміз Сәкеннің "Кекшетауы" мен Мұхтардың "Қылым заманын" талқылауға кетті,-деп жазады Фабен "Дәстүр мен жаңашылдық" деген мақаласында [2, 98]. Талқы және екі автордың қатынасуының болған. Біраз адамдардың қарсылығына қарамастан, Б.Майлин мен F.Мұсреповтің дәлелдеп, жақсы дүниелер екендіктеріне олардың көздерін жеткізуудің арқасында екі шығарма да баспаға үсынылады. Ташкентте жүрген Мұқаң "Қылым заманын" басылатынан хабардар болғандықтан, Қызылордага келеді. Сол алғаш көрген әсерін Фабен былай жазады: "Қолма-қол теңеу тауып, бейнелеп

сөйлейді еken. Жаттанды, жасандысы жоқ шешен еken. Бірден бас иіп қалдым" [3, 98].

F. Мұсрепов бұл мақаласын жазушылардың өзінен кейінгі және жас толқынға арнал жазғаны белгілі. Мақсаты-әдебиеттің аға өкілдері алғашқы шығармаларын өзара пікір алысқаннан кейін немесе ресми талқыдан өткеннен кейін баспаға ұсынып отыратын дәстүрдің қалыптасқанын еске салу. Ол мақсатын көрнекті жазушы, әрине, орындаپ отыр. Бірақ, біздің назарымызды аударатын бірер жай да белен береді. Ол - біріншіден, бейтаныс автор болса да, сырттай таныс болғанымен, аралас-құраластығы болмаса да, шығармаға әділ бағаның берілгендей; екіншіден, автормен тұңғыш рет тікелей жүздескендегі, Ғабенің тағы да сол әділдіктен таймауы, яғни ауызекі сөйлесудің өзінен-ақ талант үшқынын аңғара білгендей.

Бір ғажабы - F. Мұсрепов M. Әуезов шеберлігінің үнемі өсу үстінде еkenін көнілмен ғана сезіп қоймай, әрдайым пікірін білдіріп отырды. Мұндайда көп ретте M. Әуезов шығармаларына алғаш көзқарасын танытып отыргандардың қатарында болғаны сөзсіз. Соның барлығында ойын әрқашанда эмоциялық әсермен де, публицистикалық қуатпен де, ең бастысы - толық дерегімен әдебиет пен өнер жүртшылығына, қалың оқырмандар мен көрермендер қауымына батыл жеткізіп отырды.

"Мұхтар жиырма жаста, - деп жазады F. Мұсрепов. - Абай аулынан басқа университет есігін әлі ашқан жоқ. Дарын серпінін андау үшін мұның да өз орны бар. Сол жиырма жасында қазақ драматургиясының көш басшы ата-анасы болып қалған "Еңлік-Кебек" 1917 жылы кіз үйде ойналады. Содан бері алпыс жыл бойында "Еңлік-Кебек" сахнадан түскен жоқ. "Қазақ драма театрының шымылдығын "Еңлік - Кебек" ашса, музыкалық театрмыздың шымылдығын 1934 жылы "Айман-Шолпан" ашты. Бұл екі факттының екеуі де кездейсоқтық, емес-ті, - дейді одан әрі. - Бұл бағытта аяқтанып қалған драматургиямызды іріктел келгенде, театр шымылдығын

ашуға ең толымдысы Мұхтардың шығармалары болды". Демек, М.Әуезовтің драматургия саласында салған түрнендерін де, одан соң оның қаламынан тұған талай пьесаларын, либретто мен киноценарийлерді атап, тақырып жағынан болсын, көркемдік шеберлігі тұргысынан болсын, қазақ сахна, кино өнерлерінде озық дүниелер екенін баса көрсетіп, "ұстаз-драматург" деген байламын батыл айтады. Тек пьесалардың авторы ғана емес, аудармашы-драматург, артистердің тәрбиешісі, репертуарды байыту жолындағы үйымдастыруышлық қызметтеріне де барынша көніл бөледі. Кейін өз есімімен аталған театрдың одақтық, әлемдік танымал мәдени орталыққа айналғанын қуанышпен атай отырып, өткір сын да айтады: "Кемшілікті жасырудан пайда жоқ. Мұхтар тұсында көтерілген биігіне театрмыз енді қайтып көтеріле алмай келе жатыр". Біздің қосарымыз - Мұқаңнан кейін де көп жылдар бойы академиялық драма театрының одақтық деңгейден төмендемей, мындар мен миллиондарға мәдени-тәрбиелік қызмет еткенін жоққа шыгаруға болmas. Екінші жағынан, театрға қойылатын заман талаптарына сәйкес мұндай өнер шаңырағының үнемі өрлеу үстінде болуга тиіс деген Фабеңнің қатал талабын да түсіну керек болар.

Бір қараганда, "бұлар белгілі жай емес пе, ондай деректер әдебиет пен сахнаға қатысы бар талайларға бұрыннан мәлім" дейтіндер болар. Біздіңше, ол-жансақ, пікір. Архив деректері мен көзі көргендердің естеліктерінен құрастырып /сөз жоқ, ол да қажет/ ғылыми немесе естелік тұргысындағы жазылған еңбектің жөні бір басқа да, ондаған жылдар бойы сырлас, қанаттас болып, драматургия саласында кейде кішіпейілділікпен оны алдына салып, кей тұстарда қатарлас та болып қалатын F. Мұсрепов сияқты шын көнілінен толғандыра пікір айтуының жөні мүлдем басқа.

Ерекше атап өтүге лайық еңбек - 1943 жылғы наурыз айында Алматы қаласында М. Әуезовтің "Абай" романының бірінші кітабының талқылануында

F. Мұсреповтің сөйлеген сөзі. Баяндамаға бергісіз бұл сөзді Ж. Аймауытовтың Мағжан Жұмабаев туралы, М. Жұмабаевтың Ақан сері туралы еңбектерімен қатар қоюға әбден болар еді. Фабенің қазақ халқының тарихы мен тұрмысын, өткен ғасырдағы адамдардың мінез-құлқы мен тіршілігін жете білетіндігі, әдебиеттің теориясы мен тарихын, қазіргі әдеби процесті терең талдай алатын кең диапазоны, әсіресе, осы сөзінде өтемнәте көзге түседі.

Жазушының "Абай" романын А.С. Пушкиннің "Евгений Онегин" романымен аналогия жасап сөйлеудіңде үлкен мән бар. Оны өзі де атап өтеді: "Онегин" орыс әдебиетіндегі шын мәніндегі роман болса, қазақ топырағындағы 40-жылдардың әдебиеті деңгейін танытарлық, европалық, әлемдік дәрежедегі талаптарға толық жауап беретін роман - "Абай". Екінші жағынан, ұлы сыншы В.Г. Белинскийдің романға қойылатын шарттарындағы шарттарды Фабен "Абай" романына да қойып талдайды.

Соның өзінде прозалық дүние болғандықтан, "Абай" өлеңмен жазылған "Онегинмен" гөрі көп талаптарға лайық екенін мақтан ете баяндайды. Әңгіме "Абайдың" көп романдардың бірі ғана емес, халық өмірінің энциклопедиясы боларлық қомақты және қазақ әдебиетіндегі, тұңғыш шығарма екендігінде болып отыр. Демек, "Абайды" "Онегиннен" салыстыруының басты себебі осында жатыр. Жазушы әрі сыншы F. Мұсреповтің Мұқаң шығармасын ерекше мән беріп, бұған дейінгі ешбір шығармаға бермеген бағасын ашық, айтудына да көптеген дәлелдер келтіреді. "Өткен заманның оқ-терісін, үлкендігі мен болымсыздығын, қараңғысы мен жарығын, жұдырығы мен ойын, қысы мен жазын барынша толық көрсете алған роман бізде осы ғана!"-деп ағынан жарыла сөйлейді.

Фабенің ешбір жасқаншақтамай, бұкпей, бойын мақтан кернеген асқақ сезіммен ойын әсерлі айтуды кімнің де болса басын шүлғытады. "... "Онегин" мен

"Абайды" салыстыра қарасақ, елдің ашуы мен кегін, ойы мен сезімін, салты мен санасын, әр таптың, әр топтың адамдарының бейнесін көрсетуде "Абай", әрине, кең жатыр", -дейді [4, 162]. Сол қырқыншы жылдары әлемдегі бар жақсының бәрі орыстағана, одан асып кету мүмкін емес тәрізді қағида белең алып тұрган шақта Фабит сияқты идеологиялық майдандағы қайраткердің ойын дәл осылайша кесімді айта алуды, осындай тәуекелге баруы ақиқатты ту еткен адамның ісіғана болуға лайық. Оның үстіне, әлем танып, мойындаған Пушкин шығармасынан да жоғары қойып отырғой.

Ұлы туындының дүниеге келгеніне Фабеңнің мейлінше қуанғаны сонша - Белинскийдің шығыс адамдары, олардың нағандығы мен мәдениетінің төмендігі жайындағы пікірін алға тартады да, Мұқаның дәл осы "Абаймен", ондағы халық дәстүрі мен салтының ерекше ғажап суреттелуімен соққы береді.

F. Мұсрепов шын мәніндегі әлем деңгейінде көтерілетін романның табыстарын санамалау үстінде өз әріптестерін де қатаң сынға алады. Мәселен, баяндамашы Е. Ысмайловтың "Көк үйдегі көршілер", "Тулаған толқында", "Менің мектептерім", "Балуан Шолақтарды" "Абаймен" қатар қойғанына тіпті де риза еместігін білдіреді. F. Мұсреповтің дұрыс атап көрсеткенідей, аталған шығармалардың қазақ әдебиетінде өз кезінде белгілі бір қызмет атқарып, өзіндік орындарын алды, бірақ олар "Абайдан" теория мен практиканың қай тарапынан алып қараганда да, төмен жатқаны рас. Шынында да, F. Мұсреповтің сөз арасында тағы да әділ атағында, "Абай" романының жазылуына да ол шығармалардың біршама әсері де болған шығар, ол шығармалар болмағанда, "Абайдың" дүниеге келуі де қын боллар. Дегенмен, олардан "Абай" романының бойының озық тұрганына еш талас болмауы керек. Фабең мәселенің осы жағына айрықша көңіл бөлді. Е. Ысмайловтың "Абай" романын "Шәкір-Шәкірат", "Мұңлық-Зарлықтармен" қатар қойғанына ызасын жасырмай,

қатаң сөз айтады. Белді жазушылар мен сыншылардың Құнанбайды Иван Грозныймен салыстырғанымен де келіспейді.

"Абайдай" романың жаңашылдығын тани қоймаған, әсіресе, сөз қолдану сонылығына бойлай алмайтын мамандарды жеріне жеткізе сынайды. "Мұнда қазақ тілінің мамандары да болуы мүмкін, олармен қайта-қайта қайталамасаң, түсінісу қын екенін ескеріп, жаңағы ойымды қайталай кетейін: "байларды қойдай қу қамшымен" сарынына еріп, біз арғы кезде бардың бәрін теріске шығарып, Абайдың өзін көп қатын алған феодал, аға сұltан болған Құнанбайдың баласы деп, жиырма жыл бойы маңымызға жақыннатпадық. Ал Мұхтардың "Абай" романы - әрі бүгінгі тілекten туған әрі, әлі күнге дейінгі бұл жөніндегі қатемізді түзеп берген бірінші еңбек" [5, 161]. Демек, М. Әуезовтің қоғамдық кезқарасының да озық, екеніне, болашакты айқын болжай алғанына назар аударады.

"Абай" романының композициясы мен архитектоникасына қатысты тағы бір жаңалықты ашып көрсетеді: "Мұхтар романын шын түсінем деген кісінің қолына романың кілтін де берген. Бірақ үстірт қарасаң, ол кілтті таба алмайсың. Ол кілт мынау: "Қайтқанда", "Қат-қабатта", "Шытырманда", "Бел-белесте", "Өрде", "Қияда" деген әрбір бөлімінің аттары". Мұның бәрі бас кейіпкердің өсу жолдарынан хабар берсе, керісінше алғанда, үstem тап өкілдерінің құлдырау сәттерін түсіндіреді. Жазушы, стилист ретінде Габеңінің көзі мен көңілі шалып қалып, алғаш рет мән бере атап айтқан осы ой студенттер мен мектеп шәкірттеріне арналған оқулықтарда да кездеседі. Бірақ соларды авторлар өз аттарынан айтпай, ондай байқағыштық F.Мұсреповтен басталғанын ескертудің артықшылығы жоқ, еді.

"Абай" романының жетістігін F. Мұсрепов әр тараптан дәлелдей көрсетеді. Мәселен, "әдебиеттің әр саласында, әр кезде, әр жолмен айтылып келген ойларын сарқып құйған шалқары осы Абай" дер едім.

Драмаларында, әңгімелерінде жасалып келген әр алуан образдарды, елінің ой-санасының өсуіне арналған тілектері - бәрі басын қосып осы романда әбден өндөліп, армансыз айтылған", - десе, М.Әуезовтің авторлық табысы ретінде ерекше бөле айтып отыр.

Бірақ Ф. Мұсрепов "Абайды" жеке автордың жетістігі ғана деп бағаламайды. Оның ұлттық, отандық, әлемдік әдебиеттегі үздік шығарма екенін баса көрсетеді. "Абай" - қазақ совет әдебиетінде: "роман" деген үлкен мағынаға толық жауап беретін бірінші роман немесе "Абайдай" шығарма бұл күнге дейінгі бүтінгі қазақ әдебиетінде болған емес", сондай-ақ "Абай" шын мағынасында Европалық озық әдебиеттердің піскен, сыналған үлгісімен жазылған роман" дейтін ойлары - осының дәлелі.

Жазушы романды бастан - аяқ, көз жұмып мақтайды беруден аулақ. Сөз орайын келтіріп, майталман қаламгер, прозаның үлкен шебері ретінде біршама ескертпелерін де жасырып қалмайды. Мәселең, Фабең Қодар мен Қамқаға берілген жазаның тым ауырлығына тоқталады, Абайдың басына жастық, кезде түсken қыншылықтардың тым салмақтылығы, бір қарағанда, балаң жігіттің көтеруіне қындау, демек, бірте-бірте қыннататса қалай болар еді, әзірге оған дайындықтың жасалғаны жөн бе деген сияқты ұсыныстар және сирек те болса, қайсыбір сөз оралымдарының қалың көпшілікке орыс тілі ыңғайымен құрастырылғанын т.б. жайларды еске салады. Эрине, мұндай жөнделуге лайық, кейбір кемшін деп қабылданатын жайлардың "Абай" деп аталатын мына дүниенің кең мағынасындағы тарихи романның құнын ешқашан түсіре алмайтындығы да белгілі.

Романның болашақ ұлы шығарманың бастамасы екенін нақты мысалдармен сүйсіне сөйлеп тұрган жазушы, шығарманы да, оның авторын да шын жүргегімен сүйгендігінен болар, эмоциялық-психологиялық тұргыдан да тебірене толғайды: "Әдебиетіміздің әр саласы ер

жетіп, тұтас алғанда, мәдениетті әдебиеттің қатарына қосылып келе жатқан кезінде заңды жолмен, кезінде туған, жаңа белді меңзейтін үлкен арналы, мол қасиетті еңбекіміз деп осы "Абай" романын айтуымыз керек", - деп салқын қанды суреткер ретінде ойын өрбітіп келеді де, әріптестерін әділдікке, турашылдыққа шақырады: "Бәріміз де жазушымыз, бәрімізде де күндеушілік сезім жоқ емес, жамандағанда ешкім жақсы көрмейді. Бірақ үлкен істің үстінде қараулық, етіп, көз жұмсақ, ол барлық әдебиетімізге содырын тигізетін қылыш, болады". Артық айтқандық болмас, осы тарихи сезінің қорытындысы да эмоциялық күйде аяқталады: "Қазақтың әр жазушысы "Абай" арқылы әдебиетіміз жаңа бір сатыға көтерілгенін ескеріп, қолына қалам алғанда, сол сатыға көтерілуді, сол саты арқылы одан да жоғары көтерілуді арман етсе екен деймін!" [6, 174].

Әрине, бұл - кейін дүние жүзін шарлаған әйгілі "Абай жолы" роман-эпопеясының тұнғыш кітабы туралы пікір болатын. Бүтін ой сарабына салған адамның F. Мұсреповтің көрегендігіне, ұлыны бірінші болып тани алған және басқаларға та таныстырыған ұлылығына сүйсінбеске хақысы жоқ. Содан бері жарты ғасырдан артық уақыт өтсе де, бүтінгі, тіпті кейінгі жазушылар да Мұхтар Әуезов биігін, "Абай" биігін ескеріп отырары анық.

-
1. Мұсрепов F. Ой - сезім сәттері. Алматы: Жалын, 1996.
 2. Мұсрепов F. Заман және әдебиет. Әдебиет туралы ойлар, толғаныстар. Алматы: Жазушы, 1982.
 3. Соңда.
 4. Мұсрепов F. "Абай" романы туралы // Мұсрепов F. Суреткер парызы. Әдеби - сын еңбектері. Алматы: Жазушы, 1970.
 5. Соңда.
 6. Бұл да соңда.

F.МҰСРЕПОВТІҢ ТІЛІ ТУРАЛЫ

I

Әлемдік көркем әдебиет тарихы мен практикасында көпшілікті еріксіз сүйсіндірер жайлар кездесіп отырады. Айталақ, дарындардың балан, балауса шағы болмайды, яғни алғашқы шығармаларымен-ақ, миллиондаған оқырмандардың ілтипатына бөленіп, сол деңгейден ешбір төмендемейді, дәлірек айту керек болса, тақырыбының негізгі нысандарын, өмір шындығын көркем сөзben өрнектеуде бірден тәжірибелі суреткерлерше қаламын еркін сілтейді. Қазақ әдебиетінде Фабит Мұсрепов те осындағы санаулылардың қатарынан орын алады. 20-жылдары С. Мұқановқа жазған бір хатында: «Үміт кеспе, кейін орталарыңа барып, ат ерттеуге жаарымын», - деп сыпайы өтініш білдірген Мұсрепов [1,12] реєсми білімінің аздығына қарамастан, саналы ізденіп, қажырлы еңбектенуінің нәтижесінде ондаған жылдар ішінде қазақ, кеңес әдебиетінің классиктерінің санында көрінгені шындық.

Көптеген жазушылардың жазу практикасына қаранды, олардың біразы маңызды тақырып көтеріп, оқиғаны қоюлатуға және тартымды баяндауға қабілетті болады да, көркемдік шеберлігі одан біршама қалыстау болып жатады. Енді біреулері, керісінше, азды-көпті де-ректі көркем ой елегінен өткізіп, сөзді нәрімен сұлуландыра қолдану жағынан оқырмандардың назарын өзіне еріксіз аударып отырады. Осыған байланысты академик жазушы М.Әуезов «Мұсреповтің тіліндегі мәлдір түсініктіліктің, көркемдіктің, қонымды шеберліктің мол болатынын» атап көрсетеді [2, 269]. Фабең болса әлгі екі

жайдың екеуін де (көтергей мәселе мен оны көркем бейнелеу мәселесін) тәң ұстаған қалың қауымның сүйікті жазушысы болды. Оның Ұлкенді-кішілі туындыларының қайсысы болса да көркемдік болуы мен харakterлер тартысына және кейіпкерлердің жан дүниесіне терең де нәзік бойлаган әсіре қызылдан мұлдем аулақ сұлу сөзімен ерекшеленеді. Бұл ретте F. Мұсрепов шығармалары тілінің тартымдылығын, әсерлілігін және юморлық сипатын академик I. Кенесбаев бар дәлелмен баяндайды [3, 395-396]. Профессор М.Балақаев та F. Мұсреповтің тіл байлығына, қарапайым сөздерді орнымен қолдану арқылы мақсатқа сай өте қисынымен қолдану тәсіліне көніл аударады [4, 8].

Тегінде, F.Мұсрепов шығармаларының лингвистикалық-стилистикалық дарапалығы, тек автордың өзіне ғана тән сөз қолданыс дағдысы профессор Р.Сыздықтың пікірінде әділ бағаланған: «Мұсреповтің ұлылығын, классик жазушы екенін тануда, ғана таныстыруды оның тілін зерделеу алдыңғы орында түрмак» [5]. Шындығында да, F.Мұсрепов тілі, F.Мұсрепов стилі деген ұғымдардың кімді болса да елең еткізерің, жарты ғасыр бойы өзімен қатарластарына ықпал етіп, әсіресе, өзінен кейінгі қаламгерлер үшін әлі қүнге дейін цеberлік мектебі болып келе жатқанын ешкім теріске шығара алмақ емес. Мұны талантты сыншы әрі жазушы А.Сүлейменов те толық дәлелдейді [6, 148].

F. Мұсреповтің қалық, даңалығы - мақал-мәтелдерді пайдалану өнегесі қозғе түседі. Бір байқалатын жай - жазушы мақал-мәтелдерді көп және жете біледі, бірақ сол білгендерінің бәрін сол күйінде тізе бермейді, сөз орайына қарай, бейнелеуге алынып отырган жағдайға байланысты өте ұтымды қолданады. Соның өзінде мындаған оқырмандарға қашаннан таңыс мақал-мәтелдерге көп бара қоймайды да, сиректеү айттылатынын тілге тиек етеді. Мәселен, «Осы ызамен келе жатқан Омар көңілі «Әдемі алманы көргенде, пыщақтың да тісі қышып кетеді» дегендей, Сармонтай жәғының қызына әр қиядан-

ақ, ауытқып еді». «Оянған өлке» сөйлеміндегі мақалдың кірістірілу барынша қисынды. Әрине, жазушы «Қызға кім қызықпайды, қымызды кім ішпейді» мақалын білмейді емес, сондықтан да ауызекі сөйлеу тілінде де, көркем немесе публицистикалық шығармаларда да жиі кездесіп, әбден таптаурын болған сөйлемді, тәрбиелік мәні жоғары екендігіне қарамастан, дәл осы Орайда пайдалануды жөнсіз санағаны көрініл түр.

«Осы жолдарды оқығаннан кейін «Қазақ бір күнде екі адамға ақыл айтпаса, отыра алмайды» дегенді бекер-ақ, қоспаған екен» деді Кенжеғара» («Жат қолында»). Кенжеғараның бұл мақалды айтудының және кекетінді магынада айтудының мәні бар, ейткені осының алдындаған ол Седельников деген орыс ғалымының қазақ туралы азын-аулақ жағымды, содан соң бояуды қалың жаққан жағымсыз пікірін оқыған болатын.

Жазушы Кенжеғараның аузына мынадай да сез салады: «Франция отарлап болған жеріне қала салады, Англия - мола салады» деген тағы бір нақыл сез бар. («Жат қолында»). Туган елінің байлығына қызығып бірінен соң бірі келіп жатқан шетелдік алпауыттарға қарап, тілті қарап қана қоймай, олардың әрекеттерін көзімен көріп, күнде күә болып жүрген Кенжеғараның бұлай демеске амалы да жоқ, еді.

Жүртшылықтың қолданысында жиі үшырасып жүрген мақал-мәтелдерді жұмысағанда әйгілі сез зергері оны стильдік мақсатта әдемі пайдаланады. Біз келтіргелі отырған мысалда мазмұны мен құрылымында мін жоқ, мақалда кейіпкердің күлкілі бейнесі тұрғысынан теріске шығару әрекеті байқалады: «Бетін қисық болса, айнага өкпелеме» дегенді билетінмін, бірақ осы айнаның өзі де қисық шығар дегім келеді. Айнаның қасында менен басқа бала жоқ, болып шықты. Ал өз суретімді суға түсіп жүргенімде талай көргенім бар, мына сүмпайыға ілуде бір мүшем үқсамаса керек еді. Тап мынадай болған түрімді бұрын-сонды үшыратқан емеспін» («Қазақ солдаты»).

Әрдайым бұлай бола бермейді, демек, халық мақалмәтедерін сол қүйінде де кірістіріп, кейбір тұлғалық өзгерістер ғана енгізеді: «Ет те келді, мойнақ шынылар да шыға келді. Ұрланып қана стакандар сыбырласты. Жарықтықты ептей жылжытып жас етпен қабаттал, «тамақ, жібітісіп қояды». Дастанхан артынан қәдуілгідей «дәм қайырып», езулерін жырта-жырта тістерін шұқып, төрелер кейін шалқайысты... Ет артынан тағы қымыз, тағы шай... «Жақсы ас қалғанша, жаман қарын жарыла берсін...» («Тулаған толқында»). Мақалдың тұп нұсқасында - «... Жаман қарын жарылсын» болса керек... Ал мынадай жағдайда оқиғаның, құбылыстың созылыңқылығы, жалғастылығы білініп тұр. Мына мысал туралы да осыны айтуга болар еді: «Өсер елдің баласы он бесінде баспын дер, өспес елдің баласы жиырма бесте жаспын дер» демес пе еді бұрынғылар («Жат қолында»).

«Бала кейде бір қонып кеткен қонаққа да тарта салады» дейді автор». F.Мұсреповтің сөз қолданымына қатысты екінші бір үлкен жазушы F.Мұстафин осындағы сөйлемді келтіреді де, әрі қарай қатарластық, құрдастық, әзіл айтады: Бала қонағына-тартса, қонағы авторына тартқан сияқты» [7, 286]. Бұдан әрі F.Мұстафин әдеби тәжірибеге қатысты салмақты, сабырлы, салиқалы ойға ауысады: «Ал осы қарапайым сөздің күшін байқайсыздар ма? Қалжыңға қанат бітіріп тұр. Сөз шеберлері қашаннан бері сөзге қанат бергізіп келеді. Қанатты сөз халық үстінде қалықтайды, қанатсыз сөз үй маңынан үзамайды». [8, 286]. F.Мұсреповтің туындыларында мұндай қанатты сөздер мол және қисынмен ұшырасады. Мұндай қанатты сөздерін оның шығармаларының қай-қайсысынан да кездестіруге болады. Мәселен, «Қай балаға да әке керек. Есеней сияқты мүгедек әке де керек екен. Біжекен қазір сол әкесін сағынып зарлап отыр» («Ұлпан»). Мұндай нақылдан екі ұрпақ арасындағы сүйіспеншілікті көркем сөзбен жеткізген философиялық, түйінді байқаймыз. Мына мысалдардан күнделікті жұмыс барысындағы адамдар

арасындағы қарым-қатынасты білдіретін және сөздердің қолданылу шеберлігімен есте сақталатын ой-тұжырымды аңғарамыз: «Өзі де жұмыскер адам жұмыскер тілімен сейлейді» («Жат қолында»). «Істеушінің бабы - істетушіде, домбыранын күйі - бұраушыдағой» («Оянган өлке»). F.Мұсреповтің кейбір қанатты сөздері адам мінезін, қылығын, болмысын тануға байланысты болып келеді: «Адамның барлық ішкі дүниесінін портреті жүзінен де көрініп тұрады» («Жат қолында»). Мұндайда әдетте адамның көзі, жанары айтылуышы еді. Мына жерде автор саналы түрде стандартты қолданысқа бармай отыр.

Теңеуді қолдану ыңғайында Мұсреповтің ерекшелігін байқау қыын емес. Дәлірек айтқанда, бір құбылыстың немесе заттың басқа құбылыс пен затқа салыстырылуы арқылы олардың арасындағы үқастық қана емес, қарама-қарсылығын да көрсетіп отырады: «Есенейдің табақтай қара шұбар беті қыздың аққу жұмыртқасындағы аппақ бетіне жақындағы берді» («Ұлпан»). «Өзі бойшаң еken... Байлық жараспайтын адамдар болатыны сияқты, сәндік жараспайтын, сұлулық жараспайтын қыздар да болады. Мына қызға не кигізсөң де, жараса кетер еді. Құмға шыққан құба тал, қандай есуас сындырып әкетер еken» («Ұлпан»). «Өркештері өсек айтысып отырган екі кемпірдей кезек изескен семіз түйелер паң аяңдап, шұбал арғы қабаққа шыққанша, Ушаков та көзін айырган жоқ» («Жат қолында»).

Кей реттерде теңеу мен эпитеттерді ажырату оңайлыққа түспейді: ондай жағдайда теңеулер эпитеттер түрінде келетіні бар. Келтірілген мысалдағы құба тал сөз тіркесі келбетті, мінезді қыз мағынасында беріліп отырганы түсінікті. Сондықтан ол тіркесті құба талдай қыздеп қабылдауымызға болатын сияқты. Екінші сөзben айтқанда, құба тал келтірілгелі отырган мысалдардағы соқла тас немесе мыс жолаушы тіркестерінің қолданысынан ерекшеледі, өйткені қатаңдығы мен қатыгездігіне байланысты тас сөзінің адам мағынасында, жолаушы сөзінің кен мағынасында жұмсалып тұрғаны

дау тудырмаса керек: «Осылайша, жіңішке жолға қелденең жатқан бір соқпа тас (Жұман байды меңзейді. - М.С.) қысыңды, бораныңды, өлгеніңді, өксігеніңді танымайтын жаңа бір құштің мұрындығына соғылып, аударылып қалды» («Оянған өлке»). «Қазақ, даласынан дүниежүзілік көрмеге бірінші рет аттанып бара жатқан мыс жолаушымен қоштасып қалуға жүрттың бәрі осы араға жиналыпты» («Оянған өлке»).

F.Мұсрепов прозасында кейіптеудің көптеген түрлері қолданылып отырады. Мәселен, *самауыр әндегеді, боран қиқулады, жел есінейді т.с.с.:* «Біріне-бірі сай асыл нәрселер жарасымын тауып, жымыңдастып түрғаңдай» («Оянған өлке»). «Іңір де түсті, боран да лоқсып-лоқсып қалып, қиқуап жүре берді» («Оянған өлке»). «От жағылмаған екі темір пеш тұксип тұр» («Оянған өлке»). «Алғашқы айларда шоқ-шоқ қарағанға тірелген сары балшық ыржып жатқанда, қазақ жұмыскерлері оны сары ауыз деп жүріп еді...» («Оянған өлке»). «Дала желі үйқысынан енді ғана оянып, ақырын ғана есіней бастапты» («Оянған өлке»). Мұның барлығы да бейнелеп отырған заттар мен құбылыстардың, айналадағы көріністердің адам сезіміне лайықтап, түсінігіне сәйкестендіріп бейнелеу мақсатында қолданылған. Көнігі сөз шебері F.Мұсрепов әр сөз берен сөз тұлғасына ерекше назар аударуды әдеттіне айналдырған суреткөр ретінде дағдыдан тысқары тұлғаларды қолдануға саналы түрде барады. Мұны автордың сан алуандықты қолдайтыны, сондықтан стильдік даралық, деп қабылдауға болады.

Осы жай - сөйлем мүшелеріне әсіресе, бастауышпен баяндауыштың тұлғаларына тікелей қатысты болып келеді. Айталақ, F.Мұсрепов прозасында *біз болсақ, өзі болса, өз қара басым, біздікі, сіз болып, біз болып сияқты* тіркестер бастауыш қызыметінде жұмсалады. Мұның мысалдарын «Оянған өлкеден» көптеп кездестіреміз: «Біз болсақ, ондайға ыңғайымыз жоқ, дәкір жандармызы». «өзі болса малшы-жалшылармен ойнап-күле жүргені болмаса, бірде-бір болысып көрмегені есіне түсті.» «Бідікі

кірпіші мен қағаз шайы араласқан сәтсіз шай болады». «Сіз болып, біз болып ол ыңғайға көнбеуіміз керек». «өз қара басым оны тілемеген болар едім».

Бастауыштардың мұндай тұлғаларда келуінен көзге түсетін тағы бір жай - ауызекі сөйлеу тіліндегі нормалардың жазба тілде қалыптастыру ниетінен туган дағды десе болғандай.

«Оянған өлке» және «Жат қолында» романдарындағы баяндауыштардың жасалу тұлғалары да дағдыдан тысқары жайларды көрсетеді, яғни кей реттерде баяндауыш сөз тек етістіктерге аяқтала бермей, әр тұлғадағы есім сөздер ретінде кірістіріледі: «Жұманның жылқысын бағуға он бесінде түсіп еді, содан бері осы есікте» («Оянған өлке»). «Әкеліш тұрган - мен, ақылдастып тұрганым - сіз» («Жат қолында»).

Ф.Мұсрепов баяндауыштарындағы *керек* сөзінің онымен тіркесken сөзben байланысу формасы әр түрлі болып келеді: бірсесе барыс септігінің жалғауымен келеді (іздеуге керек), бірсесе түйық етістігімен келеді (іздеу керек), енді бірде тәуелдік жалғауымен келеді (іздеуің керек); «Бұл боранга дейін көлденің жатқан ақ құртіктер енді құйрығын шығыс жаққа бұрып, созылып жатыр. Сол құйрық қалай қарап жатса, малдың қалғанын да сол жақтан іздеуге керек» («Оянған өлке»). «Табаныңды қарып, тақылдаپ жатқан сұық жер еден отырғызар да емес, тұргызар да емес, тебініп тұрып қана шыдасаң керек» («Оянған өлке»).

Жазушы Ф.Мұсреповтің өз әріптестерінен ең басты ерекшеліктерінің бірі - қалың қауымға барынша түсінкіті және әдеби нормадағы сөздерді пайдаланады. Екінші сөзben айтқанда, оның туындыларында оқырманның құдігін тудыратын сөздер мен сөз тіркестері ұшыраспайды десе де болады. Егер әйгілі суреткердің сөз қолдану тәжірибесін ой елегінен байыппен өткізер болсак, аз да болса диалектілік сипаттағы немесе баршамыз түсіне бермейтіндері де кездесіп қалады. Бұл, әлбетте, автордың аңқаулығынан немесе сөзге деген

жауапкершілігінің төмендеуінен деуге әсте болмайды. Керісінше, жазушы мұндай жағдайда да әр түрліліктілікті басты нысана етсе керек. Мәселен, *бәден*, (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Бұдан әрі -ҚТТС, 2-том) сөзінің мағынасы - *көрік, шырай, өң, бет-ажар*. «Өзіде дөңгеленіп біткен, әлі бәдені бұзылмаған, аздаған кербездігі бар әйел, әр кезде ақ жарқын, замандастарының сыйлас ұстайтын адамы еді» («Оянған өлке»). Сол сияқты, *құлақтас* (ҚТТС, 6-том) жиі айттылмаса да, *хабарлас, хабардар* деген мағынаны береді: «... сен біздің бала мен кемпірге құлақтас болып отырарсың» («Оянған өлке»).

Бүкіс болса (ҚТТС, 2-том) бүкіш немесе бүкір мағынасында жұмысалған: «Кең алапта тұмсық түйістіре жатқан кесек жонды, бүкіс жоталы Қарағандының денесіне түскен жалғыз елеулі белгі - ашық шахта «Қаражыра» атанып кетіп еді» («Оянған өлке»). ҚТТС-тің 2-томында *бозалаңдау-дың қыландау, ақшылдау, бозғылттау, сондай-ақ, таңсәріде. ертемен* және *ағараңдау, бозғылттау* сияқты мағыналары атап көрсетіледі. Бір қарағанда, ол мағыналар бір-бірінен айта қаларлықтай алшақ, кетіп жатқан да жоқ. Солай бола тұра, Габенің мына сөйлемінде соңғы мағына қисынды көрінеді: «Шашын қырып тастағаннан кейін, күнге күйген қара-қошқыл түсті адамның басына бозғыл-көк тақия кигізгендей, шалдың тақыр басы ғана бозалаңдайды» («Жат қолында»). *Қызыарыңқы* (ҚТТС, 6-том) да сирек жұмысалады, оның мағынасы *аздап қызыарған* екені контекстен де түсінкті болып тұрады: «Мынадан күн көзінде болғандықтан ашық жүзі қызыарыңқы көрінеді» («Жат қолында»). Жазушы шығармасында *қыжырту* (ҚТТС, 6-том) сөзі *kekету*, мұқату мағынасында пайдаланылған: «Бұрын Рязановтан күтер мінездер осы кезде түгелімен Ушаковқа ауысқандай, орынсыз қыжыртып, кінесіз ренжітіп алғанына өкінбейтін сияқты» («Оянған өлке»). *Mіскіншілік* (ҚТТС, 7-том) *бейшаралық, ғарып-қасер* мәнінде берілген: - Сол шамада тары бір келіп, міскіншілік

жайымызды баяндаپ кетүте лүкшат етіңіз, - деді Карно («Жат қолында»). *Тескіндік сөзі диалектілік сипаттағы сөз болып отыр.* Оның мағынасы - *жұттан аман қалған ел* (Қазақ тілінің диалектологиялық, сөздігі, 1969, 330-бет): «Дегенмен, бүгін бір тескіндік көргендей қуанып қайттым» («Жат қолында»).

Басқа стильдік тәсілдермен салыстырғанда, Ф.Мұсрепов дамытуды сирегірек пайдаланады. Соның өзінде ол дамыту ерекше қызмет атқаруының нәтижесінде оқырманның зердесінде сақталып та қалады. Салмақты жайдың өзін тәжірибелі жазушы юмор мен сатираның құралы ретінде ете ұтымды кірістіріп отырады: «Кохоз мүшелері сұраған сайын, басқарма бастығы жауап берген сайын, сұрауга сұрау қосылып, ұсаққа ұсақ, жамылып, іріленіп, сұрау біткен тоғысып, дәл осы сәтте білеуленіп болған кезі еді» («Алғашқы адымдар»). «Кешегі теңселіп жүрген Қази бүгін зыр жүгіріп жур... Теңселгеннің әкесі мынада екен: үйге кіргенде иығымен соқтықлаған, маңдайшага басын соғып, қалпағын түсіріп алмаған, қалтасын босағаға іліп алмаған, иықтарынан шекпендері ұшып кетпеген төре аз болды» («Тулаған толқында»).

Бұл мысалдардың дамытуға жататын себебі - мұнда сәтсіз қимыл-әрекеттерді жай тізіп шығуғана емес, сол әрекеттерді бірінен-бірін асырып, күшайте түсу бар. Сонысымен көрнекілік айқын болып отырады да, оқырманның не аяушылығын, не ызасын келтіреді, әйтеуір, бей-жай қалдырмайды. Екінші жағынан, мысалдарға қарал, Ф.Мұсрепов дамытудағы алғашқы шығармаларында, яғни жас кезінің өзінде дамытуды сенімді жұмысай білген деуімізге толық, негіз бар.

Ф.Мұсрепов шығармаларының барлығында дерлік, әсіресе, көлемді және шағын прозасында, қайталаамаларды барынша мол әрі орнымен қолданып отырады. Оның алдында дәл осы мәселеден үлкен өнегеден үйренгені білініп те тұрады. Әлбетте, Фабең ауыз әдебиетіндегі, Абай туындыларындағы, өте-мәте Ж.Аймауытов қаламынан туган қайталаамаларды сол қуйінде алған емес. Өзінше,

Мұсреповше, қайталаманы шебер жұмсайтыны қашаннан бері әдебиет сүйер қауымға жақсы таныс: «Ұрының күәсі көп, өтірік даудың күәсі көп, зорлықшының күәсі көп» («Ұлпан»). «Ұлпан отауына кіре бере жылап жіберді. Құні бойы әлдене алқымына тіреле беріп еді, ол көздің жасы екен: ағылды-кетті, ағылды-кетті, кете берді, кете берді» («Ұлпан»). «Шәріп анау терезенің алдында тұрып сөйлемеді. Сөйлей-сөйлей орнынан қозғалып, сезін бітіруге жақындағанда, жылжи-жылжи үстелге келіп, үстелді бір-екі рет жұдырықтап жіберді... Иә, Шәріп сөйлегенше, оң жағындағы Кәрім мен сол жағындағы Рақима қосыла сөйлемеді» («Алғашқы адымдар»). «Тұннің әлдеқашан ауыл кеткеніне, жиналыстың қәдуілгідей жарияланып жабылғанына қарамай, колхозшылар топ-топ бол гүлдеп, шығып барып, қайта келіп, қайта кіріп, қайта сөйлеп, тағы келіп, тағы сөйлеп, тағы айқайлап, әрен деңгендеге үйлеріне тарасқан» («Алғашқы адымдар»). «Алла-ның қолынан өткен әрбір мүшелік сияқты ұзынқұлақтың да өзіне гана тән мінезі бар. Естіген хабарды аздал өсіріп, аздал өндеп, аздал толықтырып, жағымды болса, өз аулына, жағымсыз болса, көрші аулына, басқа елге қарамай аудара салатыны болмаса, басқа құнәсі болып көрген емес» («Жиырма төрт сағатта»).

F. Мұсреповтің қайталамаларды әр алуан, әсерлі, тартымды етіп беретіні соншалық - жастар түгілі, жасамыс қаламгерлердің түгелге жақыны оның үлгісін пайдалануда деп батыл айта аламыз. Осы ойымызға кейбір мәдениетті оқырмандардың, ғалымдардың келісе бермейтін жайлары бар. Әрине, шеберліктің дәл осы мәселе сінде F.Мұсрепов өнегесін олар теріске шығармайды, бірақ нақтылы мысалға келгенде, басқа көзқараста екенін ашық айтады. Бұл ретте түсінікті болу үшін тарих ғылымының аса көрнекті маманы, академик М.Қозыбаевтың пікірін толығырақ, келтіргенді жөн деп білеміз:

«... «Қазақ әдебиетінің» 1984 ж. 19 октябріндегі номерінде Мырзатай Серғалиевтың «Орнын тапқан сөз - асыл» деген мақаласы жарияланды. Жазушы Әкім Таразидің «Тасжарған» романын мақтайды: «Әкім Таразидың әсіресе, «Тасжарғанында» да сөздерді әшейін кездейсоқ қайталау емес, мақсатты, саналы түрде қайталарап отыратындығы байқалады» - дейді. Және жазушы бұл қайталауларды F.Мұсрепов шығармаларының тәлімінен деп пікір түйеді. Осы пікірді дәлелдеу барысында автор мынандай мысал келтіріпті: «Сөйтіп түрғанда, тұлғасын қолдан құйғандай, цыган түстес бүйра бас жігіт келіп, Асылханға бірдене-бірдене деді, ана жігіт оған бірдене-бірдене деді. Топтан Зәмзәм бөлініп шығып, ана екеуінің қасына барды, барды да, қара жігітке бірдене-бірдене деді, қара жігіт оның қеудесінен итерді де, Асылханға бірдене-бірдене деді. Асылхан қолын сілтеп-сілтеп, бірдене-бірдене деп тастады». Мұндай қайталауларда автордың суретtelіп отырған ситуация мен ортаға, адамдардың қарым-қатынастарына орай жеңіл юморы, тіпті сарказмы айқын көзге ұрып тұрады». Сыншының бұл пікіріне қосылу қыын. «Бірдене-бірденелердің» кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастарды юмормен, сарказммен көрсетіп тұрмаганы хак. Осы мысал жазушыны мақтау орнына даттауға дәлел боларлық үзінді емес пе? Қалай болғанда да, бұл мысалдан жазушының Фабит ағадан тәлім алғып тұрмаганы баршаға аян [9]. 1986 жылы Қазақстан Жазушылар одағында соңғы жылдардағы қазақ әдебиетінің тіліне арналған конференцияда жасаған қосымша баяндамасында академик, көрнекті тіл маманы Әбдуәли Қайдаров та академик М.Қозыбаевтың көзқарасына үқсас түсінігін айтқан болатын. Тіл академигінің атап көрсеткенідей, бір жас ғалым (мүмкін, менің көnlімді жықпау үшін атымды атамаған болар) жазушы Ә. Таразидің табысы ретінде бірдене-бірдене деген қос сөздің бірнеше рет қайталауын дәлелдегісі келеді, бірақ жазушының белгілі сөзбен кейіпкерлерін сөйлетпегені түсініксіз, осындай түсініксіздікті әлгі жас ғалымымыз

табыс деп ұсынбақшы болады дегендей жағымсыз ойын білдірген еді. Соңдай принциптерін (устанымдарын) ұсынғанымен, біз өз пікірімізде қалатынымызды баса айтқымыз келеді, өйткені нақтылы бір көркем шығармадағы авторлық баяндау болсын, кейіпкерлер тілі болсын, сөз салтау түрғысынан әңгіме қозғағанда міндепті түрде сол шығарманың мазмұны мен архитектоникасына бойлап ену қажет болады. Соңда сол шығармадағы бейнеленген ортаны, сол ортада әрекет етіп жатқан адамдарды жан-жақты ұғынуға мүмкіндік туады. Шығармадағы оқиға өмірден (әрине, көшірілмей) алынатынын ескерсек, өмірдің өзінде әркім әрқалай баға беретін бір құбылысты кездестіруге болатыны анық қой. Оған қоса, сөз қолдануда жазушылардың өзіндік стилі, өзіндік ерекшелігі болмаса, ол шығарманың көркем аталуы да қызын. Сөз болып отырған жайға келетін болсақ, Асылхан және оның жолдастары сыраханага, әлбette, сыра немесе басқа ішімдік ішүү үшін келгені ақиқат. Ал сол кездерде салауаттық өмір салтын сақтау үшін ішкілікке тыйым салынғаны көпшілікке жақсы мәлім. Міне, соңдықтан да Асылхандар басқалар түсінбейтін, демек, өзгelerден жасыратын жаргонмен немесе ым тілімен сөйлесуі қажеттіліктен туып жатқаны мәлім. Егер дәл осы тұста жазушы Асылхан мен оның достарына «кәне, бір сомың бар ма ішейік» деп ұран тастай, айқайлай сөйлесе, көркемдік құн да қалмайды, кейіпкерлердің бейнелеріде ашылмай қалар еді. Бұл - бір. Екіншіден, өнеге алу да көшірме емес екенін еске сала кету артықшылық етпес.

Сонымен, дамытуда болсын, қайталаамаларда болсын F.Мұсрепов сейлемнің тұrlаулы мүшелерін де, тұrlаусыз мүшелерін де түгелдей қатынастырады.

F.Мұсреповтің бірыңғай мүшелеріндегі жалғаулықтардың стилистикалық қызметі әр түрлі болып келеді. Айталық, мен жалғаулығы адамның, заттың, құбылыстың туыстығын, жақындығын, бірлігін білдіреді; әрі жалғаулығы даралауды, жіктеуді көрсетеді. Бірыңғай мүшелер жалғаулықсыз немесе да /де/, та /те/ жалғаулықта-

ры арқылы байланысқанда, тиісті нысандардың тізбегін байқатады: «Көрі күйеу мен қызының әзіл-қалжындары жараса кететініне Несібелі әрі таң қалады, әрі қуанады. Бұл - үлкен адамның кішірейгені ме, кіші адамның үлкейгені ме?» Қызы «Есенейді әрі билеп, әрі еркелете сөйлейді». «Бозбалам» дейді. «Жолбарысым» дейді. Есенейдін, өзі де асқан ақ, көңіл, мейірімді адам болып барады. Бұл Есеней - Несібелінің бұрын көрмеген адамы. Байлық, батырлық, аң құмарлық, билік дегендердің бәрі да лада қалды. Бар қызығы - жалғыз Ұлпан. Ақылдасары да, әйелі де, қызы да, тіпті шешесі де сол Ұлпан ғана» («Ұлпан»). «Иглік би паң да, тәқаппар да емес. Даусын көтере сөйлегенін, бір адамға сұық, жұз көрсетіп, қабақ шытқанын ешкім көрген де, естіген де емес» («Оянған өлке»).

Жазушы бірыңғай мүшелердің бәріне ортақ сөзді қайталамай, бір-ақ, рет беруі мүмкін: ақ, көңіл, мейірімді адам болып барады (*ақ, көңіл адам болып барады, мейірімді адам болып барады* деудің орнына); паң да, тәқаппар да емес (*паң да емес, тәқаппар да емес* деудің орнына).

Тағы бір байқалатын жай - F.Мұсрепов және мен меннің орнына *да /де/, та /те/* жалғаулықтарын қолданатыны бар: «Алды-артын ойланса, бұған болысар да бір жан жоқ екен. Жетім де жалғыз, панасыз да қорғансыз» («Оянған өлке»). Мұндайда мағыналары үқсас сөздер жұп-жұбымен тіркеседі.

Сөз болып отырған жазушының прозасында қызықты құбылыс -бірыңғай мүшелерге үқсас конструкциялар кездеседі және олар мүмкіндігінше мол орын алады.

Бір айта кететін жай - бірыңғай мүшелерге үқсас дегеніміз шартты ғана ұғым. Шындығында, олар - құрмалас сөйлемдер. Әңгіме аталған екі түрлі конструкцияның да (бірыңғай мүшелі жай сөйлемнің де, құрмалас сөйлемнің де) мазмұн жағынан жақын келіп, бір-бірімен алмасу мүмкіндігінде болып отыр: «Таң ата Ушаков жүріп кетті. Қайда барады, қашан қайтады - оны

ешкім де білген жоқ» («Оянган өлке») (қайда баратынын, қашан қайтатынын деудің орнына). «Жұмыскерлердің сұрайтындары кеп те, менің істей аларым аз - оны езім де жақсы білемін» («Оянган өлке») (сұрайтындарының көп екенін де, істей аларымның аз екенін де деудің орнына). «Қанша жұмыскер керек, нелерің жетпей жатыр - ойланған келерсің» («Оянган өлке») (қанша жұмыскер керегін, нелеріңің жетпей жатқанын ойланған келерсің деудің орнына). «Жегені қанша екен, соны аша салса, нағыз қызық сонда болады» («Жат қолында») (жегеніңің қанша екенін аша салса деудің орнына). «Игілік баю жолында арам деген немене, адап деген немене, оны өмірінде бір рет есіне алып көрмеген адам еді» («Жат қолында») (адап дегеніңің не екенін, арам дегеніңің не екенің деудің орнына).

Ф.Мұсрепов қаламынан туған сөйлемдердің ішінде дағдыдан тыс тіркескен сөздердің байланысын аңғару қын емес. Әдетте *Ақбаламен қоштасу* (көмектес септігіндегі мәңгеру арқылы) немесе *құлдықты мойындау* (табыс септігіндегі мәңгеру арқылы) болса керек еді, ал жазушы *Ақбалаға қоштасу* (барыс септігі жалғауы арқылы) немесе *құлдыққа мойындау* (тағы да барыс септігі жалғауы арқылы) байланысты ұсынады: «Ақын Ақбалаға көзімен ғана тағы бір қошасты да, шығып кетті» («Кездеспей кеткен бір бейне»). «Жабай Жуманның әкесін алып кетуге жылына екі рет барып жүрсе де, құлдыққа біржола мойындал кеткен сорлы шал көнбей қала беретін» («Жат қолында»). М.Әуезовтің «Абай жолындағы» «Абай Лермонтовқа шұғылданып отыр еді» деген мысалды еске түсіреді.

Қалың қазақтың ұғымында *ойдын астында қалу, көзге үрып тұру, жауап бермеу, жылап отыр екен, мәдениетті арман* деген сияқты тіркестер түрінде қолданушылық, бар. Алайда, Ф.Мұсрепов осыларды сәл өзгеріс ыңғайында *ойлардың устінде жату, көзге соғу, жауап етпеу, жылаулы екен, мәдениеттік арман* түрінде қолданады. Бұл тәріздес мысалдардың көп кездеспегеніне қараганда,

жазушы тәжірибе үшін пайдаланды ма екен деген ой келеді. Оқырмандар тұрғысынан оншалықты қолдау таппағандықтан бұларды «Оянған өлке» мен «Жат қолында» романдарынан басқа шығармаларында қолданбаған тәрізді: «Бұланбай сол ойлардың үстінде жатқанда, сырттан ауыз үйге Көпей келіп кірді» («Оянған өлке»). «Бұл екеуінен басқа шынайы астана адамынша сымбатты киінген, мәдениет бұлағының жағасына біткендей сыланып өскендігі көзге сорып тұрган тағы адам бар» («Оянған өлке»). «Инженердің ашу үстінде жауап етпеңіз дегенін қабылдамай, темір қаламды сиясына тық еткізіп алып еді» («Оянған өлке»). «Айғанша әлі анау күндегісіндей, әлі жылаулы екен» («Жат қолында»). «Мектеп оның мырзалығы да, жан ашырлығы да емес, мәдениеттік бір арман да емес, дәл күні бүтінгі өндіріс тілегі еді» («Оянған өлке»).

М.Әуезов пен F.Мұсреповке ортақ бір ерекшелік - екеуі де ортақ етіс жұрнағын өнімді жұмысайды, яғни -с жұрнағы арқылы іс-әрекетке қатысуышылардың бірдей қимыл-қозғалысын, психологиялық жайын дәл береді: «Екі шеше құшақтасып алып бұл жолы да егілп жыласып алды» («Жат қолында»). «Қысқа-қысқа тіл қағысып, анда-санда өз араларының сенімділігін тексерісіп қояды» («Жат қолында»). «Екі есерлеу адам қыза келе қызыарысып кетер ме деп қауіптендіде, Кенжеғара тоқтау сала жауап қайырды» («Жат қолында»). «Осыдан кейін қалай қимылдайтындарын түсінісп алды да, Байжан қек жорғамен қасқыр шоқаққа салып ілгері асып кетті» («Оянған өлке»).

Жазушының туындыларында *-у*, *-ю*, *-ға* аяқталатын зат есімдермен қатар, *-ыс*, *іс*, *-с* жұрнақтарына аяқталатын зат есімдер де жиі кірістіріледі. Біздіңше, мұның да стилистикалық мәні бар: түйық етістіктерге үқсас зат есімдердің аралас жүруі оқырмандарды бір ғана тұлғалы сөздермен жалықтырып алмаудың қамы болса керек:»Ойларында осы маңайдан тез кетудің асырысы ғана бар сияқты» («Оянған өлке»). «Көпшілік

сұрауларында аңырыс барын үндерінен байқап тұрған Михайло Неволя қазақ, жұмыскерлерінің қаншаға шыгарын ойланып, едәуір уақытқа сөз қоспай қалды» («Оянған өлке»). «Дәл осы кезде арт жақтан бірдеме өкіріп қалды. Қазақ даласында дүние жаралғалы естілмеген өкіріс» («Жат қолында»). «Кенжеғараның қысылысы қүшейе түсті» («Жат қолында»).

Ф.Мұсрепов сияқты сөз зергерінің өз халқына, оның тіліне деген кіршіксіз перзенттік махаббатына еш күмән болмаса керек. Мұндай ұлы құрметті жазушы тілге қатысты өзекті мақала, баяндама, сөздерімен ғана емес, көркем шыгармаларындағы сөз салтау шеберлігімен де өмір бойы дәлелдеп өткені балага да, данага да белгілі. Ф.Мұсрепов тілі халқымен бірге жасай бермек.

1/ Мұсрепов F. Сөбит Мұқановқа хат// Мұсрепов F. Суреткер парызы. Алматы: Жазушы. - 1970.

2/ Әуезов М. Жыырма томдық шыгармалар жинағы. 19-том. Алматы: Жазушы. - 1985.

3/ Кенесбаев С. О казахском литературном языке // Очерк истории казахской литературы. М.: Изд-во АН СССР. - 1960.

4/ Балақаев М. Тілдік норма және поэтикалық фразеологизмдер // Сөз онері. Алматы: Фылым. - 1978.

5/ Сыздық Р. Фабең және қазақтың көркем тілі // Егemen Қазақстан. - 2002. - 16-сәуір.

6/ Сүлейменов А. «Өлшеніп өнер тартылса...» // Сөзстан. 1-кітап. Алматы: Жалын. - 1980.

7/ Мұстафин F. Габит туралы бірер соз // Мұстафин F. Ой әуендері. Алматы: Жазушы. - 1978.

8/ Бұл да соңда.

9/ Қозыбаев М. Тарих және әдебиет // Қазақ әдебиеті. - 1998. - 15 январь.

«Сөйлеу тілі диалогқа құрылады. Бірі - сұрақ, қоюшы, екіншісі – жауап қайтарушы. Диалогта айтушының көніл күйі, сезімі жеңіл бейнеленіп, оңай түсініледі» [1, 19].

«Диалог, сонымен бірге, мазмұны жағынан ғана емес, ой мен сезім беру жағынан да сөйлеушінің мінезін беру құралы, көркем бейне жасаудың құралы бола алады», - деп Д.Э.Розенталь диалогтың ерекшелігіне баға беріп кетсе [2, 333], М.Горький « ... адамдар жайында әңгіме жазу олардың іс-әрекетін, мінез-құлқын, т.б. қасиеттерін жайып бере салумен шектелмеуге тиіс. Көркем әңгіме жазу дегеніміз адамдардың суретін қылқаламмен не қаламмен салл шыққандагыдай сөз тігісіне түсіре білу болып табылатындығын» [3, 123] атап көрсетеді.

В.В. Виноградов көркем прозаның тілін талдағанда: «Көркем шығарманың тілі монолог пен диалогтың әр түрлі типтерінен, ауызекі сөйлеу тілі мен жазба тілдің алуан түрлі формаларының қосылуынан тұрады» [4, 333]-дейді.

Диалог авторлық баяндаумен өте тығыз байлыныста болады. Бұл байланыс тек мағыналық, жағынан ғана емес, сонымен бірге, құрылымы мен стилистикалық, жағынан да келеді. Құрылымы жағынан авторлық баяндау мен диалог арасындағы жақындық комментарийден (түсініктемeden), кейіпкердің сөздерін, реплика (сілтеме сез) түрлерінен, қайталулардан, ремарка мен репликаның ішкі құрылымдық ерекшеліктерін көрінеді.

Бейне жасауда шешуші факторлардың бірі болып отырған диалогқа, оны шығармада шебер бере білуге тиісті суреткердің мақсат, міндеттеріне тоқтала келіп, атақты жазушы Фабит Мұсреповтің «Ұлпан» романында әр кейіпкерді даралаудағы, оны есте қаларлықтай етіп бейнелеудегі тәсілдерін сөз етудің зор маңызы бар екендігі даусыз.

Жазушы диалогы ең алдымен кейіпкер бейнесін даралауда үлкен қызмет атқарады.

«- Әділ би деп алдыңа жүгінуге келдім, Есеней. Арызымды тыңда! Осы әулиесіп отырган Тілеуімбет бидің мініп жүрген сары ала жорғасы кімдікі екен? Соны біліп беріңіші, -деген.

- Өзінікі болат та! - деді Есеней. - Тілеуімбет би біреудің атын мініп жүр деймісің?...

- Жоқ, Есеней би, алты дуанға атағы жайылған сары ала менікі. Осы кісі бас болып келіп, екі жеті өтті, сары аланаң түқымын түгел айдал әкетті...

- Ал, биеке, төрелігін езіңіз айтыңыз! - деді Есеней Тілеуімбет биге.

- Қырық, қамшы дүре!

- Кімге?

- Би үстінен шағым айтушыға болат та!

Есеней аз аялдан отырды да:

- Ат сенікі! - деді Жаманбалага».

Осы келтірілген диалогтан Есенейдің бетке айтар қайсар, тік мінезі мен қара қылды қақ жарған тұра би екендігін білсек, ал төмендегі диалогтан оның сонымен қатар, дегенін істетіп, айтқанын орындағып үйренген, қазақ шонжарларының бірі болатын тұлғасын да танимыз.

«Есеней еліне қайтқалы жатқан Мұсрепті шақыртып алды.

- Бір қыс бірге болайық деп едім, көнбедің, сұр бойдақ... Себебің бар шығар, сұраймын. Тек менің соңғы бір қолқамды орында.

- Жарайды, аялдайын.

- Аялдасаң, қазір аттан. Артық, байға құда түсіп қайт. Неге шошып кеттің? Ұлпанға Есенейдің көңілі ауып жүр де. Мендей шалдардың талайы-ақ, тоқал алды. Мен де езіндей сұр бойдақ. Сен-қатыны жоқ сұр бойдақ, мен, қатыным болса да, он жылдан бері сұр бойдақтын. Алпысқа келгенім жоқ. Керегі болып қалса, қыздың езіне де сейлесе кел: Сенің «Алғашқым» деген күйің болса, менің «Соңғым» дейтін күйім осы қызы-Ұлпан. Қыз-келіншек дегенде қырың сынып көрмеген боздақсың, көрсет осы жолы».

Қаһарманндардың әр сөзі назардан тыс қалмайды. Өмір тәжірбиесінің молауынан көзқарасының өзгеруіне қарай ой-пікір, көзқарас та өзгереді. Есеней басындағы эволюцияны, ұлы өзгерісті мына диалогтан көреміз:

«- Ұлпанжан, менің еншімді бөліп бергені несі деп ойлап қалма. Бұл еншің емес, сыйлығым. Басқа дүниені екі Есеней бірге билерміз. Мына қосты өзің оңаша биле, маган қарайламай биле, -деді. -Алдымен кемпір-шалымыз еш нәрседен тарықласын, маган сол болады. Мен баласы жоқ, үрпақсыз қалған адаммын. Ұлым да, қызым да, жарым да жалғыз сенсің, күнім... Күнімдей жарқырап, ел-жұрттыма кейде айбыңды, кейде мейрімді қарап ордамызды жалғыз толтырып отырсан, құдайдан сұрап басқа бір тілегім жоқ».

Немесе:

«-Ағайын-туғандар,-деді Есеней,-көптен бері өзіммен өзім болып кетіп, елдің жайын ойламай, обалдарыңа қалған екенмін. Әуелі оны «Кәрі қыстаудан» көріп едім, көш-жөнекей тағы көрдім. Жаяу -жалпы әрен жеттіңдер жайлауға. Менсіз көшіп кете алмай, күзге дейін жайлауда отырып, қысқа қарай «Кәрі қыстауға» қайта барып тығыласыңдар. Бала-шага қыс бойы қалтырап шығады. Қысқа аман жеткен баланың келер жазға екіден бірі ғана аман ілігеді екен. Өстіп жүріп ел боламыз ба? Осыны ойласайық деп шақырдым...

- Құдай аузына бір жақсы сөз салайын деп отыр білем... өз ойынды түгел айтшы, -деді Бақай қарт.

- Айтсам, қысы-жазы киіз үйде отыруды қояйық. Үренгеннің ұяты жоқ, орыстарша қысқы үй салып алайық. Бала-шага жылы үйде қыстап шықсын. Менің қорығымдағы жерді бәріңе бөліп берем. Эркім үй салып алсын. Мен өзім «Суат көл» жанынан үй салдыратын boldым. Орыстар салады... Шөп шаптыратын, егін салатын болайық».

Бұл - ел ағасы, халық қамқоршысының сөзі. Кешегі айбынынан ел ыққан, қатыгез, талайды қан қақсатқан жаннның жан-дүнисіндегі ұлы төңкеріс.

Ал Ұлпанның есу эволюциясына мына диалогтар дәлел бола алады. Осы диалогтардан Ұлпанның тұла бойы толып түрған ерлік пен ізгілік, ақыл мен парасат, әділдік пен адамгершілік екенін аңғарамыз:

1. «Алдыңғы жігіт ағызған бойы жотаның қырқасында түрған топтың алдына жақындаш келіп, сейлем кетті:

- Армысыздар, ағалар!... «Қаршығалар» шүбарын панарап қонып қалған үш ауыл кірме Күрлеуіттің арызын айта келдік... Биыл қыс осында жан сақтаймыз ба деп, жаз бойы қорып келген жеріміз еді. Жетісіп отырған ел емеспіз... Сорлының зары арлыға кездескендегі деп жіберіп еді... айтар арызымызға құлақ, ассаңыздар екен...

2. - Есеней, -деді Ұлпан, Есенейдің көзіне тұра қарап. -Есеней, «Қаршығалыдағы» бір қос жылқы менікі гой. Сен бергенсің, мен алғанмын. Енді өзіңе қайырып берем. Тек әке-шешемнің көзі тіріде сол жаққа бағылатын болсын. Оларға да мал керегі жоқ. Аз ғана малын қоса бақтырып отырсаң болады. Соның есесіне мына қараша ауылдың аласыларын түгел төлегім келеді.

3. -...Қадірлі болыс - билер, көре тұра озбырлыққа барманыздар. Жесір қалған әйел үй иесі болып қала берсін. Әйел үй иесі болып санаалмайды деп қорқытып, әменгеріне қоса салу пышақ, кесті тоқталатын болсын! Біздің үй облыстық төтенше съезге шақырыла қалса, осы оймен барады».

Ұлпан бейнесі - жазушы жүргегінің терең тебіренісінен тұған, үлкен жүректі мол сезімінен жаралған. Жоғарыда келтірілген мысалдардан Ұлпан бейнесінің есу, кемелдену сатыларын көреміз. Бірінші мысалдан дәuletі мен қайраты қатар қайтқан қарт батырдың жалғыз таянышы өзі екенін сезінген есті де еркін қыздың бойындағы мінез адуындығы мен ақыл уыттылығы қатар тебіндең келе жатқан қыз-Ұлпанды танысақ, кейінгі мысалдан ел ісіне белсене араласып, жоқ жітіктің мұңмұқтажын түсіне билетін қайырымды, жомарт бәйбіше - Ұлпанды көреміз. Бұл-ұлпандықтың есенейлікті мықтап

тұрып жеңуі. Соңғы келтірілген диалогтан қараңғылық, қаймағы бұзылмаған қазақ елінде бар өмірі тенсіздікте, қайғы-қасіретте өткен әйелдердің жоғын жоқтап, әменгерлікке қарсы үн қосқан Ұлпан-Ақнардай асыл ананың жарқын бейнесін оның тек өзіне тән, тек соның ой-сана дәрежесін көрсететін салиқалы, парасатқа толы сөздерінен айқын аңғарамыз.

F.Мұсрепов романында қайшылығы мол қақтығыстартыстарды шебер бере білген диалогтар көтеп кездесді. Жазушы драмалық шиеленістерді шебер сұрыптал, шынайы түрде бейнелейді.

«- Есеней, - деді Ұлпан. Бұрын сіз деп сөйлеуші еді, мұнысы бір табан жақындағанын аңгартқандаш шықты. -Есеней, екеуіміздің арамызда ең кемі қырық жылдық айырма бар. Осыны ойладың ба?

- Ойладым, жаным. Қырық жыл болса қайтейін? Қырыққа келгенде біздің елдің Есенейі сен болып қаларсың. Оған дейін сен менің Есенейім бола түр... Мен саған сұлу деп, жас деп қызықтым ба, болмаса Есенейдің орнына Есеней болатын адам деп қызықтым ба, оны өзім де біле бермеймін. Әйтеуір, осы түннен бастап менің Есенейім сенсің!».

Бұл сөздер, біріншіден, Есенейдің осы сәттегі көніл күйін білдірсе, екіншіден, жас та болса Ұлпанға арқа сүйеп, өзіне асқар таудай пана көретінін байқаймыз. Ал төмендегі диалогтан оның қайрат иесі екені танылады. Есенейдің бұл сөздерінде әзіл де, қайратта, үлкен жана шырлық нышан да бар.

«Шыңғыс Есенейге тұра келіп амандасты.

-Есеке, қош келіпсіз. Төрлетіңіз...

-... Жол болсын, Есеке?.. Дуан мәжілісінен бір ай бұрын келіп қалыпсыз, тыныштық па, әйтеуір?

-Тыныштық болса келетін бе едім, тәңір! Жын үрган бауырың қол астындағы елді күнде шауып, дамыл беріп отыр ма!-деді Есеней...

- Керей-Уақтың ішінде Есекең барда сырттан ешкім алмас деп, біз мұнда тыныш жата беріп едік...-деп Шыңғыс сөз аяғын іркіп тоқтады.

- Сол Керей-Уагың ат үстінде үйқтайды болғалы үш жылға айналды. Ол сенің біліп отырған жайларың... - деді Есеней, енді Шыңғыстың өзіне тұра қадалап.

- О, Есекем ширығып келген екен... Есекем ширығып келсе, мен қашанғы әдетім бойынша ауызымды аша алмаймын, - деп Шыңғыс қеңкілдеген болып өтірік күлді.

- Шамдана сөйлеспей шыдаса тұрайық деуге де аузым барап емес».

Екі жағыдай - екі сөз өрнегі. Екі көңіл күйі-екі жан құбылысы, соған орай кейіпкер сөзі. Өзінің сазы, әуені, үні, екпіні, лексикалық, грамматикалық, құбылысы, сөз айышығы, бояу кестесі жағынан алғанда бір-бірінен мүлде өзгеше.

Прозадағы тартыс құбылысының болатыны бұрыннан белгілі. Сыншылар мен әдебиетшілер мұны ішкі монолог пен диалог қызметінің артуынан деп қарастырады. Бұл дүрыс, әйтсе де ең бастысы сандық кезеңде емес, баяндаудың құрылымының сапалық, өзгерістерде, диалогтың құрлысының дамуы мен күрделенуінде.

Алғашқыда баяндау автор арқылы беріледі. Содан соң баяндаудың сипаты өзгереді: етістіктің осы шағы, осы шақтағы етістіктің екінші жағының жекеше түрлерінің түрліше құрылымда келуі және т.с.с.-осының барі баяндау стилінің субъективтенуін көрсететін белгілер. Н.С.Поспелов бұл туралы пікір қозғай келіп, ортақ төл сөздің стилистикалық қызметіне баса назар аударады. Тек үшінші жақ қана баяндаудың авторға тән екендігін көрсетеді. Басқасы кейіпкерге қатысты болады. Егер үшінші жақты алып тастасақ, онда тек кейіпкердің сөздері яғни ішкі монолог қана қалады. Ал егер субъекттіге қатысты элементтерді алып тастасақ, онда тек таза авторлық баяндау ғана қалады [5, 22].

Бірінші және екінші жақтың грамматикалық, әр түрлі формалары автор мен кейіпкерді жақындастыра алады:

«Қасында бір - екі әумесер жігіттері бар, көшін жанамалап, салт келе жатқан Еменалыға Шоңдығұл сәлем береді:

- Көш көлікті болсын!
- Сенен көлік сүрай қоймаспын!
- Дұрыс айтасың, саған беретін көлігім болып көрген жоқ. Ағаңың бүйірігін әкелдім. Сен биыл Беспай ауылдың ар жағына қонасың.
- Мен немене, елдің шетіне қонатын Түрікпен болғаным ба?
- Кім болғаныңды ағаңдан сұрарсың...
- Оттама енді! - Еменалы қамшысын оңтайлай бастады.
- Сен-ақ отта! -Шоңдығұл да сойылының шоқпар басын жерге тік тіреп, сол қолымен сүйеніп алды. - Бұр көшіді.

Еменалы, оған не істей алсын! Есенейдің елшісі түгіл қойшысына қолың тиіп кетсе, ат-тон айып тартасың!

- Бұр көшінді! - деп Шоңдығұл тағы жекірді. Жанжал іздең түрған сияқты екен...».

Автор Шоңдығұл мен Еменалы арасындағы қақтығысты ұтымды суреттеген. Диалогтағы Еменалының «әпер-бақан» мінезін айнағып танымыз. Осылай болса да Еменалының Есенейдің қаһарының ығысатынын байқаймыз /диалогтың аяғындағы сөйлемдер: Еменалы оған не істей алсын!.. т.б./ Бұл сөйлемдерден автор мен кейіпкер үнін қатар аңғаралы, яғни автор мен кейіпкердің жақында-суының бір айғағы.

Жазушы сан алуан тағдыры бар кейіпкерлерін әр түрлі саяси, әлеуметтік жағдайларға киліктіреді. Эр құлы адамдармен қарым - қатынасқа түсіріп, кейіпкерлеріне өздеріне лайық философиялық ой-түйіндерін тұжырымдатады. Сол арқылы суреткөр өз қаһарманының характерін жасайды:

"Есеней сөзін Шыңғысқа бұрыла қарап отырып бастады:

- Ашына келсем, себебім болды, аға сұлтан. Онымды ауыр алма! Тай жүзген қара саба, тайқазан дегендер ендігі заманда бос сөздер. Нанмен ойнамайық. Нан әр қазақтың құн көрісіне айналды. Қара сабасы бар, тайқазаны бар хандар қай қазақты асырып еді? Ханның

қазанын да, сабасын да қара қазақ толтырып отыратын. Қазір де солай. Қалқайтып хан сайлаған хандығын қай жерге құрмақ? Бетпақтың шөліне ме? Бұдан екі - үш жыл бұрын Кенесарыны хан сайлаймыз деп даурыққан елдер қазір шұбырып мекенине қайтып жатыр. Мен бірдеме білсем, Кенесарыны алты дуанға хан болмақ, түгіл, өз еліне сыйыса алмай даалаң - Сарыарқага қарай қашқалы отыр. Енді ол қашқын! - деп тоқтады".

Хандық құратын дәурен келмеске кеткен. Наполеонды жеңіп, батыс мемлекеттердің тәқаппарлығын басып қайтқан орыс құралына қарсы аттануға қазір қандай ұлы мемлекеттің батылы бармақ? Түптеп келгенде, Кенесары елді біраз арандатады да, тас - талқанға ұшыратып тынады. Міне, осыны, заман ағысына ілесе билетін ақылды Есеней жақсы түсініп, хан түқымдас аға сұлтанның бетіне тұра айтып отыр. Бұл философиялық тұжырымдар сол кездегі қазақ халқының сергелденге түскен өмірін көз алдына елестетеді.

"Есенеймен азды - көпті кеңесіп келген Ұлпан іркілген жоқ,

- Сіздер әменгерлікке ұшыраған әйелдің бақытты болған біреуін атай аласыздар ма? Жоқ, атай алмайсыз! Мен ондайдың отпен кіріп, күлмен шығатын, күң болған жүзін атай аламын...

- Ерінен қалған мал - мұлікке әйелі еншілес емес дегендеріңіз-үлкен жәбір. Оның аржағында қазақтың рулары ерекк інсілін қуалай құрылады деген ой жатыр. Солай емес пе?

Олай болса, жалпы Керейдің он екі болыс отырган үлкен бір тармағы Абақ - Керей деп аталады. Абақ - әйел аты. Ондаған руларды бастаған әйелдің аты".

Өмірден көргені мен түйгені мол, бір елге бас бола білген Ұлпан қазақ әйелдерінің өмірден алатын орнын осындаі сөздермен түйіндейді.

Жазушы стилінің тағы бір ерекшелігі - диалогта астарлы сөйлемдерді шебер бере білуі. Мұндай диалогтар адам бейнесін аша тұсумен бірге, характерді де ашудың бір кілті іспетті.

- Мұсрев аға, күлгөніме өкпелей көрмекіз, күлкім келіп күлгөнім жоқ. Енді Есеней ағаңа қайтаратын жауабымды айтайды: Есенейдің құрығы мойныма түсе қалса, оны алып кететін күш біздің аз ғана ауыл кірме Құрлеуітте жоқ. Құдай салды - біз көндік. Бірақ ағаңың есінде болсын - Ұлпан арзанға түспейтін қыз".

Бұл сөздер оқырманды да ойға қалдырады. "Арзанға түспейтін қыз" дегенді қалай түсінуге болады? Ұлпанның бағасы "қырық жетіні" матап беретін қалың малмен өлшенбек пе? Жоқ. Бұл сөздің шешімін де Ұлпанның өз аузынан естіміз:

"Есеней таба алмай жүрген жұмбағын Ұлпан өзі айтуға бел байлады. Қалтарыс қалдырмай, түгел айтпақшы болып:

- Сіз мені қай үйінізге кіргізбексіз? - деді.

- Отау үйге кірем десең, отау бар. Ұлкен үйге кірем десең, ұлкен үй бар. Қалағаның болсын.

- Жоқ, маған оңаша отау - ойнақ үй керек емес. Мен ұлкен үйге кіремін де, төрінде отырамын. Соған туысқандарыныңдың көзі үйренер ме екен?

- Бір - ақ, күнде үйренеді. Есеней ордасының бәбішесі сен боласың.

- Ол үйде отырған бәйбішеніз бар емес пе?

- Жоқ. Мен Өреліде тұрамын, ол кісі Сөреліде тұрады. Арамыз құдайға илансан, жеті жылдық жол".

Өрелі ат деп бір алдыңғы аяғынан, бір артқы аяғынан шалыс шідерленген атты айтады. Ондай ат бос та емес, түгел тұсаулы да емес. Сөре – жаугершілік заманда өлген адамды мекеніне апарып жерленгенше қалдыратын жарым үй. Арамыз жеті жылдық жол дегені-жеті жылдан бері бір-бірімізге қатынаспаймыз дегені.

Немесе, мына бір диалогтарды қарастырайық:

«Оны сезінген дойбышылар біріне-бірі:

- Сіздің биіңізді біз мына құлымызбен-ақ, жей саламыз.

- Жоқ, жей алмайсың...

- Жей алмасам, тұсаулы аттай тұрды да қалды емес

пе? Ол – күні еткен би! Ондай би болғаны адыра қалсын!
- деп қалжындасады».

Тұсаулы аттай тұрып қалған би дегендері, қазақ қалжынынан хабары жоқ, жас офицер Қази Уәлиханов.

«- Ya, екеуінің басың да алтын ноқталарың жара-
сып жүр. Біреуің Артықпай батырдың қызы, біреуің Шақшақ бидің қызы болсан, Сибанның маңдайына
құдайдың өзі бере салғаны да. Қолдарымды қақпассыз.
Ноқталарының бауы берік, бәріне де қайырлы, құтты
болсын! - деп Бақберді қарт қолын жайып батасын
берді».

Алтын ноқта деп отырғаны жаңа түскен жас келіндер
- Ұлпан мен Шынар. Астарлы сөзінде жазушының
шеберлігі жатады.

F.Мұсрепов шеберлігінің бір қыры астарлы, мысқыл,
отты қалжындарды орынды қолдана білуінен көрінеді.
Жазушы шығармасындағы диалогтар уытты мысқыл,
өткір қалжың мен құлқи тудырар көнілді әзілге де толы.
Ол өз кейіпкерлерінің құлдіргі жақтарын олардың өз
сөздері арқылы шешімін тауып; келістіре суреттейді. Бұл
айтылмыш жайттарды ажарлай көрсетумен бірге,
қаһарман бейнесін даралауга да септігін тигізеді:

1. «Сөз арасында аз ғана кідірісті пайдаланып
Тілеуімбет би Есенейге қарап:

- Аманқарағай дуанының тәбе би Есеней орыстың
қоржыншысы болыпты дегенді естігенде, қуанарымызды
да, ұяларымызды да білмедік... қалайда өзіне лайық,
болса, бізге сол болады. Қайырлы болсын! - деп бүйідей
шагып алды. Есеней де бөгелген жоқ,

- Есенейдің ескі қоржынына Кенесарының екі жұз
жауынгері сыйып кеткен соң, қоржыныма әбден
ырзамын, - деді ол. - Атығай - Қарауылдың дардай би
едініз, Кенесарының поштабайы болып далақтап
жүргенің қайырлы болсын, - деп көсімсіген биді
ұтымды жауаппен тойтарып тастайды.

2. - Жазы - күзі мал тұяғы тимеген шүйгін екені
көрініп- ақ түр. Бірақ осы күні иесіз жер бар ма, бір иесі

бар шығар, - деп түрікпен Мұсреп аз кідіріп қалып еді, аңшы Мұсреп тағы киіп кетті:

- Жоқ,! Иесіз демедім бе? Бұл өнірде мен білмейтін жер бар ма, тәнірі. Қасқыры мен тұлкісінің ен-таңбасына дейін білемін. Құдай біледі деп айтайын «Қаршығалыда» үш мың қасқыр, бес мың тұлкі, он екі мың күзен, жеті мың қоян бар!...

Түрікпен Мұсреп адасына қарап, қағытып қалды:

- Аққұр, қарақұрларын санамаган екенсіз, Мұсеке!

- Үш мың қасқыры болса, менің жылқымды бір қыста жеп тауыспас па еken? - деп Есеней де қалжындағы».

Жазушы құлкі арқауы етіп, осы диалогта аңшы Мұсрептің тілін алады. Тіл өз бетімен, әрине көңілді құлкіге өзек бола алмас еді. Тілі арқылы суреткер аңшы Мұсрептің бала міnezіне саяхат жасайды. Келісімді құлкі кейіпкер қасиетін аша түсіп, тамырына қан жүгіртеді.

Ал мына бір диалогта табу тұлкі шақырап көңілді жағдайдың негізі болып, Шынардың аңқау міnezі арқылы көрініс беріп тұр.

Аталарының атын атамаймын деп бүрмалап отырып атап қойғаны езу тартқызады:

«- Бұларың кім? Бұл ауылда жігіттерің бар ма еді? - деп сұрады Ұлпан.

- Төрттен астам ауыларының жігіттері ғой «Алтыбақан» құрып жатқан. Кешке «Алтыбақан» тебеміз.

- Төрттен астам?

- Төрттен астам дегенге де түсінбеймісің?

- Түсінсем сұrap ма едім!

- Төрт дегенді білесің ғой. Соған тағы бірді қосшы.

- Қостым.

- Нешеу болды?

- Бесеу болад да.

- Бесбай ауылды дегенді «Төрттен астам» ауылы демегенде қалай атایмыз?

- ... Аталарыңның аты кім еді?

- Жұрт дегенді тағы да бір тұрлі етіп айтып көрші.

- Ел ме?

- Иә, иә, ел ... енді соған күйеуің бір жақтан келгенде не деп амандастыныңды қосшы...

- Ат - көлік аман келдің бе, дейтін шығар.

- Енді соның ат-көлік дегенін таста да, аман дегенін қос.

- Ел-аман, Еламан ба?

- Иә, иә, сол.

- Тәнірі алғыр - ау, Бесбайыңды да, Еламаныңды да өзің айтып қойдың гой!

- Сөйттім бе, әй? Аузыңдан шығара көрмеші, апатай».

Сықақ - қалжыны, астарлы күлкі, ажуасы, шымшып алар әзілі жазушы шығармасының өн бойында белең беріп отырғанымен, ол бірінші кезектегі мәселе емес. Автор оны мақсат етіп қоймайды. «Ұлпан»- салиқалы, салмақты, ауқымы кең тарихи шығарма. Жазушы шеберлігі - осы шығармада әзіл, сықақ - қалжынды керекті жерінде кірістіре білуінде, орынды пайдалануында.

F.Мұсреповтің диалогтары көбіне автор сөзімен арасынан келеді. Бұл, әрине, орыс тілінің қазақ тілі сөйлем құрылышына еткен әсерінің сыртқы тұлғалық көрінісі болып қана қоймайды, солай ету арқылы айтылған ой анық шығып, екі айрылған төл сөздің екпін ыргағы әсерлі болады:

1. «Бала жігіт бұл жолы да тез жауап қайырды:

- Арызымызды айтып кел деген жұрт асқақтай сөйле деп тапсырған жоқ еді, ағалар. Солай болып шықса, айып өзімде. Жүйелі сөз жүйесін табар; жүйесіз сөз иесін табар деген бар гой. Міне, айыбым! - деп атынан түсे қалып ұзын шылбырын Кенжетайға қарай серпіп жіберді.

- Әйтеуір, ат жетелеп жүр екенсін, мынаны жетелей жүр...

2. - Құдаги, той өткен соң басқа ешкімнің үйіне бармай тұрып, әуелі біздің үйге келерсіз. Мына кісі, - деп Шынарға бір қарап қойды да, - осылай қадағалап шақыр

деп тапсырып қойды маған, - деп деді Мұсреп, - Ұлпанды өзім шақырамын деген.

3. - Құдагилар, тәрге шығыңыздар. Енді бұл үйге келсе де, қозғалмаңыздар, - деп Мұсреп құдагиларды тәрге алып барып отырғызыда, Есенейге. - Сен ғой, өз үйінде Есенейсің! Күйеу дегеннің әдел - ибасынан хабарың жоқ! - деп тоқтады».

Жазушылар кейде тип, бейне жасау үшін кейіпкердің бір сөзін, не сөйлемдерін көп қайталау арқылы оқушылардың оған қоңілін аударады. Қайтalamалар, реплика ремарканың арасындағы байланыстар, т.б. - кейіпкердің ерекше мінезін, сөйлеу тіліндегі өзіндік өрнегін көрсетуге әсер етеді.

Қайтalamалардың қызметі әр түрлі болып келеді.

Олар - қайталарап сұрау, қарсылық, білдіру бір жағдайға қоңіл бөлгізу т.б. секілді қызмет атқарады, бірақ бұл бір-біrine қарым-қатынасы түрінде болып келеді. Ремаркадағы қайтalamама - кейіпкердің ішкі жандүниесінің ерекше бір хабары түрінде болып келеді. Қайтalamама байланысдың ең маңызды құралы:

«- Ұлпан! - деді Мұсреп, Ұлпанның көзіне тура қарап - Ұлпан, сен, мен қазір не айтсам да, түгел тыңда, ойланы тыңда. Жақсын, жақпасын, түгел тыңда ал! Бір ауыз сөз қоспай тыңда!

Мұсрептің тыңда деген сөзі төрт рет қайталанып келіп түр. Бұл сөзді қайталарап айту арқылы Мұсреп Ұлпанның бар зейінін өзіне аударып, айтар сөзіне құлақ түрүін және айтар сөзінің Ұлпан үшін өте маңызды екенін сездіріп түр.

«- Қазір байғустың ботадан қолы босай алмай жур. Көзінің бір талығып - талмаурап қарайтыны бар. Бар айтарын көзімен айтады. Отын жоқ, дейді - жүгіремін... тезек теріп әкелемін. Су жоқ, дейді - екі шелекті ала-сала көлге қарай жүгіремін...

- Жүгіретін шығарсың».

Бұл да Мұсрептің сөзі. Жүгіремін сөзінің қайталауы арқылы оның сүйген жарының алдындағы елпілдек

мінез, ол қайда жұмсаса да, бас тартпайтыны, әйелін құрметтеп сыйлайтыны аңғарылады:

- «Біз жайлауға бірер күн кешігіп жетерміз. Сен бұрынырақ, барып, әр ауылды өз орнына реттеп қондыратын болшы, - деді Есеней.

- Бұрынғысынша қонатын болар?

- Тап бұрынғыдай емес. Біздің ауыл бұрын қонар.

Еменалының ауылының орнына бұдан былай мына кісінің ағасының ауылы қонатын болады.

Мұсреп ағайдың ауылын айтады.

- Иә, сол ауыл. Еменалы Бесбай ауылының ар жағына, бұрын мына кісінің ағасының ауылы отыратын шетке қоңсын!».

Мына кісінің ағасының ауылы деп әдейі қайталай айтудың үлкен мәні бар. Бұрын «түрікпен ауылы» деп шет қақпай қағажу көріп келген Мұсреп ауылының қатарға қосылуын, Есенеймен іргелес қонуга дәрежесі жеткенін көрсетеді. Бұл да Ұлланмен еріп келген өзгеріс:

«- Маған айтқан құтты болсының осы ма? - деді Мұсреп.

- Ендеше ... баланың басы үлкен болса, милы болсын, алыс-жақын елдерге сыйлы болсын, Есенейдей бай болмасын, іздегені дау болмасын, өнер болсын! Сегіз серідей ойынан өлеңі, қолынан өнері төгілген шебер болсын! Алла-акбар! ... - деп Есеней иегін сипады».

Есімдермен тіркесіп келген болсын сөзі қайталану арқылы диалогқа ырғақ, өуен, үйлесім беріп түр.

«- Артықбай тізе көрсеткендей болып келгеніміздің өзі қандай айып? Қызының атын айыпқа алып қалғанымыз екінші айып. Арыз айта келген қыздың атын айыпқа алып, қалғанымыз біткеннің ішінде ел естімегені болар! - деп түрікпен Мұсреп Есенейдің қара шешекпен қара-шұбар болып қалған бетіне тұра қарады».

Мұсреп айып сөзін қайталап айту арқылы, айыпты қыз емес; екі ортада, өздері болып қалғанын, айыпқа айып қайтармаса, үлкен үят екенін, ел бетіне қарай алмастай қүйде қалатындарын аңғартып түр.

Жоғарыда келтірілген мысалдарда қайталама бір кейіпкерге ғана тән. Ал мына диалогтардағы қайталама екі не одан да көп адамдарға қатынасты.

«1. - Мырзажігіт, шай қояйын ба, сорпа - суымыз пісіп түр еді, соған қарамаймысың?

- Шайды сорпа - суыңдан кейін де ішуге болады ғой.

2. - Алыр - ау, бұл кімнің қызы болады еken! - деп түрікпен Мұсреп Есенейге қарады.

- Қыз? - күні бойы Есенейдің аузынан шыққан екінші сөз осы еді.

- Иә, қыз ... «Міне, айыбым» дегенде көз құйрығымен өзінді бір шарпып өткенде неғып байқамадым?

- Шарпып емес - ау, көз қызығын серпе тастап қарайтыны бар еken де.

3. - Шетінен жетелеп жүре беретін бұл бір иесіз жүрген мал деп ойладыңдар ма? - деді ашу қысып тұрганын жасырғысы келмей.

- Сен күш - күйеу болсаң, біз агаларыңыз боламыз. Байқап сөйле, шырағым! - деді Еменалының үлкен баласы Есенжол.

- Күш - күйеу деген мал - жанның иесі деген сөз емес шығар! - деп оны Ресей деген інісі тұтанайын деп тұрган шоқты үрлеп қалды.

- Күш - күйеу мырза, Есенейдің мұрагері күш - күйеу емес, мына біз боламыз! - деді Еменалының үшінші баласы».

Осы диалогтардан сол әңгіме үстіндегі кейіпкерлердің психологиясын, міnez-құлқын, таңданыс, реніш сәттерін андаймыз. Диалогтың табиғаты авторлық баяндауға тән өзіндік қасиеттерге байланысты айқындалады. Реплика, ремарка, авторлық баяндаулардың қайталанып келуі, өзінше көркем шығарманың әдістерінің бірі болып келуі мүмкін.

Мысал: «Ақ орда атанған үлкен киіз үйді Мұстапа қырық, жігітімен қоршап алды да, айғай салды.

- Аш есігінді, шық үйден!

Мылтық атылды. Бір ат үшіп тұсті.

- Иттің ғана баласы, жан керек болса, шық үйден!

Мылтық, тағы атылды. Бір жігіт атынан құлап тұсті».

Мылтық атылды деген авторлық баяндау қайталанып келу арқылы қозғалыс, іс-әрекеттің ұзақ болып жатқанынан хабар беріп тұр. Автор мылтық атып жатқан кісінің кім екенін айтпаса да, оқушы оның, Қожықтың, ісі екенін сезеді. «Мылтық, тағы атылды» деген сөйлемнен бұл әрекеттің қайталанғанын байқаймыз, «тағы» сөзі қосылып айтылып, оқиғаға үстеме мағына беріп тұр.

«- Қызыққаның жалғыз нарым болса, өзімді домалатып таста да, әкете бер, - деді.

Шешесінің сөзіне қызы құліп жіберді.

- Эй, сен кемпір, нeden шошына қалдың өзің?

- Көлденеңнен көлденең жабыса кеткен соң қайдан білейін.

Қыз тағы мырс етті», - деген диалогтағы авторлық баяндаудың қайталанып келуі де жоғарыда келтірген мысалдағыдай.

«- Уа, көш көлікті болсын!

- Айтсын, Шонды ага!

- Отауларың әне, тігулі тұр.

- Кешке қоныс майларға келіңіз.

- Жоқ, келе алмаймын. Еменалы шақырып қойды.

- О, Еменалы шақырып қойса, оған біз таласа алмаймыз.

Екеуі де күлді, екеуі де бірін-бірі түсінді. Эйелдер де түсінді.

Бір - бірін сөзсіз, емеуріннен түсінісуінен Еменалының қандай жан екені белгілі болып тұр».

Өмірдегі әр түрлі жайттарға, жағдайғы байланысты туатын диалогтар да кездеседі. Бұл диалогтар екі кейіпкердің әңгімесінің қалай өрбіп, дамитынына олардың жан дүниесінің толқын-толғанысын, сағынышназын тануға көмектеседі. Әсіресе, бұл көп жылғы созылған айырылысудан кейін кездеседі. Әсіресе, бұл

көп жылға созылған айырылысдан кейін кездескен адамдардың сөздерінен айқын көрінеді. Мұндай диалогтар көбіне қаратпа сөздермен келеді.

«Сөйлем стилін түрлендіруде қаратпа сөздердің де қызметі ерекше, олар сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік байланыста айтылмағанымен, мағыналық, байланыста жұмсалып, ойды тартыымды, әсерлі, дәл түсіндіруге үлкен қызмет етеді» [6, 183].

«Артекең Сәдір батырмен ерекше сағынышты амандасты.

- Батырым-ай, оқ, өтпесім-ай, найзагерім-ай, сені де көретін құн бар екен-ая!.. Сен ит, он бес жыл бойы неге ат ізін бір салмай кеттің? Өліп қалдың ба?... "...Кітаби - жазба стильдермен салыстырғанда, сөйлеу тілі грамматикасының, экспрессивтік және стилистикалық мүмкіндіктері басымырақ» [7, 18].

«Есігі ашық тұрган үлкен бөлмеде он бес-жыырма адам керкілдесіп-керісіп карта ойнап жатыр

- Орыстар он жетіге карта алмайды.
- Мен орыс емеспін.
- Сен қазақ та емес, орыс та емес, итсің!
- Мен сендей түрмеден қашқан ұры емеспін!
- Сен бе? Сен нағыз түрмеде шіритін доңыздың өзісің,
- деген дауыстар естілді.

Бейпіл ауыз, бұзық адамдар екені сөздерінен белгілі болып тұр.

Есік алдында қозғалмай тұрган Жәуке де жарымай қала алмады.

- Неменесіне мәймөңкелейсің! - деді Торсанға қадала қарап.

Бір кісіге бір бөлме аз болады деп тұрмысың? Біз екуіміз бір бөлмеде тұрып келдік қой!

- Эй залым! - деді Ұлпан. - эй, залым! - маған көрсеткен қорлығың өз басыңа келсін. Бұл дүниенікі ол дүниеге кетпейтін Сибаннан көресің көресінді!».

Жәуkenің бар бітім-болмасын ашылған ананың аузынан шыққан залым деген сөзі анықтап, айқындал тұргандай.

- «Сен, әй, биыл неше арба сұлы үйдіріп алдың маған, білесің бе? - деді Әсіреп.

- Он арба шамасы болар.

- Атаңын басы, он бес арба үйдіріп бердім.

- Сіздің үйдің арбасы деген не тәйірі. Қара құстың үясындаған...

- Қап, мынаның ыза қылуын - ай, отыз арба шөп үйдіріп бердім.

Сұлыңнан артық! Екі жылыңа жетеді!

- Оnda биыл шөпті көп шапқан екенсің гой!

- Мұрыныңды бұзып жіберейін бе осы. Иілмей-бүгілмей түрегеп тұрып белорақты сілтей бергенін қарашы! Бәлем ендігі жылы болсын!».

Ағалы-інілі адамдардың арасындағы әзіл - қалжың ауызекі сөйлеу тіліне тән сөздермен келу арқылы шешімін тауып, диалогты шынайы етіп көрсетіп тұр.

Толымсыз сөйлемдер сөйлеу тіліне, солай болғандықтан, диалогты сөйлемдерге тән. Толымсыз сөйлемдерге сөйлем мүшелерінің бірі не бірнешеуі түсіріліп айтылуы мүмкін. Бірақ, сол түсірілген мүшенің қай сөз екені алдыңғы сөйлемнен басқа мүшелердің жалғауынан, сөйлемдердің, сөздердің өзара қатынастарынан белгілі болып тұрады [8, 18].

«- Атын өзі ағытты ма, әйтеуір!

- Өзі ағытты. Шауып барып көлден бір шелек су әкелді.

- Атпен бе?

- Атпен.

- Оnda ауыздықтай бастаған екенсің...

- Артекем қалай?

- Құндеңі қалпында...

- Маған ұрысып қоятын болар?

- Сізге кім ұрыса алады?

- Ұрыспаса болды...

- Жаңа кеткен түйелі қыз қалай көрінеді?

- Өзиңе қалай көрінеді?

- Бір аяғы ақсақ, бір көзі соқыр ма деп қалдым...

Әйтпесе әп-әдемі бала...

- Маган да солай көрінді.
- Оттама енді! Қызың патшасы! Аласың осы қызы!
- Қалай аламын?
- Ол менің жұмысым.
- Мейлің...

Өзара беттесіп, жүздесіп сөйлескен адамдар арасындағы тілдестік қатынас толымсыз сөйлемдерде өзіне-өзі түсінікті етіп тұрады. Ондайда сөйлемді толымды етіп айту стильтік жағынан қате болар еді.

«Есенейдің өз інісі жалғыз Еменалы ғана жанжал шығарды:

- Қысқы үй деген қара тұтінді салып аламыз ба, салмаймыз ба, ол әркімнің өз еркі ғой, маган оның керегі жоқ. Ата-бабамыз киіз үйде тұған, киіз үйде өлген...

- Саласың! - деді Есеней қысқа ғана. - Салмасаң, өкпелеме, өзің өкінесің», - деген диалогтар Есенейдің «Саласың» деген сөзі «Үйді саласың», «Салмасаң, өкпелеме, өзің өкінесің» - деп шұбырта беруінің тіпті де қажеті жоқ. Не салу екені әңгіменің барысынан - ақ, белгілі, кейінгі сөйлемдерде оларды қайталай беру стильтік жағынан орынсыз болар еді.

Диалогта «иә», «жоқ» тәрізді оқшау сөздердің де өзіндік орны бар. Бұлар диалогта бүтіндей бір сөйлемнің орынна қолданылады, айтылатын ой түсінікті де нақты болады.

- «- Ауыз тигізеді екен деп дәметпендер!
- Тым болмаса, сарқынды қалдыр...
- Жоқ!».

Жоқ сөзің осылай жеке - дара келуі жазушы шығармасында өте сирек кездеседі, көбіне төмендегідей сөйлемнің басында, басқа сөйлемдермен тіркесіп келеді:

«- Бүкіл Сибанда сенің бетіңе келетін де бір жан болу керек емес пе...

- Міне, тағы жеңіп бердің!
- Жоқ, мен сен екеуіңің бірінді-бірің женгендерінді көргім келмейді, Ақнарым!...

- Ақнарым, сен мені де адам қыла бастадың, - деді аттанарда.

- Жоқ, Есеней, сен көлеңкең күндік жерге түсетін бәйтерексің. Мен сенің саяңда шырылдаған бозторғаймын. Менің құдайдан бірінші тілегім сенің амандығың! - деді Ұлпан...

- Күзетші де кетті мे?

- Жоқ, ол қосында отыр...

- Жоқ, Еменалы, олай етпе. Балаларды сабама... Күйеу балам жеңдім демесің де; сіздің балалар біз жеңіліп қалдық демесін...

- Жоқ, жоқ! Аттарын да қайтарып беремін!

- Жоқ, қайтармайсың. Екі жүздей ғана жылқы қалыпты, ағаңдан енші ал!....».

Бұған керісінше, иәсөзімен келетін диалогтар жазушы шығармасында өте көп кездеседі:

«- Бұл кімнің қосы екен? - деп сұрады Есеней.

- Қожықтың қосы екен.

- Қожықтың?

- Иә..

Үйге әлгі тұндік ашайын деп жүрген әйел кірді.

- Жуынасыздар ма?

- Жуынамыз... Сіз Тілеміс ағайдың әйелісіз бе?

- Иә...

- А, білдім, білдім сен қара бурасың? Таудай үлкен қара бурасың. Мен сенен қорықдаймын. Сен жақсы, иә?

- Иә, иә..

- «Көркем шығармға айтылған сөздер, диалогтар, монологтар ғана негізгі шарт емес, сол сөздердің неліктен, қандай жағдайларда шыққанын білдіру шарт. Сөз бен істің айырымын сырт сипат пен ішкі нәрсенің арасын ажырату, характер табиғатындағы қайшылықты аңғарта білу-суреткер шарызы” [9, 133].

Мұндай парызды ұлды жазушы F.Мұсіреповтің басқа шығармашылығында, «Ұлпан» романында да мұлтіксіз орындан шыққанына сауатты оқырманның көзі әбден жетеді.

-
1. Балақаев М., Жанпейсов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы: Мектеп, 1974.
 2. Розенталь Д.Э. Практическая стилистика русского языка. М: Высшая школа. - 1974.
 3. Балақаев М., Жанпейсов Е. Томанов М. Қазақ әдеби тілінің мәселелері. Алматы, 1961.
 4. Виноградов В.В. О художественной прозе. М. - Л, 1930.
 5. Поспелов Н. Несобственно - прямая речь и формы ее выражения в художественной прозе Гончарова 30-40 годов. М: Наука. -1969.
 6. Балақаев М. және басқалары. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы: 1974.
 7. Сонда.
 8. Бұл да сонда.
 9. Бердібаев Р. Роман және заман. Алматы: Жазушы, 1967.

III

Прозаик, ақын иә сыншы болсын - қай-қайсысы да жалпы халықтың тілді пайдаланатыны баршаға мәлім. Солай бола тұра, жеке таланттың тілі деген үғымды қолданатынымыз да белгілі. Сол шарттылықтың өзінде шындық барын тағы ескермеске болмайды, өйткені көпшілікке етene таныс сөздерді жаңа қырымен, соны бояуымен, өзгеше өңімен жұмсай білушілік - жазушы таланттың танытатын құбылыс. Әр қаламгердің сөйлем құру даралығы да осыны дәлелдейді. Осының бәрі шығарманың табиғатына, кейіпкердің түйсік-түсінігіне, интеллектуалдық дәрежесіне сай келіп, оны бейнелеуге тікелей септігін тигізіп тұрса, ақылга қонымды болмақ.

Жазушының сөз қолдануындағы жаңалық алғашында жаттау көрінуі де әбден мүмкін, алайда өнердің қай саласындағы да әр түрлілік, әр алуандық сияқты, көркем шығармадағы сөздердің де орайы келгенде жаңаша түрімен, мазмұнымен қолданылмагы жөн. Бұл ретте белгілі жазушылардың өздері де өз тәжірибесінен немесе үлкенді-кішілі әріптестерінің тәжірибелерінен алып, ойлы пікірлер де айтады. С. Залыгин жазушы В. Астафьев шығармашылығына қатысты «Правда» газетінде жазған мақаласында (ол кейін С. Залыгиннің кітабына да енгізілді) оның повестерін жан-жақты талдауға ала отырып, прозаiktің сөз таңдау ерекшеліктеріне де тоқталады. Сәтті тұстарды бас изеп мақұлдаумен бірге, құдік-күмәнин да жасыра алмайды. Соның өзінде көніл аударарлық жай - сол шұбә туғызар сәттерді субъективті ойы екенін ескертіп, әділ бағасын беруді уақыт таразысына салады. Демек, күндердің күнінде В. Астафьевтің сөз қолдану ерекшеліктеріндегіәзірге тосын құбылыстай әсер біртінде қалыптасып, үйреншікті нормага айналып кетер деген ой тастайды.

Мұндай болжамның дұрыстығы қазақ кеңес әдебиеті туындыларына, әсіресе классикалық шығармаларға қатысты мысалдармен толық дәлелденілген болар еді.

Мұхтар Әуезовтің сөйлемдерін қынсынып, дағдыдан тысқары деп, жатырқап, тосырқай қараган кездер де болған. Ал бүтінгі күн тұрғысынан, қазіргі көркем әдебиет пен әдеби тіл дамыған және оларға қатаң талап қойылған кезең тұрғысынан қараганда, «Абай жолы» мен «Қорғансызың қүнінің», «Еңлік-Кебек» пен «Қарагөздің» тілі көркем әдебиет тілінің өнегесі болып отырғаны даусыз.

Көркем әдебиет тілі жайлы сөз болғанда, Ғабит Мұсреповтің есімі әркімнің ойына бірден оралады. Бұл тегін емес. Олай болатыны - уытты сарказм мен жеңіл юмор берудегі даралығын былай қойғанда, сөздерді анафоралық, эпифоралық қайталаулар арқылы әдемі ойнату, сөздердің орын тәртібіндегі инверсияны өте ұтымды пайдалану, сөйтіп қазақ грамматикасының ережелерін қатаң сақтау үлгісін бәрінен бұрын Ғабит шығармаларынан көруге болады. Бір кезде сөз қолданудағы F. Мұсреповке тән эстетикаға күмән келтірушілер де кездескен, алайда әйгілі сөз зергерінің стиль сұлулығы уақыт сынынан ешбір мұдірмей отті.

Сәбит Мұқанов шығармаларындағы, әсіресе прозасындағы ойдың үйілш-төгіле берілуі, оның көп сөзден тұратын сөйлемдер арқылы көрінетіні және көп жағдайда шартты бағыныңқының сабактас сөйлемдегі басыңқыдан кейін тұруы сияқты құбылыстардың қайсыбір әдебиетшілер мен тіл мамандарына ұнамағаны рас. Бірақ, бұл күнде мұның бәрі жазушының стилін ерекшелейтін компоненттер түрінде қаралуға тиіс және солай болып та отыр. Сәбитке жарасымды мұндай ерекшеліктер кейінгі буын қаламгерлеріне әсер етіп жүргені де мәлім.

Үңіле қарасаңыз, әлдебір ұсақ, нәрсе тәрізді көрінетін жайттар жазушының стиліндегі өзгеге үқсамайтын даралықты көрсетіп тұрады. Мәселен, белгілі прозаик Хамза Есенжановтың қолдануындағы *бірақ* жалғаулығының орны дағдыдан тысқары: «Қажы бұл хабарға қатты таңданды да, бірақ себебін сұрамады» (Ақ Жайық,

3-кітап). «Күбайра оның сөзін қостай келе, бірақ аяғын екішты сөзге айналдырып жіберді» (бұл да сонда).

Қазақ тілі стилистикасының тұңғыш оқулығында жа-
зуши Габит Мұсреповтің алғашқы әңгімелерінің бірі -
«Тулаған толқында» кездесетін «қоңыр» сөзінің көршилес
бірнеше сөйлемде он жеті рет қолданылғанына қар-
амастан, оқырманың жалықтырмайтыны, қайта, әр
сөйлемде әр түрлі мағыналық, реңкке ие болуы нәти-
жесінде өте бір орынды жұмсалып, маңызды стилистика-
лық, қызмет атқаратындығы жақсы талданған [1, 45-46]

Жалпы, қайталама сөздер мен сөз тіркестері немесе
қысқа түрде атасақ, қайталамалар F.Мұсреповтің
улкенді-кішілі шығармаларында барынша мол орын алып
отырады. Тегінде, F. Мұсрепов - тақырып таңдал, өмірдің
күрделіде өзекті мәселелерін көтеру жағынан ғана емес,
ешбір қаламгерге үқсамай, тіл шүрайлыштың әуел
бастан еркін де үтқыр пайдаланып келе жатқан сез
шебері.

Сөз қолданудың оңтайлы тәсілі ретінде жазущы
қайталамаларды прозаның шағын түрлерінде ғана емес,
кең тынысты романдарында да жиі пайдаланып отырады
«Кейбіреулері сеніп қалады, кейбіреулері ығысып
қалады, сонымен ол біздің ауылдың «Адырақпайы» болып
шықты» («Қазақ солдаты»). «Бейне өз шешемнің
отырысы, бейне өз шешемнің айран құйысы, бейне өз
шешемнің аяғыштығы» (бұл да сонда). «Салмағымыз да
бірдей, өнеріміз де бірдей» (бұл да сонда). «Шекесі
шығыңқы домалақ бастар, ұзын шеке сопақ бастар,
бүйірі салыңқы ұзын бастар, қыжыр-қыжыр, қыртыс
бастар, кере қарыс ойлы маңдайлар, тайқия біткен сорлы
маңдайлар, өнерге біткен ашық маңдайлар, өнерсіз, етті
қалың маңдайлар екі жыл бойы алдыннан кеткен жок»
(бұл да сонда).

Ілгеріде айтылған «Толқында тутандар» әңгімесіндегі
жайларды романдарынан алынған мысалдармен қоса
қарайтын болсақ, қайталаударды F. Мұсрепов

прозасында өзіндік дәстүрі бар тәсіл деп ойлауға толық, хақылымыз.

Жазушы қаламынан туған қайталаулар үйіп-төгіліп жұмсалуы арқылы кейіпкердің бет-бейнесін немесе сан алуан әрекеттерін әр қырынан таныту мақсатында оқырманның алдына айқын сурет тәрізді жайып салады. Былайша айтқанда, әйгілі қаламгердің шығармаларындағы қайталаулардың бір маңызды жағы - оның суреттеудегі көрнекілік мәнгеге ие болатындығы. Мұндай қайталаулар сөздің мағыналарына астар, түрлі рең берулері арқасында неше алуан теңеулер ыңғайында да, метафора, синекдоха, метонимия ретінде де қолданылып отырады. Қайталаулардың жиі пайдаланылуы F. Мұсреповтің шағын прозасында, анығырақ- әңгімелерінде бір байқалатын жай - мұндай қайталаулар аса көрнекті новеллистің шығармаларының түгелінде дерлік кездесіп отыруның нәтижесінде, ілгеріде айтылғандай, жазушы шығармасындағы жарасымды дәстүр болғанын толық, дәлелдейді.

Стилистикалық фигуralардың үлкен бір түрі болып табылатын қайталаулар өз шінде екі салага (анафора, эпифора) жіктелетін белгілі. F. Мұсрепов әңгімелерінде бұлардың қай-қайсысы да мол кездеседі.

Қазақ, әдебиеттану мамандары мен қазақ тілі стилистерінің анықтамаларына қарағанда [2, 135; 178] анафора тек өлеңді сөйлемдерде ғана кездесетін сияқты. Поззиялық шығармаларда анафораның кездесетінін теріске шығаруға болмайды. Екінші жағынан, бұлардың (анафоралардың) прозалық, көркем шығармаларда кездесіп отыратыны да шындық. Тегінде, қандай сөйлем болса да - мейлі, өлеңді сөйлем болсын, мейлі, қара сезбен келген сөйлем болсын - анафора болуының басты шарты - сол сөйлемнің бірнешеуінің бірдей жеке сөздерден немесе сөз тіркестерінен басталуы болуы керек. Мұның нақтылы мысалдары F. Мұсреповтің әңгімелерінен көптеп табылады.

Сөйлем басында бір сөздің немесе сөз тіркесінің қайталауын келуі кездейсоқ құбылыс емес. Олар неше рет

қайталанып келсе де, тиісті стилистикалық, қызмет атқарады. Осындай қайталаудағы сөздердің әрқайсысының стилистикалық «жүгінің» салмағы біркелкі болып келе бермейді; әрқайсысының өзіндік қолданылу ерекшеліктері танылып отырады. Мұндай жай сол қайталаамаларды контекст ішінде тұтастай алып, стилистикалық-грамматикалық талдау жасағанда анық, байқалады: «Шын аңшылар орынды-орынсыз от жағып, түтін бүркүратпауы керек. Шын аңшылар дабырап сөйлеспейді, біз де ақырын құбірлесіп отырмыз. Шын аңшылар үнемі сақ, отырады, біз де көзіміз айналада, құлағымыз әр дыбысқа елең етіп отыр» («Қасқырды атқан қайсы?»).

«Шын аңшылар» тіркесін қайталау арқылы автор төрт сөйлемде баяндалған әдет, дәстүр, салттың иесі кім екеніне назар аударып отыр.

Бастауыш пен анықтауыштың тіркесі қайталанғандар, әрдайым осы мақсаттағанда қолданыла бермейді: «Қайғылы қала, қара жамылған қала жақсы емес, әрине, үмітқаны жөн» («Көздің әңгімесі»).

Бұл жерде автордың назарға алғаны - қаланың қын халін, ауыр халін оқырман алдына әсерлі ете үсыну. Екінші сөзben айтқанда, бір сөзді неше рет қайталаса да, оның анықтауыштың әр алуан болып келіп отыруына мән береді. Мына мысалдан да осыны аңғарамыз: «Шаң Маңқыстау, май Маңқыстау болғаны осы да!-деседі» («Бірінші фонтан»).

Бұлай болып келуінің себебін қайталанып келген бастауыштың алдындағы сөздердің лексикалық мағынада да, стилистикалық мағынада да өзара синоним болғандықтарынан деп ойлауға тұра келеді: «Неше атты соқадан алды, неше атты машинадан алды» («Алғашқы адымдар»).

Бұған қараста, қайталанушы сөйлем мүшелері ретінде бастауыш пен анықтауыш қана емес, толықтауыштың да жұмсалатынын көреміз. Сөйлемде баяндалған екі оқиғаға да қатынасушы тұра объектілердің бір емес, бірнешеу екені анықтауыш қызметіндегі есімдіктен бай-

қалып түр. Демек, бұл жағдай, анықтауыш пен бастауыш тіркестерінің, синонимдес анықтауыштардың қызыметі, қайталанушы толықтауыштардың төңірегінде де кездесіп отырады: «Шарықтау құмарын, еркіндеу құмарын тарқатар ұзак, сайыс енді басталған сияқты» («Қыран жыры»).

Мұның өзі жай ғана қайталау болмай, бір сөздің мол мағынасының әр қырынан көріні болып шыққан.

Қайталаулардың ішінде анықтауыштар да біраз орын алады: «Екеуінің ойын-әзілдерінің аяғы тәтті қиялға сұңғіп, кейде екеуі де жасырын сырға берілетін. Екеуінің бірінен-бірі жасырып, ойланатындары бір ой болып шығатын. Екеуінің де кедергілері бар секіденіп, әңгіме ойлаудан әрі ашыла алмайтын» («Тулаған толқында»). «Бірінің қолында ожау, бірінің қолында құріш елегі, енді бірінің қолында қойдың саны» («Әмина»).

Сан есім сөздер мен анықталушы сөздердің матаса байланысуы арқылы нақтылы бір санға назар аудару қажеттігі білініп түр. Сол сөздердің (екеуінің, біреуінің) бірнеше сөйлем қатар келгенде, олардың әрқайсысында айтылмай, біреуінде ғана ұшырасуы ойды түсініксіз, күнгірт етіп жіберуі әбден мүмкін.

«Әр үйдің сыртында екі-үш қатын сиыр сауып жатады. Әр үйдің маңында тайыншадай бір-бір төбет. Әр үйдің алдында тойған төбетке үқсаган, көздерін май басқан бір-бір жуан» («Тулаған толқында»).

Бұл сөйлемнен де алдыңғы жайды аңғаруға болады. Демек, «әр үйдің» тіркесін бір ғана сөйлемде қолданса, автордың мақсаты айқын орындалмаған болар еді. Сондықтан да әлгі аталған жайлардың бір үй маңында ғана болмай, сол төңіректегі үйлердің барлығына тән екендігін жақсы үғынуға болады.

Мына сөйлемнен де матаса байланысқан анықтауыштың қайталана жұмысалуы байқалады. Мұнда да өз орын тапқан: сол қайталанған анықтауыштардың біреуі түсіп қалса, әлдененің жетіспей, ойсырап тұрганы сезіледі: «Жүрт жүрегін қайғы басып, жүрт көңілінің оты

сөнің қалғандай аянышты дауыстар әлсіз ғана шығады» («Ақ кесімі айнымайды»). «Аз ғана жылқыны «жынды» борған алды, аз ғана сиыр тістен таусылды» («Автобиографиялық әңгіме»).

Бұл қайталамаларда бір мөлшер мағынасы айқындалып түр. «Аз ғана» тіркесінің екі рет қайталануы қисынды. Олай болмағанда, бір ғана атаудың мөлшері белгілі болар еді де, екіншісі туралы ешбір ұғымға ие болмас едік (жылқы аз ғана болуы мүмкін де, сиырдың көп болмағы да мүмкін фой).

«Қара түсті, қызыл түсті, ақ түсті, сары түсті елдердің бәрінде көрген» («Ер Қаптағай»).

Мысалдағы «түсті» сезінің қайталанып келуінің әдеттегіден сәл ерекшелігі бар. Бұл жерде автор «түсті» сезің астарлы, ауыспалы мағынада жұмсап отыр. Әдетте, қарғал, қызыл ел т. с. с. ретте қолдану тілімізге жат тіркес болып көрінуі мүмкін. Автор ойы түсінікті болса керек: «түс» сезі белгілі бір елді мекендейтін халықтың сырт келбеті ретінде алынған. Бұл контексте «түс» сезімен тіркескен анықтауыш бірігіп тұтас атау қызметінде қолданылып түр.

Сөз болып отырган шығармалардағы анафоралық құбылыштарды тек сөйлем мүшелері түрғысынан ғана қарастыру жеткіліксіз болып табылады: сөйлем мүшесі болмайтын жеке сөздер мен сөз тіркестері де кездесіп отырады. Бұл қызметте оқшау сөздердің ішінен мол ұшырасатыны - қаратпа сөздер, сондай-ақ жеке сөздерден тұратын лепті сөйлемдер де баршылық;-Сен! Нығая бер! Болаттай берік, тастай қатты бол!-дейім балаға («Адамның анысы»).- Соғыс! Соғыс! Соғыс! Қапы соқтырысы келген қандай жол! Жұрт аузында осы-ақ (сонда).

Осының алдындағы сөйлемдегі сияқты, мұнда да айтушының жай-куйі барынша айқын сезіледі. Ілгерідегі қуаныш, тілек болса, мұнда қарғыс, лағнет айту бар. Кейіпкердің де, автордың да негізгі эмоциялық, халі қайталанған сөздерден танылып отырады.

Өлең шығармаларда сөйлемнің әсерлілігін күшету үшін белгілі бір сөз, сөз тіркесі, жол, тармақ, аяғында қайталанады да, эпифора деген атап алады (3, 135; 178).

Мұндай анықтамаларға қарағанда, анафора сияқты, эпифора да өлеңді сөйлемдерде ғана кездесуге тиіс. Бұлармен салыстырғанда, мына анықтама біршама көңілге қонымды: «Эпифора - это повторение слов или выражений в конце смежных отрывков» (4, 344).

Шындығында, эпифора болу үшін өлеңді сөйлем болса да, прозалық шығармалардың сөйлемдері болса да, қатар келген сөйлемдердің бірдей сөздермен аяқталуы деп үққан жөн. Ендеши, F. Мұсреповтің әңгімелеріндегі эпифора жайлы сөз козғауға болатыны дау тудырмаса керек. Анафорадағы сияқты, бұл жағдайда да эпифоралық құбылыс тудырып тұрган жеке сөздер мен сөз тіркестерінің стилистикалық қызыметін сол контексті тұтас алып, стилистикалық - грамматикалық талдау жасау арқылы нақтыладп отыруға болады.

Бір ескертте кететін жай - эпифоралық құбылыстарды сөйлем мүшелерінің барлық түрі бойынша сөз етудің, қисыны келмейтін реті бар, өйткені өлеңді шығарма емес, қара сөзден құралған сөйлемдер болғандықтан, сөйлем соңындағы сөздер басым көпшілігінде баяндауыш болып келеді. Бұл, әсіресе, сөйлемдерін аса бір ыждағаттықпен құрайтын F. Мұсреповтің стиліне тікелей қатысты нәрсе. Сондықтан әлдебір кездейсоқ реттерде болмаса, эпифора деп сөйлемнің баяндаушының қолданылуын ұғамыз: Өшіккен жау, ашынган долы алай-тулей борай соғып, сол түбектен бергі қардың бәрін айдалап әкеліп, иіріп жатыр, үйіп жатыр («Женілген Есрафил»).

Көмекші етістіктің қайталануы қимыл-әрекеттің созыңқылығын және актив әрекетті білдіруге жәрдемін тигізіп тұр.

«Қолымда ешбір документім жоқ болса да, осы бөлім істің анығына зейін салатын еді деп, мен де аузымды жаппадым: айта бердім, айта бердім» («Тарғыл қауын»).

Баяндауыштың екі рет қайталануының нәтижесінде сөйлеу процесінің тездігі, шапшандығы айқын аңғарылады.

Мына мисал жағдайында көмекші етістік сол сөйлемде баяндалатын әрекеттің әдетке айналғандырын, белгілі мерзім төнірегінде қайталанып отыратынын білдіру үшін әлденеше рет қолданылады: «Қоңырлатып, ыңырысып елең айтып отырады, өлең емес, қоңыр күймен ішіндегі зарын төгіп отырады» («Тулаған толқында»). «Барып қайтқан жері - осы тұрган Қазалы. Біріне-бірі есептерімен аңырайысып, соқырайысып қарайтын, үйме-жүйме белуарлап сыз тартып тұратын сүр балшық Қазалы. Түйелі керуендей шұбалып өретін тұтіндері тоғысып жататын Қазалы» («Алғашқы адамдар»).

Бір сөздің әр сөйлемнен кейін қайталанып отыруы бір ғана қаланың жай-күйін санамалап отырганын көрсетеді. Бұл, сол қаланың оқырманның есінде ұзак дәл осы мағынада келіп, тек қалаға қатысты ғана емес, адамның жай-күйін, табиғат құбылысын, өмірде болып жататын жағымды-жағымсыз көріністерді нақтылай жеткізу мақсатында да жұмсалып отырады: «Бұл - шешеге тағы бір ауыр қасірет: адал жан етіп өсіремін деген қызын алдау қасіреті, сендіре алмау қасіреті. Ертелі-кеш кездесіп отыратын қасірет» («Сөз жоқ, соның ізі»). «Бұл дүниеге бірінші рет келген апат. Адам жасаған, адамның өзін қыру үшін жасаған апат» («Тастың әңгімесі»). «Іле зде ол жүзі қайта өзгеріп жүре берді: қанын ішіне тартқан жолбарыстың мейрімсіз жүзі, аяу білмес жауыздық жүзі, обырдың жүзі. Кейде капиталист үйінің терезелерінен тап осында жүздер көрініп қалады: жауыздың, обырдың жүзі, мейрімсіздің жүзі» («Бір тума»).

Ілгеріде кейбір мисалдарға назар аударар болсак, F. Мұсрепов қайталамалардың көпшілігін юморлық мақсагта жұмсайды. Ал мына мисалдардан жазушының үлкен сатирик екенін көрсететін сөздерді байқап отырмыз: бір ғана «жүз» (бет, кейіш мағынасында) сөзін алты рет қайталай отырып, оқырманның сол кейілкерді барынша ытырынып, жек көрмесіне қоймайды. Осы қайталаманың арқасында жағымсыз пландағы кейілкердің бар нитеті айқын ашылады.

Эпифорада да көмекші етістіктердің бірнеше рет қайталануы автордың негізгі мақсатына дәп қеліп отырады: «Қазір екеуі сақ отыр, қарсы отыр, сәнді отыр, салмақты отыр» («Қыран жыры»).

Дәл осындай тәсіл арқылы жазушы сөзбен әдемі сурет салып отыр. Қыл қалам шебері де осы сөйлемді оқығаннан кейін бүкіл әңгіменің мазмұнына сай сурет салып шығары хак. Мұның өзі - тағы да қайталаманың арқасында мүмкін болатын іс.

Сөз болып отырган әңгімелер мен новеллаларда бір сөйлем ішінде кездескен кейбір сөз сол күйінде жеке сөйлем түрінде қайталанып отырады:- Бұл - менің актым!- деді...-Актым! Айтсын өзінің көз алдында! Айтсын! («Шұғыла»).- Өне, бір шұғыла көрінеді!-деді алда келе жатқан атшымыз.- Шұғыла! («Шұғыла»).

Анафорадағы сияқты, мұнда да айтушының немесе жазушының психологиялық өзгерісін байқау қыны емес. Бірақ мұндай құбылыстарды не анафораға, не эпифорага жаткызудың қыындығы аңғарылады: бірі сөйлемнін ішінде болса, екінші қайталанғанда жеке сөйлемді танытады. Біздінше, мұндай жайлардың қайталама екеніне күмән туғызбай, қайталаманың үшінші түрі деп қаралған дұрыс.

Қайталаманың тағы бір түрі F. Мұсреповтің шағын прозасынан белең беріп отырады. Ол - сейлемнің ортасындағы қайталамалар: «Мен ауруханаға он алты рет жатып шықтым, арқамды он алты рет жаматтым» («Арқаның әңгімесі»).

Мұндағы нақтылы санның екі рет қайталануы орынды, ейткені бір сөйлемде айтылған екі әрекеттің саны бірдей болмауы әбден мүмкін. Мына мысалдың жағдайы да солай: «Шабуылға үш рет барып, үш рет шығындал қайттым» («Тулаған толқында»).

Ғабит Мұсреповтің қазақ жазушыларының орта және кейінгі буындарына шығармашылық, иғі әсер еткенін барша мәдени қауым біледі. Оның сұлу стиліне қызыға

назар аудармаған, оның мектебінен өтпеген қаламгер кемде-кем.

F. Мұсреповтың стильтік мектебінің қыры мен сыры мол. Басқа мәселелерге ауытқымай, сөз болып отырған маңызды жайдың төңірегінде әңгіме етсек те, Фабит тәсілімен қайталамаларды батыл қолданып, орынды жұмсап жүрген жазушылар аз емес. F. Мұсреповтің ізінше анафоралар мен эпифоралардың сан алуан түрлерін Б. Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романы мен Ж. Молдағалиевтің «Тыңдағылар» повесінен көп ұшыраттық, Мұндай жайдың нақтылы мысалдарын жазушы Ә. Кекілбаевтың «Көлденең көк атты» әңгімесінен мол табуға болады:

1. «Ол әуелі қалаға келіпті. Қалаға келетіні - қасында теңіз бар. Теңіз болмаса, ол біздің жаққа келер ме еді, келмес пе еді - кім білсін. Жоға, бәрібір келеді».

2. «Көлік күтіп бір күн жатыпты,- келменті. Екі күн жатыпты,- келменті».

3. «Қаланың шет жағынан асхана кездесіпті: Асханада украин борщының бір тарелкасын ішіпті,- тоймалты. Екі тарелкасын ішіпті,- тоймалты, Үш тарелкасын ішіпті - тойыпты».

4. «Сыртқа сыйылып шығып, ауылдың желкесіндегі тастақ төбенің тасасына барып, мен де жыладым. Өзімнен-өзім жұбана алмай ұзақ жыладым. Ауылдың балалары көріп қап, мазақ ете ме деп, жұлғеден-жұлгеге бұқпантайлаپ жасырынып жүріп жыладым».

5. «Әуелі әжемнің құшағында отырып тыңдадым, сосын иығына сүйеніп отырып тыңдадым, біраздан соң тізесіне басымды қойып жатып тыңдадым».

Бір қызығы - Әбіштің дәл осындағы үйіп-төгіп қайталауы осы әңгімесінен бұрын-соң жазған қай шығармасында да кездесе бермейді. Сірә, жазушының стильтік барлауы немесе жаттығуы болар деген ой келеді. Енді бір оиласаңыз, Ә. Кекілбаев үшін мұндай тәсіл жаңалық сияқты көрінбеуі де мүмкін, таптаурын әдісті қайталаудеп қабылдауға да хақылы екенін білеміз.

Әлжаппар Әбішевтің сөзге деген ыждағаттығы, оны ой елегінен салмақты және жауаптылықпен өткізетін «Жас түлектер» повесінен-ақ, көзге түскен. Бір өкініштісі - мұндай даралықты арнайы әңгіме ету мәселесі назардан тыс қалып келе жатыр. Ысылған прозаиктің кейінгі көлемді туындысы «Найзагай» романында да автордың бұл саладағы үлгілі тәжірибесін байқау қызындыққа түспейді.

Әсіресе жазушының әлдебір құбылысқа, оқиғаға мән беру мақсатымен жеке сөздерді немесе сөз орамдарын әдейі қайталай қолдану тәсілі көніл аударады. Э. Әбішев қайталамаларының F. Мұсрепов қайталамаларынан басқашарап екенін айту керек. Әлжаппарда анафора да, эпифора да кездесіп отырғанымен, көбінесе сөйлемнің ортасындағы қайталамалар көп ұшырасады. Әлбетте, мұндай жағдайда да ол қайталамалар елеулі стилистикалық, қызмет атқарады. Әрине, романның өзі Мәди сияқты аты бар қазаққа мәлім өнер иесі туралы болғандықтан ән сөзінің жүруі өзінен-өзі түсінікті. Ал бұл сөзді жазушы қалай болса солай сөз арасына араластыра бермей, өте бір қажетті жерінде орынды келтіріп отырады: ""Эн қара аспанды тілгілеген қалпында әлі асқақтап тұр... Тылсым бугандай, қала тұтасынан жансыз жартас секілді, тек жалғыз сол әнде ғана өмір бар, тек сол әнде ғана жан бар, тек сол әнде ғана қанат бар. Әрине, мұның бәрі Натальяның сол әнге сүйсіне қосылған жүргегінің әні ғана, бірақ, сол әнді құлағы шалғандардың бірге шалқымағаны аз".

Тегінде, бұл сөздің келтірілген шағын үзіндіде алты рет қайталануының артықшылығы еш білінбейді.

Басқа сөздер де орынмен қайталанып келулері арқылы айтылар ойды ажарландыра түседі, сол ойдың шегелей, айқын жеткізілуіне көп көмегін тигізіп тұрады. Мұндай қайталамалар көп ретте қайши, контраст жайды нақтылауға қызмет ететіні бар: «Көкжиек құланиек-теніп, таң шапағын шаша бастады, бірақ, бүкіл әлемнің шапағы бір өзінің басына шашылса да, Шарапаттың шат-

танатын түрі жоқ». Немесе: «Ол жиырмадан жаңа ғана асқан жалынды жас жігіт еді, қазір жетпістегі шал секілді қаусап, бар жалыны сөніпті. Ол бұрын екі беті жайнаған гүл еді, қазір құзғі жапыраққа айналыпты», -дейтін сөйлемдерден осыны ағарамыз. Былайша айтқанда, көңілсіз адамның кейіпі мен құн шапағын салыстыру арқылы сол қарама-қарсы суретті барынша көрнекі етіп береді. Соның өзінде шалақ сезінің қайталанып келуінде мән бар: автордың көлеңкеден ғері күнгейге кебірек көніл бөлгенін айғақтайды. Ал екінші салыстыруға келетін болсақ, мұнда да жазушы бір адамның екі кезеңдегі бет-әлпетін, ішкі сезімін қатар қою арқылы суреттейді, бірақ, екеуін қанша қатарластырганымен, автордың ой екпіні кейіпкердің бұрынғысынан бүгінгі жайына ауып отырады, сондықтан да к а з і р сезінің екі рет кездесуі ешқандай кездейсоқтық емес, автордың саналы мақсатынан туып жатқаны көрініп тұр.

Ә. Әбішев қаламынан туған сөздердің лексика-грамматикалық топтарының әр түрлілігіне қарамастан, қайталанып, отыратыны, айталық, зат есім немесе үстене ғана емес, басқа сөз таптары да, сөздердің қайталанып отыратыны да назар аудармай қоймайды. Мәселен, етістік сөздерді қайталау арқылы жазушы кейіпкерін қозғалыс үстінде бейнелеумен бірге, сол кейіпкерінің мінезін ашуға да оңтайлы тәсіл табады: «Ол желік кеулеген кеудесін баса алмай, өзімен-өзі алысып, үйдін ішін кезуідеп жүрді де, талықсып барып тесегіне құлай кетті. Ол Мәдилер кеткелі, тесегіне осылай талай құлады, алыстан қонырау даусы естилгендей болып, есікке қарай талай жүгірді, босагадан сығалап, жол бойына қарай-қарай көзі де талды, құлай-құлай өзі де қалжырады...»

Мұндағы құла сөзінін тұра мағынасында қолданылмай, одан кеңірек - кейіпкердің құлдырау, төмендеу, әлсіреу сәттерін ұғындыратын мағынада жүмсалып тұрганын байқауға болар еді. Ал сол құлау бірнеше рет қайталануы арқылы оқырманның көңілін өзіне тартып отырады.

Мына сейлемнен де осыған үқсас жайды аңғарамыз: «Ол құдай алдында осы істеп отырган істеріне есеп беріп тұргандай мұлгіп біраз тұрды да, күймеге жақынадады. Тағы да мұлгіп отыра кетті ол... ол тілі күрмеліп, көзі мұнарлана бастады. Сол ойы уланып, көзі мұнарлана бастағанның бірі - Атаманов».

Сірә, Әлжекең сатирик емес, жазушының таза сатириалық мақсатта жазылған шығармасын атау қыын. Әйтсе де, шығармадагы және мынадай романдағы ситуацияға орай әр адамның бейнесін жасауға тұра келеді. Келтірілген мысалдан кім де болса жағымсыз планда алынған кейіпкерді таныр еді. Соның өзінде автор ол жөнінде басы артық, сөз қолданбайды, мысқылдамайды, дәл суретін береді, табиги қимыл-әрекетке түсіреді. Міне, дәл осы жағдайда мұлғұ немесе көзімүн арлану сөздерінің кірістірілуі қөңілге қонымыды болып шыққан. Егер жазушы бұл сөздерді бір реттен ғана қолданса, ол әрекеттердің тасада қалып қоймагы да мүмкін, әлгі қайталамалар осындаї жерде өз міндеттерін лайықты атқарып тұр.

Сейтіл, жазушы Әлжаппар Әбішев кейіпкерлерінің әр түрлі сәттерінде - қуаныш кезінде де, әлде бір нәрсеге қөңілі соқпай, жадау жан күйінде жүргендеге де - қайсысында да жеке сөздер мен сөз орамдарын білгірлікпен қолданып отырады.

С. Сейфуллин мен Б. Майліннен кейінгі ізденістердің көрсетіп отырганында, қайталамалар әріден -(ауыз әдебиеті туындыларында, халық ақындарының, Абайдың шығармаларында көп кездеседі. - М. С.) бастау алып, Ф. Мусрепов шығармаларында жарасымды үрдісін тапқан қайталамалар кейінгі қаламгерлер шығармаларында қисынды қолданылып тұр. Оралхан Бекеевтің повестері мен әңгімелеріндегі қайталамалардың өзіндік ерекшеліктері бар. Жазушының «Қар қызы» повесі «Айдала аппақ қар. Айнала аппақ дүние...» деп басталады. Он шақты беттен кейін «Айнала аппақ қар күн сәуле сімен шағылысып жанарды жейді» деген сейлемді оқимыз. Тағы он шақты беттен соң «Айнала аппақ қар... көшелер ғана

соғып өткен ақ түтек боранның сарқындысы» деп жазады. Одан әрі де ара-дүркін «Айнала аппақ, қар... сендей сірескен тұтас қасаттанған сұық дүние» дейтін сөйлем бірнеше рет ұшырасады. Бұл, әрине, белгілі бір мақсат-ка сәйкес келеді. Ол - оқырманды еріксіз жетелеп, негізгі ойынан ауытқымауға тарта білу. Аппақ қардың түсі символдық қызмет атқарады, бірақ, автордың ниеті, оған қоса, шығармасын шымырландыру, жинақы оқиғаның «айналасы теп-тегіс, жұмыр келуін» қадағалаудан туған мақсатында жатыр. Мұндай мақсат, мұндай ой Оралханның шағын әңгімелерінде де аңғарылып отырады. Айталық, «Қасқыр ұлыған түнде» әңгімесі «Қыстың ұз-а-ак, кеші» деп басталып, әнге арналған өлеңнің қайырмасындаі, араға бірнеше бет салып қайталанып отырады. «Күлпаштың үршығындағы» кездесіп отыратын «Мен аңтаңмын» жөнінде де осыны айтуға болады. Осының бәрінде де Оралхан кейіпкер әрекетіндегі әлдебір жайға (ол жағымды немесе жағымсыз болар) назар аудартуды нысана етеді. Айталық, бірде аппақ, қарды еске бірнеше рет салу арқылы адам жанының пәктігін алдыңғы планға қояды. Ал қыстың түнінің ұзақ екенін айтса, оқиғаның созылыңқылығына мән бергені деп үғамыз. Сондай-ақ, кейіпкерінің аң-таң екенін қайталап айта берсе, оның мінезіндегі құбылмалы жайды немесе жасандылықты алға тартқаны деп қабылдаған жөн.

Әкім Таразидің «Тасжарған» романында сөздерді әншейін, кездейсоқ, қайталу емес, мақсатты, саналы түрде қайталап отыратындығы байқалады.

«Әлидің қиналғаны есінде, «бұндай жерде істейтіндердің бәрі олай деп ойлауға болмайды» дегені есінде, тары да ішкендері есінде, қыздың соңынан асхана жаққа барғаны есінде, көзінің жарқ ете қалғаны есінде. «Қареке, неғылған адамсың!» деп, Әлидің одырая қарағаны есінде, қайдағы бір машинаның шоферларымен керілдесіп тұрғаны есінде, аргы жағы - тұман, түнек» деген сөйлемдегі есінде сөзін әлдеқалай қолданбағаны айқын: авторға кейіпкер әрекетіндегі әрбір қимыл-қозғалысты,

болған оқиғаларды санамалап айтып, оқырман зердесіне үялату үшін осылай ету қажет болған. Әлбетте бәрін тізіп шығып, е с і н д е-ні соңынан бір-ақ тіркесе де болғандай, бірақ, мұндайда әдептегі аузызекі сөйлеуден айрымашылығы байқалмас еді. Авторлық, ерекшелік танылmas еді. Мынадай мысалдар да осы пікірді дәлелдейді: «Күн қыза бастады, көлеңке қысқара бастады, жайылыңқы түрған адам шоғырлары жинақталып, бас-аяғы ықшамдала бастады». «Күтпеген жерден Омардың көңілі көтерілді. Әндектісі келді, секіргісі келді. Төлбасыны тік көтеріп, аспанға лақтырып, тосып алғысы келді».

Бұған қарағанда, жазушы толық магыналы сөзді ғана емес, көмекшілік, жәрдемшілік қызмет атқаратын сөздердің қайталанып келуін оңтайлы тәсіл ретінде колданған. Мұның өзі кейіпкердің көңіл-күйінін динамизмін айқында нақтылы етіп суреттеуге мүмкіндік береді.

Енді бір реттерде автор жеке сөз түрінде болсын немесе сөздер тобы түрінде болсын, құрмалас сөйлемнің компоненті санатындағы конструкцияны қайталайтыны бар. Мұндайда жазушының не нәрсеге баса көніл бөліп отырғандығы қандай қимыл-әрекетті немесе қаһарманының жай-күйіндегі сезім иірімдерін алға тартып отырғандығы айқындала түседі: «Күн шықты,- Омар қыбыр еткен жоқ; күн арқан бойы көтерілді,- Омар қыбыр еткен жоқ; күн көк аспанның жарасына жармасты,- Омар қыбыр еткен жоқ».

Әзіндік стилі қалыптаспаған немесе тәжірибесі аз қаламгердің «Күн шықты, одан кейін арқан бойы көтерілді, тілті көк аспанның жарасына жармасты, бірақ, Омар қыбыр еткен жоқ» ынғайында жазуы ғажап емес. Ал Әкімнің сөз салтауында кейіпкер қимылындағы асық-паушылық (бірақ сылбырлық емес), байыптылық, керек десеніз, тіршіліктегі басқа істеріндегідей, үйықтағанда да сабырлылығы, тыңдырымдылығы бой көрсетіп отырады. Бір қарағанда, үйықтағандағы тыңдырымдылығы де-геніміз күлкі туғызуы да мүмкін. Айтқалы отырғанымыз

- кейіпкердің қай істі қолға алса да, аяқтамай тынбайтын, мәселен, үйықтағанда да толық, қанды дем алатын адам бейнесінің берілуі туралы болып отыр.

«Тасжарғандағы» қайталамалар біртекtes қимыл-әрекеттің ұқсастығын, шамаластығын білдіруге де қызмет етеді. Айталық, «Кашафов бүгіліп тұрып қоштасып, иіліп барып шығып кетті», «Қорбаңдап келіп қос қолын ұсынды, оны азырқанғандай, сыйпайы ғана құшақтасып, сыйпайы ғана қысып қойды», «Әли асықпай темекісін тартып болады, түқылын анадай жердегі урнаға маң-маң басып барып тастайды, қайтып келіш, орнына отырған соң асықпай ойланады, асықпай отырып анық шешеді». «...вагонның есіктері сарт-сұрт ашылып, сарт-сұрт жабыла бастады» тәріздес сөйлемдердегі қайталанған сөздердің зер сала қараған адамға орнымен жұмсалып тұрғаны байқалады. Мұндай үқсас қимылдардың қайталанған тұрлері көз алдыңызға елеステйді. Әрине, автор синонимдес сөздерді қолдануға да ерікті. Мәселен, бүгіліп тұрып қоштасты, иіліп шығып кетті тәріздес сөйлем құрағаны үшін айыптамас едік. Соны біле тұра, жазушы әлгі қимыл тұрлерінің амалын бір сөзben қайталап бергенде кәдімгідей көрнекіліктің болатынын, қимыл иелерінің бір тоңды дағдысын ескерген.

«Тасжарғандағы» қайталамалар, абалласаңыз, көп жағдайда автордың немесе кейіпкердің ойын үйіп-төгіп берген тұстарда, демек, сөйлем ұзақ болып келген ыңғайда кездесіп отырады. Бұл, әрине, сөйлемнің (немесе бірнеше сөйлемнің) шұбаланқы болмай, түсінікті тұрде қабылдануына қажетті шарт сияқты да көрінеді: «Сөйтіп тұрғанда, тұлғасын қолдан құйғандай, цыган тұстес бүйра бас жігіт келіп, Асылханға бірдене-бірдене деді, анау орнынан тұрып, шеткегі шықты, сол арада Асылхан ана жігітке бірдене-бірдене деді, ана жігіт оған бірдене-бірдене деді. Топтан Зәмзәм бөлініп шығып, ана екеуінің қасына барды, барды да, қара жігітке бірдене-бірдене деді, қара жігіт оның қеудесінен кейін итерді де, Асылханға бірдене-бірдене деді. Асылхан қолын сілтеп-

сілтеп бірдене-бірдең деп таstadtы...». «Ыстықкөлдің жағасындағы кішкентай ғана қала, кішкентай қаладағы кішкентай шіркеу, кішкентай шіркеудегі кішкентай қоңырау.. құн батар алдында жінішкелеу үнмен тау бектеріндегі селоларды құдайға тағзым етуге, құлшылық, қылуға шақырып, дызындаپ тұруышы еді-ау».

Мұндай қайталамаларда автордың суретtelіп отырған ситуация мен ортаға, адамдарының қарым-қатынастарына орай жеңіл юморы, тіпті сарқазм айқын көзге ұрып тұрады.

Адам жан-дүниесіндегі өмірлік мәселені шегелеп, нақтылап айту керек болғанда, автор есімдіктерді орнымен қайталап отырады. Бір байқалатын жай - есімдіктерді алдында аталып кеткен сөздердің орнында жұмсау емес, сол сөздермен қабаттастыра, жарыстыра қолдану тәсілі ұнайды: «Енді Омар, бәрін таста, еле қайт. Сені табаламақшы болған көлеңке-дүшпаның бар. Соларға қарсы шық. Аяқ астына таптаған намысың бар, соны жырт. Аяқталмай қалған ісің бар, сол қамалды бұз. Тұсініспей жүрген жарың бар, сонымен тіл табыс. Сен әлдекім емессің, сен қолтықтың кірі емессің, сен! Бұл дүниеге келгенде арқалап келген зіл-қара жүгің бар, сонынды ерге сүйрей бер. Жауға қарсы шапқан ер ауыл-үйдің итін қуалап кетсе не болмақ? Масқара болмақ. Соны ұмытпа, соны ұмытпа, соны ұмытпа».

Әкімнің қайталаулары әр алуан болып келеді. Дәлірек айтқанда, «Тасжарғандағы» қайталамалар сез таптарының да, сөйлем мүшелерінің де, тіпті сөйлемнің де көптеген түрлеріне тікелей қатысты. Мұның аты - қайталамадағы әралуандылық, оқырманың тартып отыратын әрқи-лылық деген сез. Сол әр қылышың тағы бір ыңғайда байқалады.

«Келе-келе қара бұлт екі жарылды да, бірі оңтүстік-шығысқа, бірі оңтүстік-батысқа көше жөнелді», «... бұлардың қасына Ұлмекен жақындаған, жақындағы да, әкесінің арқасына тығылған баладай, Досымның сыртынан тұрып Омарға таңырқай қарады»; «Бұл сөздер

Сәуленің тас қамалына рәгәткімен тас атқандай ғана әсер еткенін сезеді, сезеді де, қиналады»; «Омар күліп жіберді, күліп жіберді де, ғұрідеп жатқан қомақай оппаға жақындағы» сөйлемдеріндегі қайталанған сөздер жазушының сөз кедейлігінен болып жатқан құбылыс емес, қайта, бір сөзді қайталап қолданудың нәтижесінде бірнеше қимыл-қозғалыстың тығыз байланыстылығын, сол әрекеттердің арасында уақыт жағынан оншалықты айырмашылықтың бола қоймағанын сездіреді. Тіпті жарыстырыла баяндалып отырған оқиғалардың бір-бірімен жындастып, біргіп жатқанын да абаилатады.

Қысқасы, сөз қолданудың толып жатқан қырларының барлығын бірдей бір жолы әңгіме етпей-ақ, бір ғана қырын - қайталамалардың жұмысалу реттерінен ойды жеткізу дің неше түрлі сырьы барын түсінуге болады. Ойды, әрекеттіәр түрлі құбылмалы, кейіпкер харakterіне сай етіп беру, тартыс сипатына сәйкестендіріл қыыстыру жазушының шеберлігіне өте-мете байланысты. Бұл ретте Әкім Таразидің «Тасжарған» романынан бұдан да көп мысал келтіруге болар еді. Қалай десек те, романдағы сөздердің екі, одан да көп рет қайталануы автор мақсатынан туған саналы құбылыс екеніне, оны қолданудың сан түрлі сырьы болатынына, әсіресе жас қаламгерлердің назар аударғаны жөн. Дегенмен, мұндай сөз қайталаулардың көлемді шығармалардың өне бойынан үнемі орын ала беруі кей жағдайларда оқырманың жалықтырып жіберуіде мүмкін. Сондықтан да автордың алдағы уақытта оны да еске тұтқаны абзal.

-
1. Балақаев М., Жаппейісов Е., Томанов М., Манаасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы: Мектеп, 1966.
 2. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы: Оқу педагогика баспасы, 1964; Балақаев М жөне басқалары. Қазақ тілінің стилистикасы...
 3. Сол кітаптарда.
 4. Розенталь Д.Э. Практическая стилистика русского языка. Изд-ние З-е. М.: Высшая школа. -

Қазақ сөзін әрдайым қастерлеп, ешбір шашау шығар-
мaston, тек мақсатқа сай қолдану сияқты ерекше
шеберлігін жазушы F. Мұсрепов басқа жанrlардағы
шығармаларындағыдай, сатиralық және юморлық туын-
дыларында да айқын танытады. Суреткер қолданған
әрбір сөздің мазмұны мен сыртқы тұлғасы өте бір жара-
сым тауып, оқырманын еріксіз күлдірумен бірге, салмақ-
ты ойға жетелейді. Сейтіп, Габең сатирасының тілі тура-
лы әңгіме қозғағанда, сөз берен сөз тіркестерінің лексика-
фразеологиялық мағыналары мен сөйлем ішіндегі бай-
ланыс түрлеріне немесе сөйлем түріне қарай және ол
екеуін бірлікте қарастырған жөн.

Лексика-фразеологиялық тұрғыдан алғанда, бірнеше
жайға назар аударуга тура келеді. Айталақ, теңеулердің
жұмсалуы қайталамалардың кірістірілуі, сондай-ақ
шендестірудің қызметі немесе кейіптеу атқарып тұрған
роль шығарманың ғана емес, сол сатиralық шығармалар-
дағы жекелеген детальдардың нақтылы болуына, автор
ойының дәл берілуіне мол мүмкіндік жасайды.

"Айқара тасталған қасқыр ішік, ауыз-басы қарабурыл
жұн болып, семіздіктен ыңқылдап, жарылып бара
жатқан үнның қабындағы болып Оспан шанадан әрең
түсті" («Тулаған толқында»). Осылайша, жай ғана қап
болмай, үнның қабы болуы және жарылып бара жатқан
қап болуы автор ойына дәл келеді және жағымсыз
пландағы кейіпкерді көз алдымызға елестетеді. Сол
сияқты, жүnnің қарабурыл болуы қасқырдың түсінен
белгі береді де, кейіпкердің (Оспанның) мінезінен
хабардар етеді. Қайталаманы қолдануда да F. Мұсрепов
үлкен шеберлігін көрсетеді: "Көтібардың Итемгені -
тығыршықтай тығыз, шертіп қалсаң, шырт ете
түскендей, ашуланшақ адам. Екі танаудың алдын таңқита
қырып тастаған. Берекесіздеу шыққан қара мұрты екі
езуінде мысықтың мұртына үқсан селтиеді де тұрады" («Тулаған толқында»).

"Әр моланың төбесінде шаншылып отырған бір-бір
қарақұс көздерін отарға қадап алыпты. Өздері қадалып

мола төбесінде, көздері қадалып отарда. Олар отарды кеше де торыған, бүгін де торып отыр, ертең де ториды, өмір бойы торып келеді" («Айгұл қойшының әні»). Қойлардың жауы болып, есептеген қарақұсты, оның әрбір қимылын, өз мақсатын орындауға жалықпайтын бірбеткейлігін жазушы қайталама арқылы ойдағыдай берген.

Жазушы сатирасында әсірелеу (гипербола) жиі пайдаланылады. Ол, әсіресе, адамның мінез-қылышын, әрекетін бейнелеу сәттерінде өте оңтайлы тәсіл ретінде жұмсалады. Нактылық айтқанда, әйелдердің басындағы ойлары мен оны басқаларға жеткізу тәсілдерін ұтымды бейнелейді: " Осы күнге дейін ауыл әйелдерінің бір нашар мінездері - олар бір өзгеріс бола қалса-ақ, соны қапыл-құпыл, өрт сөндіріп жүргендей, өте тез, өте қомақты қамтиды. Бірақ бірден дұрыс үғына алмайды... Құрыққа сырық жалғау былай тұрсын, бітеу бөренені жалғап жібереді. Ескі ауылдың әдеті бойынша өз жанынан бір-екі ауыз сөз жалғамай айтқысы да келмейді" («Алғашқы адымдар»). "...Мұсақайдың әйелі көптен бері араларында бықсып жүрген кикілжінді үрлей бастады. Сазарған жалпақ бет сары әйел денелі адам еken. Шаштасуға бой үрып, бөртініп кетіпті. Бір ауылға жайлау боларлық жалпақ, бетінің сол жақ, томпағына шыққан түймедей қара меңінде бір түп қыл да шыққан еken" («Оянған өлке»). Әрине, мұндай портретті көпке дейін ұмытуға болмайды: нақтылығы басым, есте тез сақталады.

Кейіпкерлерін немесе уақығаға қатысты басқа да заттарды, нәрселерді қоршаган ортаға байланысты әрекеттерді суреттеуде сатирик F. Мұсрепов кейіптеуді өте бір қисынды пайдаланады. Дәлірек айтқанда, көптеген заттар адамға тән қасиеттерге "ие болып", адамдарша қозғалады, әрекет етеді, адамдарша әр түрлі эмоциональдық көріністе бейнеленеді. Сол сияқты хайуанаттар да адамдарша " ойлап, откен күндерін еске алады". Ауа райына қатысты да адамның мінезі мен қылышына тән әрекеттерді иелендіреді. Ең ұтымдысы сол - осының бәрі де кейіптеудің арқасында оқуға оңай,

қабылдауға жеңіл болып келеді. Оны мына мысалдардан анық, байқаймыз: "Ұзамады, ұзын астауға салынып, былқыған бағланның еті келді. Бүгілген тізeler жазылып, көсіліп мінгескен аяқтар жиналды. Еріндегі насыбайлар қол жудыруға әкелінген жez легенге быш-быш түсіп жатты. Екі құлағы қалқынып, езуі ыржынып, таңдайы көрініп жатқан қозының басы мен теңкейіп жатқан сары қазысы бар ұзын астау ақ, май ортаға келіп сылқ, ете түсті. Қос құлағы мен ауыз, мұрнынан айрылған бас, қасына қазының қабыргасын, ортан жілік, жамбасты ертіп алып Оспанға қарай бет алды" («Тулаған толқында»). "Ақсу шай тез-ақ сорапталып болды. Шұнақ, шыныаяқтар шылдыр қағып кісінесті де, пұшық самауырға еріп ауыз үйге шығып кетті" («Алғашқы адымдар»). "Батпақтыны" қыс тіпті қимайды еken. Оңтүстіғынан күн қарды солқылдатып-ақ ерітіп келсе, солтүстіғынан қалың қар қайта жаба салады" («Шұғыла»). "Жылдысып өткен алты-ай жаз алдап кеткен сияқты... Құйрық тістесе қыс келерін, алай-түлей боран боларын, қабағын түйсе қаһар төккен ақпан мен қаңтар барын айтпай кеткен" («Жеңілген Есрафил»).

"Сары атан өзінде бір үлттық белгісі барлығына да шұбәсіз қарайды. Өзге маңдың бәрі көнбіс, ерінбейтін еңбекші, бейғам болғандығын осыған байланыстырады.

-Қарататудың көшін көшірмедім бе? Қарағандының көмірін, Қарсақбайдың сұр тасын тасымадым ба? Түрксібті салыспадым ба? Бірінші тракторды ауылға сүйреп әкелмедім бе мен? Қазір қай жұмыстан бас тартып отырмын мен? - деген секілді, айта берсе, толып жатқан дәлелі бар.

-Шөллейтте, отсыз-сусыз құмда ербендей жүре беретін мен емес пе едім? - дейді Сары атан" («Талпақ танау»). "Қызысусыз ғана қызырып, көзін әлі ашпағандай, сазарып қана шапақ шашпай бедірейіп Қарағандының күзгі күні шығып келеді. Қатпарланған қоңыр бұлттар бірдемеге ренжігендей қабақтары салыңқы, шегініп кейін сырғып барады" («Оянған өлке»).

Сатириктің шығармаларында автордың стильдік даралығын таныту үшін шендерестурі де елеулі қызмет

атқарады. Мұндайда ақ, пен қара, жақсы мен жаман деген сияқты үғымдар қатарластыра айтылып белгілі бір қасиеттер, белгілер дәлдене түседі: "Тобымызды тұтас алғанда, біз көп әкетіп, аз әкелетін аңшылар қатарына қосыламыз. Әкету - үйден, әкелу - түзден. Бұл - тұтас алғандағы жайымыз. Жекелеп алғанда, бірлі-жарымды көп әкетсе де, көп әкелетіндеріміз де бар. Бірақ аз әкетіп көп әкелетініміз жоқ" («Достар қалжыны»). "Біз төбеде, жау етекте, біз тасада, жау ашықта. Біз оларды көздел атамыз, олар бізді көрмей атады" («Қазақ солдаты»). Осындай реттерде жазушының бір ерекшелігі - шенdestіру арқылы, әдетте қарсылықты үғымды білдірмейтін сөздерді стилистикалық жағынан қарсы мағынада қолданады. Мәселен, *біз және олар* сөздерін семантикалық түрғыдан антоним деуге болmas еді, бірақ қымыл-әрекеттің сипатына, жағдайға байланысты сол қымыл-әрекеттің, жағдайдың иесі болып тұрған сөздер қарама-қарсылықты мағынада қысынды пайдаланылып тұр. Осы сияқты, шенdestіру, демек, сөздердің қарсы мағынада қолданылуы берілген сөйлемдердің мазмұнына байланысты болып келеді. Мысалы, ""Қонақ атын бұл ауылдың өзі күтеді деген, қараңғы іңірге дейін ешкім аттың маңайына да барған жоқ. Өзі сұрайды деген Атекесі әлі бір ауыз сөз сұраган жоқ" («Этно графиялық әңгіме»). Осы сияқты жайды мына тәріздес мысалдан да байқауға болады: ""Қазақ қауымы шай үстінде ғана жайласып жадырасып сөйлесе алады. Ет келгенде табаққа құныға қарап, жабыла қол салады да, сөзге аузы да босамайды, сөз құлаққа да кірмейді" («Ұлпан»). Айтайын деп отырғанымыз - әдетте, шай үстінде және ет келгенде тіркестерінің антоним баяндауыш тобындағы сөздердің стилистикалық жағынан қарсы мағынада жұмсалуы бұл екі тіркесті де антонимдік тіркеске айналдырып отыр.

F. Мұсрепов сатиrasesы тілінің ерекшеліктері, әсіресе, сөйлем құрылымы грамматикалық түрғыдан көзге түседі. Демек, мұндайда сатираның морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктері туралы сөз болуға тиіс. Ал мұндай ерекшеліктер және автордың қолтаңбасын

анық, даралайтын көріністер F. Мұсреповтің сатирады, және юморлық шығармаларында айқын білініп тұрады. Айталақ, сейлем ішінде келетін бірыңғай мүшелердегі көмекші етістіктердің бірде ашық қолданылып, енді бірде түсіп қалуы да осы айтқанды толық дәлелдейді: "Нәжімнің көз алдына жиналыс қайталап жиналып бара жатқандай, қызыл бұрыш қайтадан толып бара жатқандай болады" («Алғашқы адымдар»). "Бізге деген "жұт жеті ағайынды" болса, Рамазанмен сегіз ағайынды, Жанғалимен тоғыз ағайынды, Исахметпен он ағайынды, Молдашпен он бір ағайынды, Сағитпен он екі ағайынды болып отыр" («Алғашқы адымдар»). "Негұрлым мырзалық, неғұрлым кеңдік, неғұрлым шыдамдылық байқалса, аналық соған бейім, соны таңдайды" («Қыран жыры»). "Бірі орысша, бірі қазақша сейлесіп тұрганымен, ұрсысып тұргандарын екеуі де жақсы сезетін сияқты. Құлақтары қызарысып, мұрындары сұрланып барады" («Оянған өлкө»). "Мініс аттары еркектің тақымын, жегін аттары атшының айғайын сағынып тұрады. Өтізде ол мінез жоқ" («Жат қолында»). Енді бір реттерде көмекшілік қызмет атқаратын етістіктер бірыңғай мүшелердің бәрінде де қайталанып отырады: "Тар үйлері кең көрініп кететін, аз ғана тамағы мол көрініп кететін бір ерлі-зайыпты адамдар болады. Мұндай үйде қонақын деп отыруға өзің ұласың" («Жат қолында»). "Бұл жолы бір жағы бар шынын айтқандай болып, екінші жағы онысына түгел сенгендей болып, біріне бірі құлімдей қараган болып, кәдуілгідей қол алысып тарасты" ("Жат қолында") "Жона бергеннің жүқарар кезі, соза бергеннің үзілер кезі бар. Ұлпан сол қезіне бір-ақ күнде ұшырасып қалды" ("Ұлпан"). Абайласақ, ілгеріде айттылғандай, көмекші етістіктер мен есім сөздерді автордың бірсесе қайталап, бірсесе бір-ақ рет қолдануының стильдік ерекшеліктері көзге түседі. Көмекші сөздер қайталанғанда сатирик кейіпкерінің сөз болып отырған әрбір әрекетіне, қымылышына немесе қасиеттері мен белгілеріне әдейі назар аударып нақтылады. Ал ол көмекші сөздер бір-ақ рет қолданылғанда да, сондай әрекеттер мен

қылықтар қайталанылып келгенімен, соңғысына баса көңіл бөлінеді. Екінші жағынан, автордың біркелкі сөйлем құрылымын және оның құрамындағы сөйлемнің бірыңғай мүшелерін сөзбе-сөз қайталай беру оқырманды жалықтыруы мүмкін деген ойының нәтижесі екендігі де даусыз.

Жазушы сатирасында риторикалық сұрақты сөйлемді қолдану тәсілі, түгелдей алғанда, жалпы ережеге сәйкес келгенімен, авторға тән ерекшелікті аңғармауға болмайды. Дәлірек айтқанда, хабарлы сөйлем мен сураулы сөйлемнің бұл түрінің араласып келуі және сұраулы сөйлемнің лепті сөйлем орнында жұмысалуы қисынды құлқі туғызады да, автор мақсатына толық сай келіп отырады: "Мал деп, шіркін, сиырды айтсайшы! Мал болып, мал болғанда сиыр болып, жарықтық, күтім "керек" еткен бе? Мінезі қандай қазаққа жайлы. Сүті қандай! Майын айтпасаң да болады емес пе?

Оған қойдан қалған да ас, жылқыдан қалған да ас. Керек болса, жылқының тезегі де ас. Түнде қандай тыыш! Бұзаулайтын кезде болмаса, құзетшінің үйқысын бөлгені бар ма? Кімге болса да жарықтық бір қолайлы мал гой, әйтеуір..." ("Алғашқы адымдар").

Сатирылқ шығармаларда сөйлем мүшелерінің қолданылу жөнінен F. Мұсреповтің өзіне ғана тән ерекшеліктері білініп тұрады. Сөйлем мүшелерін санамалай, сатылай, баспаңдақтай қолдану нәтижесінде сатираның немесе юмордың сипатын айқын танытады. "Ұлпанды кіші баласы Мырзашқа айттырып қойған Тұленнің әкесінің әкесі Тілеббайдың шешесінің сіңлісі Ақбайпақтан тұған Қарабайдың Қайыргелдісінің жиені Егембердінің немере қызын алып отырған Үримбектің Жәуке деген қызы бар еді. Торсан соған үйленді" ("Ұлпан").

Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін қолданудағы F. Мұсреповтің шеберлігі соншалық - сол бірыңғай мүшелердің жиынтығының өзі ғана болып жатқан уақиғаны оқырманның көз алдына сол қуйінде алып келеді. Тек уақиға ғана емес, уақиғаға қатынасушы адамдардың қимыл-әрекеті айқындала түседі: "Кәрімнен кейін Ақан, одан кейін Қиналған, одан кейін Ұрқия, Әбен

менен Әмина; бірін-бірі түзеп, біріне-бірі сөз қосып, бірінен -бірі сөзді жұлып алып, бірін-бірі кимелеп, бірін-бірі итермелеп, үй толы жан бәрі сөйледі" ("Алғашқы адымдар"). "Дүниеде өз құшіне мақтанбайтын, қуанбайтын, қайғырмайтын, өкінбейтін, аямайтын, аяу да тілемейтін үлкен бір алып бар. Ол - сонау домалақ тас пен қара шоқпардан басталып, осы құнгі белдерден асыра ататын зенбіректерге жеткен соғыс құралдары" ("Қазақ солдаты"). "Бір үйде бірге жасап, бірге тұрып, көп жылдарды бірге өткізе де, екі ғасырдың адамындағы алыстап кеткен, екі дүниенің адамындағы ерлі-зайыптылар да болады. Жұман мен Көпей сол еді" ("Оянған өлкे").

Қыстырма сөздер мен сөйлемдерді де сатирасында F. Мұсрепов орынды қолданады. Грамматика тілінде оқшау сөздер деп аталғанымен, қыстырма сөздер, қыстырма сөйлемдер F. Мұсрепов сөйлемдерінің мазмұнын ашып, сатиralық, сипат алуына көп жәрдемін тигізеді. Мысалы, "Екі еседен гөрі қысқартып айтқанда, амандық айтысу мен жол болсын айтысу тақырыптары осымен шектелді деуге болатын еді" ("Жат қолында"). "Ауа райын болжап отыратын ғылыми станциямиздың айтқанын кейде өтірікке шығаратын әдеті бойынша, ап-ашық құн бұзылып жүре берді" ("Кездеспей кеткен бір бейне"). Бірінші жағдайда көпсөзділік сынға алынып отырса, екінші мысалда ауа райын зерттейтін ғылыми мекеменің жұмысындағы шалғайлық сынға алынған. "Байжан өз үйінде, төр алдында кешкі намазын оқып жатыр. Аты намаз демесек, Байжекеңнің көңілінде де онша көп құлшылық бары байқалмайды" ("Оянған өлкे"). Не таза коммунист бола алмаған, не діндар болу қолынан келмеген адамның халін жазушы езу тартқызарлық осындағы қылғы арқылы бейнелейді.

Әрине, Фабит Мұсрепов сияқты ұлы суреткердің сатиralық және юморлық мазмұндағы шығармалар жазудағы көпкө өнегелі жақтарын лингвистикалық тұргыдан бұдан әлдеқайда кең және терең әңгіме етуге әбден лайық. Сөз болған жайлардың өзі осы бағыттағы зерттеушілерге азды-көпті ой салатынын теріске шығармасақ керек.

F. МҮСРЕПОВТІҢ ШЕШЕНДІК ӨНЕРІ

I

Ұлы жазушы F. Мұсреповтің дарын-қабілетің бір қыры әлі күнге назардан тыс қалып келе жатыр. Ол- оның шешенендік өнері. Шындыққа жүгінер болсақ, алғаш қолына қalam алып, үлкендерінде шығармаларға рецензия жазу барысында да жас таланттың оқырмандарды елең еткізген дәлелдері мен сөз таптау шеберлігі уақыт өткен сайын қалыптаса түскендігі белгілі. Оның үстінен, көркем дүниелерді талқылау сәттерінде болсын, Қазақстан жазушыларының басшысы ретінде әр түрлі бас қосуларда - съездерде, конференцияларда, пленумдарда жасаган баяндамалары мен халықаралық әдеби шараларға қатысты сөйлеген създерінде ойын дәл, айқын берумен бірге, аудиторияны өзіне еріксіз тартып алатын «магнитіне» талайлардың көзі жеткен. Тегі, осы жайлардың өзі арнайы зерттеуді қажет ететіндігі күмәнсіз.

Кеңінен толғап, мәселенің ауқымын әріге созбай-ақ, оның сөзсайыс (полемика) саласындағы өнердің өзі осы айтылғанға дәлел бола алар еді. «Аспанда болған жекпе-жек» - осы түрғыдан сөз етуге әбден лайық, жолжазба. Жолжазба болғанда, ол - жазушының Жапонияға кезекті сапарының бірін баяндау ғана емес, сол сапар үстінде жазушының күтпеген жекпе-жекке араласып кетуі алғашында таңдандырады да, соңынан сүйсіндіреді. Ұзын сөздің қысқасы, қанды қол зымиян Мартыновтың шебересімен кездесіп, М.Ю. Лермонтовтың өлімі туралы үлкен сөзсайысқа араласады. Таңдануымыз да, сүйсінуіміз де осыдан туындаиды. Таңдану жағынан оқырман өзін Фабеңмен бір дәрежеде сезініп отырады: «Менің ойыма

түсө қалған Мартынов болса, ол, міне, 120 жыл бойында ойлы адам баласының түгел қарғысын алғып келе жатқан адам. Және ол менің ойыма ғана еме, көз алдыма да келді. Жалғыз да келген жоқ; Мартынов, Данте, Лермонтов, Пушкин... Данте, Мартынов, Пушкин, Лермонтов, Бенкендорф, Николай-І... Наталья, княжня Мэри, Гручинцкий - Мартынов... Ұақыт соты, сотталған ұақыт, заман заңы, заңсыз заман... Көз алдың шұбартып кеткендей болды». Демек, оқырманның да осы халде отыратыны сөзсіз.

Содан соң автор былай деп жазады: «Әңгіме асқынуга айналды. Ақсүйек офицер Мартыновтың шөбересі қараңғы қазақ Мұсрептің шөбересін жекпе-жекке шақырып отыр!... Мен ішімнен «я, Алла! Я, Ираклий Андронников!» дедім де, сайысқа әзірлендім». Бұдан кейін оқырманның бей-жай қалуы мүмкін емес. Екінші жағынан, бұл сайыстың басталуы мен жалғасы бұдан да тартымды көріне береді.

Мартыновтың шөбересі қолынан келгенше ұлы атасын кінасіз деп дәлелдеуге тырысып, оған шаң жуытпайды. Оған дерек ретінде орыстың жоғары дәрежедегі офицерлерінің бір кезде Николай Соломонович Мартыновтың ақтап босаттырганын дәлелге келтіреді. Мартыновтың Лермонтовты өлтірмегеніне әжесін куәлікке шақырады. Бір қарағанда, тосын оқырман бүған сеніп қалуы да мүмкін, ал әлемдік поэзияның албы М. Лермонтовтың шығармасын, өмірін ғана емес, оның трагедиясын да жақсы білетін F. Мұсреповтің қарсы пікірі Мартынов шөбересінің ойын теріске шығарады: «Меніште, бұл дәлеліңізді екі бөліп тексерген дүрыс болар... Князь Васильчиков бастаған бір топ Лермонтовтың өліміне өзі ортақ емес пе? Сол кезек Россияның озық, ойлы адамдарының бірде-бірі Мартыновты ақтады ма? Ақтаған жоқ, бәрі қаралады. Екінші, ұлы әженізді күәға тартсаңыз, ол кісі Лермонтовты жек көргені мәлім. Қыздары Лермонтовты қандай жақсы көрсе, әженіз сондай жек көрген. Мен бұл жайдың ішкі астарын тексерген адам емеспін, бірақ Васильчиков тобы да, сіздің ұлы әженіз де күәлік ете алмайтыны анық. Ұлы

әженіз емес, ұлы әженіздің қыздарының күннегін келтіре алсаңыз, менің тоқталып қалуым оңайырақ болар еді: «Шетелдерге сіліспе кеткен орыс адамдарында біздің елде болып жатқан ұлы өзгерістерден түк хабары жоқтары кездеседі... «Қазақ, жаманы орыс бола алмайды» деген сияқты, бұлар европеец бола алмаған. Өнер қуып, білім іздел кеткендері өз алдына, ал мынау сияқтылардың өресі онша биік бола бермейді». Сондықтан да Мартыновтың шөбересі F. Мұсреповтен жеңіліс тауып отыр.

Мартыновтың қорғау үшін, оны таза деп қөрсету үшін оның шөбересі неше түрлі айла-шарғыға барады. Мәселен, бірсесе былай дейді: «..Сіз білмесеніз, мен айтайын, Лермонтовтың ағаш арасына тығызып түрған бір казак-орыс атқан гой! Оны білмейтін бе едіңіз?». Әлбетте, бұған F. Мұсреповтің жауабы дайын: «Жоқ, білемін ол ертегіні... Жақындағана сот және медицинаның беделді адамдарынан құрылған экспертиза ол ертегіні түгел өтірікке шығарды. Сіз оны естімеп пе едіңіз?».

Енді екі сайыскердің арасындағы мына диалогқа назар аударайық:

«-Мүмкін, сіздерше, Лермонтов пен Мартыновтың арасында жекпе-жек болмаған шығар? Мартынов ақындың аңдып жүріп, бір тасадан атып тастаған болар? - деді (Мартыновтың шөбересі - М.С.).

- Жоқ, жекпе-жек болған
- Екі арада алты адым жер өлшенген бе?
- Өлшенген.
- Екеуінің қолына да бір калибрлі алтындар берілген бе?
- Берілген.
- Екі жақынан да секунданттар болған ба?
- Болған.
- Лермонтовтың осы жекпе-жекте өлгеніне дауласпайсыз ғой?
- Дауласпаймын. Бірақ..
- Бірақ, дедіңіз, дауласатын болдыңыз! - деп көршім тағы да күлімсіреді.
- Әңгіме дауда емес, шындықты ашуда ғой. Лермонтов оғын аспанға атқаны мәлім.

- Аспанға атты ма, тигізе алмады ма? Оны кім білсін...

- Жақсы. Солай-ақ болсын. Бірақ, сіздің атаңыз тақап келіп кеудеден атқан фой! Тақал келіп атпаса, оқ, кеудені тесіп өтіп, ту сыртынан қалай шығады?! Ұлы ақынды Мартыновтың өлтіргеніне бұдан артық дәлел болмасқа керек.

- Мұны ешкім дәлелдей алмайды. Секундандаңтар - Васильчиков пен Глебов олай демеген. Олардан басқа көрген ешкім жоқ.

- Доктор Барклай де Толлийдің қуәлігін қайтесіз? Медициналық қуәлік шүбәлануға орын қалдырmasa керек фой!.

Енді бірде Мартыновтың шөбересі Лермонтовтың бір томдығының олардың Париждегі пәтерінде әлі күнге дейін сақталуы екендігін және ақынның өзі Мартыновқа қолтаңба жазып бергенін айтады. Мартыновты ақтауға тырысқан дүшпанның бұл ойын да жазушы мойында-майды. F. Мұсрепов былай дейді: «Лермонтовтың еңбегін қасиеттеп үстайтындарыңызға әрі сенемін, әрі ізгідәстүр деп бағалаймын. Сонымен бірге, бұл ізгілік біздің тала-сымызға еш нәрсе қоса алмайды. Неге дейсіз фой? Адам мінезіне аз ғана ой жүгіртсөніз, Лермонтовтың өлімінен кейін Мартынов оның кітабын қасиеттей алуы мүмкін бе? Жоқ. Лермонтовтың кітабын қасиетті реликвияға айналдыру оның қарындастарының ісі дер едім. Және ақын өлімінің ыстық-суғы басылғаннан кейін...» Оқырман ретінде бұған біздің қосарымыз: Лермонтовтың өз кітабын Мартыновқа сыйға тартуы әбден мүмкін және ондай сыйлықты ажалынан әлдеқайда бұрын, болашақ, жауыменен сыйлас, қадірлес кезінде тартуы дау тудырmasa керек.

Осындай пікірталастың барысында және нәтижесінде ұлы жазушы F. Мұсреповтің әлемдік әдебиетті, әлемдік поэзияны оның санаулы жұлдыздарының бірі M. Лермонтовты жақсы билетіндігі және оны сүйетіндігі айқын сезіліп отырады. Ұлыға, әйтеуір табыну емес, күтпеген жекпе-жекте Fабең біліктілігімен үлкен жеңіске жетіп отыр. Жазушы былай дейді: «Осымен әнгімеміз де аяқталды. Жеңген де, жеңілген де ешкім жоқ..» Мұны жазу-

шының бойына тән кішіпейілділігі деген лазым. Жазушымен бірге оқырман да өзі женғендей әсер алады.

Еңбектің мазмұны мен мәтініне көз жүгіртсек, шешендей өнерге қойылатын талаптардың көвшілігі табылып отырады. Ең алдымен, ілгеріде аталғандай, жазушының алдын ала дайындықсыз кірісп кеткен жекпе-жегінде оның біліктілігі, білімділігі бірден байқалады. Қарсыласының билетін жайларынан хабардар болуымен бірге, ол білмейтін көптеген мәселелерді алға тартатыны осының дәлелі болса керек. Айталық, F. Мұсрепов «Дантеспен сіздің ұлы атаңыз Мартынов бір полкта бірге болған ғой?» деген сұрағына қарсыласы жауап бере алмайды.

Портрет беру шеберлігі жағынан да жазушы өзінің басқа шығармаларындағыдан кәнігі қаламгерлік талантын көрсетіп отырады. Мәселен, Мартыновтың шөбересінің «сол жақ құлағы ту сыртынан күн сәулесі түсіп, қызылт шыңылтырланып түр екен. Көзіміз бейжай кездесті. Орта жасты, бойшаңдау, ашаңдау адам. Аса үқыпты қырынбаған, жирен мұрты тікірейінкіреп түр. Көк көзді, қарашибында сарғыш мен бар». Әдетте адамның сырт бейнесі осындаи болуы әбден мүмкін, алайда, жазушының көзіне жағымсыз кейпкердің жағымсыз белгілері түсіп тұратыны тағы түсінікті.

Мұндай суреттеуде кейіпкеріне жазушы авторлық түрғыдан қарайтын болса, автордың өзіне кейіпкер түрғысынан қарайтыны бар: «Мениң жүзіме таңдану белгіш шыға келген болу керек, ол соны түсіне қалып...» немес «Көршім менің абыржып қалғанымды пайдаланып бастырмалатып кетті». Эрине, бұл көріністі өз көзімен де суреттеуі мүмкін еді. Бірақ контексте берілгеніне қарағанда, қарсыласының ұсақтығын былай қойғанда, не нәрсені болса да аңғарып, аңдып, байқап отыратын әдеттің де алдымызға тартады.

F. Мұсрепов айтыс кезінде де, әйгілі юмористік және сатириктік қасиетін мықтап сақтап отырады. Мұндағы юмор мен сатираның терендейтін соншалық, -женіл күлкіден бастап, сарказм мен кекесінге дейінгі мысалдарды аңғару қыын емес. Оны мына жайлардан да байқауға болады:

«Даугерімнің бір ерекшелігі - берілген жауапқа да, сұраққа да дұрыс-бұрыс деп тұрақтамайды. Мақұлдамайды да, дауласпайды да. Тез сырғып, екінші бірдемеге көшеді. Мен оны Раевский мен Андронниковқа қарай жетелегім келеді, ол аяғын бір басар емес. Лермонтов пен Мартыновтың тұстастары Булгаков пен Елагинге қарай тартып көріп едім, ол екеуінің аттары аталғанда, көршімнің тілі байланып қалды». «Гонконгтың аэропортында Мартыновтың шөбересі тұсуге жиналды. Мұндай көршімен айырылысқаным мен де өкінген жоқпын». Юмордың осындай түрлерінде жазушы құлқілі сурет жасайды да, оны көз алдыңызға көрнекті етіп алып келеді. Ал сатираның уыты одан терендеген сайын жазушының қарсыласын аяусыз шенейтінін оңай сезуге болады: «Ол маган Парижде француз тіліне аударылып шыққан «Қазақ солдатын» жіберуге үәде етті, кітапты жаяу почта арқылы жіберген бе, қалай, мен әлі күнге алғаным жоқ». Берген сертін орындалмайтын адамды бұдан артық мәдениетті түрде сынау қыын да болар.

Екеуара айтыс аяқталған кезде Мартыновтың шөбересі Парижде үлкен ресторанда Дантестың, кәдімгі А.С. Пушкинді өлтірген Дантестың, шөбересімен кездескендігін және онымен сөйлескісі келмей, жүріп кеткендігін айтады. Осыған орай F. Мұсрепов: «Лермонтовтың өлімінен «қолы таза» Мартыновтың шөбересі Пушкинді өлтірген залымның шөбересімен танысқысы келмей, тұрып жүре берген!» деп жазады. Сөйлем құрылымы жағынан республикалызың орталық, солтустік аймағында, жиі қолданылатын конструкция ретінде берілген. Нәктырақ айтқанда, «жүре бергені» тіркесімен тәмамдап отыр. Қалай болғанда да, сенімсіз нәрсені оқырманның алдына ұсынып, зор кекесін білдіреді. Демек, жағымсыз кейіпкердің тағы бір жиіркенішті қылышынан хабар береді.

Жекпе-жектің мазмұны мен мақсатына сай жазушының астарлауды да кірістіруі өте тиімді. Мәселен, «Бұған дейін сыпайы сөйлесіп отырган көршім әр сөйлемнің аяғына таяқтай қылышп бір леп белгісін қоя бастады». Ауызша сөйлеу ыңғайында тыныс белгісінің қойылмайтыны - сауатты адамның қай-қайсысына да белгілі жай.

Солай болғанына қарамастан, жазушы келтіріп отырған леп белгісі қарсыласының дәлелсіз жайларды сендеруге тырысып, екпіндей сөйлегенін байқатады. Сейтіл, жалған пікірді лепіре айтудың жарасымсыздығын, үлгісіздігін көрсетеді.

Жазушы сөз орайын келтіріп, ойын сатирамен беру арқылы үлкен философиялық, түйін жасайды. «Дүниеде тұл мен тұлдыр аз ба, соның бәрінің шіндегі ең бақытсызы да, тұлы да Отансыз үл емес пе!?» Мартыновтың шәбересі сияқты тәні орыс, жаны француз болып кеткен, сейтіл өз Отанына қайырымы жоқ, патриот дейтін үғымнан мұлде бейхабар азаматқа қарата айтылған мұндаи сөз жекпе-жекте нысанага тиген оқпен тең тәрізді көріне береді.

Түйіп айтар болсақ, Ф. Мұсрепов сияқты алып тұлғаның әлем төріндегі әдебиетке деген құрметі, оған деген сүйіспеншілігі және сол сезімдерді жеткізе білген шешендігі, қанды шайқаспен төле-тең жекпе-жек үстінде өзін үстай білген сабырлылығы, парасаттылығы, аңғарымпаздығы, білімпаздығы - тары басқа да халқының мақтан тұтарлық азаматына лайық асыл белгілер, басқа шығармаларымен бірге, жазушының осы «Аспанда болған жекпе-жегінде» ерекше көзге түседі.

II

Өмір заңдылығы сондай: әркім бұл дүниеге келеді, о дүниеге кетіл жатады. Дүниеге сәби келді деп қуанатыннымыз белгілі. Сәбілердің барлығы да жас перзент, нәресте ретінде бірдей бағалануы мүмкін. Ал о дүниеге аттаңған адамдардың беделі мен мерейі, атағы мен дәрежесі әр түрлі болып келетінін естіп те, көріп те жүрміз. Еңбегінің арқасында өмірден ерен орын алған тұлғаларды о дүниеге атандырарда қимайтыннымыз бесенеден белгілі. Бірақ, сол қимаушылық оның соңында қалған тірілердің баршасына ортақ қайғы, қиналыс қалдырағымен, сол сезімді жеткізу, олқылықтың орнын толтыруға тырысу, ел еңсесін көтеруге себеп болу жағына келгенде сөздің құдіретін, сөздің қуатын сезіну қыын емес.

Сол сөздің қуатын, құдіретін сездіру қабілеті әр түрлі болып келетін көпшілікке кеңінен мәлім. Бұл тұрғыдан алғанда, ана тіліміздің байлығы мен икемділігін, әуендейділігі мен әсерлілігін Фабит Мұсреповтей жеткізе білу мындардың ғана емес, миллиондардың бірінші ғана қолынан келетіні дау тудырмаса керек. Қазақтың қадірлі үлдарының қазасында сөйлеген оның сездері одан бері қанша уақыт өтсе де, халық, арасында жатталып, нақыл сездерге айналуда. Оның себебі - бұл сездердің ойнақылығында, тартымдылығында ғана емес, ең бастысы әйгілі жазушының парасат болмысы мен пайымдау шеберлігінің ғажайып үйлесім табуында.

Осы реттегі F. Мұсрепов сезінен бірнеше жайды байқауға болады. Алдымен, тиісті тұлғаның мәдениет пен әдебиеттегі немесе тарихтағы орнын атап көрсетеді. Мұның өзі барынша әділ, дәл және нақтылы дерегімен дәлелді болып жатады. Бір кереметі - Фабен мұндай реттерде де көркем сөздің майталманы екенін ешқашан естен шығармайды: «Хош, бол, Мұхтар! Сенің биік мұнараң жалғыз Қазақстаннан ғана емес, барлық совет халықтарының биік қырларынан көрініп тұрады. Сенің ең биік мұнараң - еңбегің дүние жүзіне түгел тараған. Өзіне - өзі жол салған атақты еңбегің бұдан былай да тарай бермек» («Мұхтар Әуезов туралы сез»). «Бір өзі бір библиотека кітап жазған, бір өзі бір елдің басынан кешкен бар дәуірін қамтуға құлаш үрган, әр дәуірдегі елдік-елдік тіршілігін, ой өрісін, сезім терендігін көрсете алған, теңдессері сирек кездесетін қалам еңбекшісі, көп ұлтты совет әдебиетінің алдыңғы қатардағы көрнекті жазушыларының бірі, атақты Сәбитпен, атақты Сәбит Мұқановпен қоштасқалы тұрган қаралы күніміз, өкінішті күніміз...» («Қанаттас бауырым, бақыл бол!»). «Сәбит - қазақ совет әдебиетін, сонымен бірге, барлық, көп ұлтты совет әдебиетінің тас іргесін қолынан қаласқан жазушы!» (сонда).

Қайғы үстінде F. Мұсрепов кім-кімді де ойландырар, жігерлендірер, еріксіз бас шүлғытар философиялық, толғаныстарды көкейге қонымды етіп береді: «Ат тұяғын тай басар» дейтін ескі нақыл көркем өнер дүниесіне заң

емес. Бір жазушының орнын екінші жазушы баса алмайды, әрбір жазушы өз орнында бағалы» («Мұхтар Әуезов туралы сез»). «Көркем сөз сүйкта да өседі, ыстықта та өседі, күндіз де өседі, түнде де өседі. Тек ақ мамық төсекте өспейді, әлпештеген алақанда өспейді. Сынсыз өспейді, талас-тартыссыз өспейді. Кейде қате, кейде бата тисе де, бұл екеуі - әдебиет өсуінің негізгі шарты» («Қанаттас бауырым, бақыл бол!»). «Өлім туралы айтылар сөздің бәріде ауыр, қиналып айтылатын сөздер» (сонда).

Жазушы халық, қадірлісі санаған, әдебиет майданындағы ерекше таланттарға табындырар сөздіде, мейлінше салмақты, салихалы айтады: «Бетке ұстасақ - беделің қандай еді, арқаға ұстасақ - панаң қандай еді» («Мұхтар Әуезов туралы сез»). «Жазушы Сәбит Мұқановтың қаламынан туған, еңбектер - өз алдына бір энциклопедия! Сәбіттің оң қолы ақ, қағаздың бетінде миллиондаған километр сапар шекті» («Қанаттас бауырым, бақыл бол!»). «Сөзі мен ісінің, уәдесі мен орындалуының арасында шалғайлышы жоқ, шалағайлышы да жоқ азамат екінің бірі емес, әрине... Ешкімнен алғыс та күтлейді, ешкім оған қарыздар да емес. Қайта, алғыс айта бастасаң, қысылып қалады. Марқұм Ілияс Омаров осындағы азамат еді» («Адал да әділ сыншы еді»).

Ұлы тұлғалардың адамгершілік тұлғасын дәп басып айтқанның өзінде эмоциональдық, сөздерді ерекше бір қысындымен қолданады: «Сағынар кезіміз, іздер кезіміз, жоқтар кезіміз аз болмас, таба алмаспыш бірақ» («Мұхтар Әуезов туралы сез»). «Еркелеткениңізді де сағынармыз, үрысқаныңызды да сағынармыз» (сонда). «Тазалықтанғана, бауырмалдықтанғана, айрылмас-бұлтармас мейірімділіктенғана жарапғандай, азамат арына - адамгершілікке, әділетке, жолдастыққа, достыққа кір жүқтыврмай өткен бір адам Ілиястай-ақ болар» («Адал да әділ сыншы еді»).

Екінші немесе үшінші кезектегі міндет деп қарастырмай F. Мұсреповтің азалы сөзге ерекше мән бергені айқын анғарылады. Оны әрбір сөйлемінен, әрбір сөзінен байқауға болады. Мұнда тілдік құралдардың барлығы

дерлік өз орнымен қатынасып отырады. Құрмалас сөйлем дейсіз бе, жай сөйлемнің түрлері дейсіз бе, жай сөйлем ішіндегі сөйлем мүшелерінің әр түрлі орналасу реттері дейсіз бе - осының барлығына мысал табылады. Сондай-ақ синонимдер, омонимдер, антонимдер, әсіресе, метафораның түрлері F. Мұсрепов шығармашылығының сөз болып отырған саласында да мол ұшырасады.

Ең бастысы - F. Мұсреповтің сөздері мыңдарға мазмұнымен әсер етіп көпшіліктің жадында берік сақталуымен бірге, өзінің ізбасарларына да күні бүтінге дейін моральдық, жағынан зор ықпал етуде. Мәселенің осы жағын жайшылықта ескере бермейтініміз өкінішті. Мәселен, академик Ә. Марғұлан сыншы Е. Ысмайловтың қабірінің басында тебірене пікір айтқан еді. Ол: «Есетті (ол үрпақ Е. Ысмайловтың есімін солай атайды) табиғат та, тағдыр да аямады, көп ойын қара жер қойына ала кетті» деп тебіренгенде, жиналган талай адамдардың жанарына жас келген еді. Бір таңданарлығы - «Қазақ әдебиетіне» жарияланған осы азалы пікірді айтуга да тыйым салынғаны деп білу керек. Сол сияқты, академик М. Қаратаев белгілі сыншы Т. Нұртазиннің қабірінің басында жиналғандарды үйітқан сөз сөйлем еді. Ол сөзінде М. Қаратаев Т. Нұртазиннің Ленинградтағы оқу кезіндегі ыждағаттылығына, зеректігіне, алғырылығына ерекше тоқталған. «Бізден екі-үш жас үлкендігіне қарамастан, - деген еді М. Қаратаев. - Темірғали бізге ағамыздай үлгі болды, көп мәселелерден, әрине, әдебиеттің тарихы мен теориясынан, қызықты әңгіме айтатын». Өкінішке орай, Мұқаның бұл сөзі не газетте жарияланған жоқ, не М. Қаратаевтың, не Т. Нұртазиннің жинақтарына да кірген жоқ. Бұл да түсініксіз. Өйткені, тиісті адамдарды бір сәтте мадақтап, жақсылығын басқаларға үлгі етіп, одан кейін ұмыт қалдырудың өркениетті елдің әдетіне жатпайтынын ескерген жөн болар.

Пікіріміздің басталуына оралар болсақ, Фабит Мұсрепов шешенендігінің бір қыры өзгелерге де өнеге болып, жалғаса берері сөзсіз.

МАЗМҰНЫ

Алғы соз.....	3
F. Мұсрепов тіл туралы.....	5
F. Мұсреповтің тілі туралы.....	39
F. Мұсреповтің шешендейк онері.....	102

Зерттеу

Серғалиев Мырзатай

Ғабит Мұсрепов және тіл мәдениеті

Кітаптың шығуына жауапты баспа пәндиры

F.M. Жолдасбекова

Редакторы *M. Жұманазарова*

Көркемдеуші редакторы, дизайнері *B.Жапаров*

Техникалық редактор, макетші *C.Жапарова*

Корректор *Ж. Сейтқасымова.*

ИБ№009

Басуға 18. 11. 2003, қол қойылды. Пішімі 84x108/32.

Басылымы оффсеттік. Қағазы оффсеттік. Фарып түрі «Baltica».

Баспа табагы 7,0. Шартты баспа табагы 11,76. Есептік баспа табагы 5,8.

Тараалымы 2000 дата. Тапсырыс №1251

«Күлтегін» баспасы. Астана қаласы.

Мұддайласов көшесі 3 - үй.

Дайын диапозиттерден ЖШС “Жедел басу бастағанасында” басылды.

480016, Алматы қаласы, Д. Коняев көшесі, 15/1.

2000,00,



0000282